Шынында да Мәскеу келіссөздері жүріп жатқан кезде осыдан бұрын Кеңес үкіметімен жасырын бірқатар мәселелерді шешкен Германияның сыртқы істер министрі И.Риббентроп Мәскеуге келді. Дәл осы күні Кеңес үкіметі Англия және Франция делегацияларымен келіссөздерді доғарып, Германиямен шабуыл жасаспау туралы 10 жылдық пактіге қол қойды [8]. Дүние жүзін таңқалдырған бұл шарттың «құпия хаттамасы» болған. Ол бойынша Эстония, Латвия, Литва, Финляндия, Бессарабия және Польшаның шығыс аймақтары Кеңес Одағының ықпалына көшетін болды. Сөйтіп осы шарт негізінде КСРО мен Германия Шығыс және Батыс Еуропаны өздерінің экспансиялық пиғылдарына қарай бөліске салған. 1939 ж. 23 тамызындағы кеңес-герман пакті сол күні күшіне енді. Осыған байланысты Мәскеудегі кеңес-ағылшын-француз келіссөздері мағынасын жоғалтып, нәтижесіз аяқталды. Осындай КСРО-ның екіжүзділік саясатына байланысты Еуропадағы коллективтік қауіпсіздік жүйесін құру үшін жүргізілген жұмыстар сәтсіздікке ұшырады.

Кеңес-герман шартынан кейін 1939 ж. 1 қыркүйекте Германия Польшаға шабуыл жасауына байланысты Польшамен өзара көмектесу жөнінде шарты бар Англия мен Франция Германияға қарсы соғыс жариялады. Бұл оқиғалар Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы еді [9]. Әрине, оның басталуы кеңес-герман шартының құпия хаттамаларындағы келісімдерімен тікелей байланысты болғаны қазіргі уақытта толық дәлелденді.

Англия мен Франциядан нақты көмек алмаған поляк армиясы, қанша ерлік көрсетсе де, шегінуге мәжбүр болып, Польшаның бірқатар жерін немістер басып алды. Дәл осы уақытта «бауырлас украин және белорус халықтарына көмек көрсету керек» деген сылтаумен 17 қыркүйекте Қызыл Армия Польша жеріне кіріп, Батыс Украина және Батыс Белоруссияны басып алды [10]. Кеңес әскерлеріне қарсылық көрсетпей, өз еркімен берілген поляк армиясының 450 мың адамының көпшілігі концлагерлерге қамалды. Олардың ішінен іріктеліп алынған 21 мың офицерлер 1940 ж. арнайы шешіммен атып өлтірілді [11].

Осылай Польшаны екіге бөліп басып алған КСРО мен Германия 1939 ж. 28 қыркүйегінде «Достық және шекара туралы шартқа» қол қойды. Ол бойынша Батыс Украина мен Батыс Белоруссия Кеңес Одағының құрамына кіретін болды.

Енді құпия хаттаманың ерекшеліктеріне сәйкес Кеңес Одағы Балтық жағалауындағы мемлекеттерге саяси қысым көрсете бастады. Нәтижесінде КСРО Эстония, Латвия және Литваны өзара көмектесу туралы шарттарға қол қоюға мәжбүр етуіне байланысты, бұл мемлекеттердің территориясына Қызыл Армия енгізілді. Енді онымен еріп келген кеңес агентурасының адамдарымен бірге жергілікті коммунистер ерекше белсенділік көрсете бастады [12].

1939 ж. жазы мен күзінде кеңестік ақпарат құралдары Финляндия жағынан КСРО-ға қауіп төніп келе жатыр деген хабарды көп бере бастады. Ал өнеркәсіп орындарында мекемелерде «Финляндияны жазалау керек» деген ұрандармен көптеген митингтер өткізілді. Бұл шаралар Финляндияға қарсы агрессия ұйымдастырудың саяси-идеологиялық негіздері еді. Мақсаттары осы мемлекетті талқандап, онда билікке коммунистерді әкелу еді.

1939 ж. 31 қазанында КСРО басшылары Финляндия үкіметіне шекараны фин жағына 70–80 км жылжыту және шекараны демилитаризациялау туралы қатал талап қойды. Әрине, бұл талаптарды Финляндия үкіметі орындамады. Осыдан кейін «финдер жағынан шекарада арандатушылық болды» деген сылтаумен Кеңес үкіметі 30 қарашада Финляндияға қарсы соғыс ашты. Ертеңіне кеңестік газеттер «Финляндияда еңбекшілердің көтерілісі басталып, О.Куусинен басқарған халық үкіметі құрылды» деген жалған материалдарды басып шығарды.

Батыста КСРО-ның бұл соғысты бастағаны ерекше наразылық туғызды. 1939 ж. 14 желтоқсанында көрші мемлекетке агрессия жасағаны үшін Ұлттар Лигасы Кеңес Одағын өзінің қатарынан шығарды. Кеңес-фин соғысының басында Қызыл Армия финдердің шекарада салған «Маннергейм бекініс линиясын» ала алмай көптеген шығынға ұшырады. 1940 ж. 12 ақпанында басталған кеңес әскерлерінің екінші шабуылы кезінде ғана аталған бекініс линиясы алынды. Бірақ Батыстағы наразылықты және фин үкіметінің ұсыныстарын есептеп, Кеңес үкіметі 1940 жылдың 12 наурызында Финляндиямен бейбітшілік шартына қол қойды. Ол бойынша Карелияның бір бөлігі және бірнеше аралдар КСРО жағына берілді. Дегенмен 105 күнге созылған соғыста Қызыл Армияның қабілетінің төмендігі байқалды. Оның жалпы адам шығыны орасан зор болып 333 мыңға жетті. Оның ішінде 65 мың қаза тауып, 20 мың тұтқынға түсіп, 200 мыңнан астамы жараланды [13]. Әрине, бұл соғыста Кеңес Одағы өзін нағыз агрессияшыл мемлекет ретінде көрсетті. Шартқа қол қойылса да, Финляндия КСРО-ға сенбеушілікпен қарады. Сондықтан финдердің 1941 ж. Германияны жақтап шығуы ешкімді таң қалдырмады.

Бұл кезде Балтық жағалауындағы мемлекеттердегі саяси жағдай күрделене түсті. Өйткені КСРО басшылары бұл территорияда «революциялық ахуал қалыптасты» деген желеумен жергілікті коммунистерді қолдап, оларды заңды үкіметтерге қарсы айдап салды. Ең соңында 1940 ж. маусым айында Қызыл Армияға сүйенген жергілікті коммунистік партиялар Эстония, Латвия және Литвадағы заңды үкіметтерді құлатып, өздерінің «халық үкіметтерін» құрды. Коммунистер және кеңес агенттері ұйымдастырған сайлауда Литва мен Латвияның Сеймдері және Эстонияның Мемлекеттік думасы сайланып, олар осында Кеңес үкіметін жариялап, КСРО құрамына кіру туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, КСРО осы мемлекеттерді 1940 ж. тамыз айында одақтас республикалар ретінде өзіне қосып алды.

Осыдан кейін Кеңес Одағының шекарасы тағы өзгертілді. 1940 ж. маусым айында КСРО үкіметі Румынияға Бессарабия мен Солтүстік Буковинаны КСРО құрамына беру туралы ультиматум жолдады. Осындай қысымның нәтижесінде шілде айының басында Бессарабия Кеңестік Молдавияның, ал Солтүстік Буковина Кеңестік Украинаның құрамына біріктірілді [14].

Сөйтіп, 1939–1940 жж. экспансиялық саясат негізінде Кеңес Одағы өзінің құрамына Эстония, Латвия, Литва, Бессарабия, Солтүстік Буковина және Финляндияның бір бөлігін қосып алды. Осының негізінде КСРО-да жаңа Молдаван және Карел-Фин одақтас республикалары құрылды. Жаңа территориялардағы миллиондаған адамдар «ұлтшылдар», «буржуазиялық интеллигенция» деген желеумен КСРО-ның шығыс аймақтарына депортацияланды. Осыдан кейін бұл жерлерде «кеңестік социализм» моделі құрыла бастады. Әрине, жергілікті халықтың пікірімен ешкім есептескен жоқ. Осыған байланысты Батыс Украина мен Литвада Кеңес үкіметіне қарсы қарулы күрестің басталуы заңды құбылыс еді.

1939 ж. тамыз шартынан кейін кеңес-герман қатынастары ерекше дамып, екі тоталитарлық мемлекет бір-біріне түсіністікпен қарай бастады. Осы жылдың желтоқсан айында өзін 60 жылдығымен құттықтаған герман үкіметіне жауап ретінде Сталин «қанмен бекіген Германия Кеңес Одағы халықтарының достығы ұзақ болуына барлық негіз бар» деп айтуы таңғалдырарлық болса да, мойындайтын дәлел сияқты. Ал кеңестік ақпарат құралдары Германия француз және ағылшын агрессорларына қарсы күрес жүргізіп жатқан «ұлы бейбітшілік держава» ретінде көрсетіп жатты. КСРО мен Германия 1940 ж. 11 ақпанында экономикалық қатынастар туралы келісімге қол қойды. Жалпы 1939–1940 жж. Германиядан Кеңес Одағына 462 млн марка тұратын техникалық және әскери құралдар келсе, КСРО-дан Германияға 1 млрд маркаға әр түрлі шикізат жіберілді [15].

Кеңес Одағы өзінің экспансиялық саясатын іске асырып жатқан кезде Еуропада Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатты. Польшаны КСРО мен бөлісіп алған Германия 1940 ж. көктемінде Данияны, Норвегияны, Бельгияны, Голландияны және Люксембургті басып алды. Ал маусым айында Францияны талқандап, Компьенде Петен үкіметін капитуляцияға қол қоюға мәжбүр етті. Сонымен қатар соғыс Солтүстік Африкада жалғасын тапты. Ал герман авиациясы Англия территориясын кең түрде бомбалауға кірісті.

1940 жылдың 27 қыркүйегінде Берлинде Германия, Италия және Жапония кірген әскери блок құру туралы шешім қабылдады. Осы үштік одақ негізінде Германия мен Италия Еуропада, Таяу Шығыста және Африкада «жаңа тәртіпті» орнатуды, ал Жапония Азияда өз үстемдігін қалыптастыруды жоспарларды.

Осы жылдың қараша айының 12–14 арасында В.Молотов КСРО-ның үштік одаққа кіруі туралы Берлинде келіссөздер жүргізді. Соның нәтижесінде Кеңес үкіметі өзінің меморандумында одақтастардың алдында мынандай талаптарды орындауды талап етті:

1. Парсы шығанағына дейінгі жерлер КСРО ықпалында болуы.
2. Неміс әскерлерінің Финляндиядан кетуі.
3. Болгарияның КСРО протекторатына көшуі.
4. Жапонияның Сахалиннен бас тартуы.

Осы ұсыныстарды орындаған жағдайда ғана Кеңес Одағы блокка кіретіндігін анық байқатты. Бірақ КСРО-ның бұл империялық талаптары жауапсыз қалды [16].

Осы кезден бастап кеңес-герман қатынастарында қайшылықтар байқала бастады. Олар Швецияның бейтараптылығы, Болгарияға неміс әскерлерінің кіргізілуі, 1941 ж. көктемінде Германияның Югославия мен Грецияны оккупациялауы т.б. проблемаларға байланысты болды. Енді 1939 ж. шарттың «күпия хаттамаларының» бірқатарын іске асырған КСРО мен Германияның арасындағы қайшылықтар күшейе түсті. Дүние жүзіне өздерінің үстемдіктерін орнатқысы келген екі тоталитарлық держава алдағы соғысқа дайындықтарын жедел жүргізе бастады.

1940 ж. 18 желтоқсанында Гитлер № 21 директиваға қол қойды. Бұл Кеңес Одағына қарсы басталатын соғыстың «Барбаросса» атты жоспары еді. Германия жағынан соғыс қаупінің төнгенін байқаған Кеңес үкіметі бірқатар келіссөзден кейін 1941 ж. сәуір айында Жапониямен шабуыл жасаспау туралы шартқа қол қойды [17]. Осы оқиғаны кеңес дипломатиясының белгілі жетістігі ретінде қарауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 История СССР: учебник для студентов / Под ред. Н.Е. Артемова. — М.: Высш. шк., 1982. — 142 с.
- 2 Сборник документов по истории СССР для семинарских и практических занятий. Эпоха социализма. — Вып. 3. 1933–1940 гг.: учеб. пособие / Под ред. В.З. Дробижина. — М.: Высш. шк., 1980. — 16 с.
- 3 Новейшая история Отечества. XX век: учебник для студентов вузов: В 2 т. — Т. 1 / Под ред. А.Ф.Киселева, Э.М.Щагина. — М.: ВЛАДОС, 1998. — 481 с.
- 4 Берхин И.Б. История СССР: Советский период: учеб. пособие. — М.: Высш. шк., 1987. — 285 с.
- 5 История СССР. Эпоха социализма: учебник / Под ред. Ю.С.Кукушкина. — М.: Высш. шк., 1985. — 253 с.
- 6 История СССР. Эпоха социализма / Под ред. С.А.Сераева: учеб. пособие. — М.: Просвещение, 1977. — 291 с.
- 7 История отечества. Очерки истории Советского государства / Сост. В.А.Козлов. — М.: Политиздат, 1991. — 366 с.
- 8 История внешней политики СССР (1917–1945). — Т. I. — М.: Наука, 1986. — 385 с.
- 9 Орлов А.С., Георгиев В.А., Георгиева Н.Г., Сивохина Т.А. История России: учебник. — М.: Проспект, 1977. — 413 с.
- 10 Виноградов В.И. и др. История СССР в документах и иллюстрациях (1917–1971 гг.). — М.: Просвещение, 1973. — 194 с.
- 11 Верт Н. История Советского государства. 1990–1991 / Пер. с фр. — 2-е изд. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 292 с.
- 12 История России: В 2 т. — Т. 2. С начала XIX в. до начала XXI века / Под ред. А.Н.Сахарова. — М.: Астрель, 2006. — 630 с.
- 13 Адамбек Б.К. 1939–1940 жж. Кеңес-Финляндия соғысы туралы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, философия сер. — 2012. — № 2. — 17–18-б.
- 14 Соколов А.К. Курс советской истории. 1917–1940: учеб. пособие для вузов. — М.: Высш. шк., 1999. — С. 244, 245.
- 15 Новейшая отечественная история. XX.: учебник для студентов вузов / Под ред. Э.М.Щагина, А.В.Лубкова: В 2 кн. — Кн. 2. — М.: ВЛАДОС, 2004. — 86 с.
- 16 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: оқу құралы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 153 б.
- 17 История второй мировой войны. 1939–1945: В 12 т. — Т. 3. — М.: Воениздат, 1973. — 355 с.

Б.К.Адамбек

Международное положение и внешняя политика Советского Союза в 1930–1941 гг.

В статье исследованы международное положение и внешняя политика СССР в 1930–1941 гг. С достижением в этот период значительных экономических успехов у Советского Союза появилась возможность проведения активной внешней политики. Опираясь на многие источники, автор показывает, как в 1930–1941 гг. Советский Союз проводил на международной арене агрессивную политику, присоединив к себе новые территории, подписав с фашистской Германией пакт на 10 лет, по которому Европа фактически была разделена на сферы влияния. Такая политика двух держав привела, в конечном счете, к началу Второй мировой войны. В связи с этим в экономике Советского Союза стали проявляться свои особенности — шаги к милитаризации, что способствовало ухудшению социального положения народов СССР.

B.K.Adambek

At the beginning of the 1930–1941 years, the international situation and foreign policy of the Soviet Union

The article examines the international situation and foreign policy of the USSR in 1930–1941. With the achievement of significant economic progression this period the Soviet Union gained an opportunity to pursue an active foreign policy. Based on many sources, the author shows how the Soviet Union carried out in the international arena an aggressive policy in the 2nd part of 30's and early 40's, new territories, signed a pact with Nazi Germany for 10 years, by which Europe has actually been divided into spheres of influence, and that such policy of two powers, led, eventually, to the II World War. In this regard, the economy of the Soviet Union began to show their own characteristics, the Soviet economy began to show steps toward militarization, all contributed to the worsening of the social situation of the peoples of the USSR.

References

- 1 *History of the USSR*: textbook for students, edit. N.Ye.Artemov, Moscow: Vysshaya shkola, 1982, 142 p.
- 2 *The collection of document son the history of the Soviet Union for seminars and workshops. The era of socialism*: 3, 1933, 1940: textbook, edit. V.Z.Drobizhev, Moscow: Vysshaya shkola, 1980, 16 p.
- 3 *The recent history of the Fatherland. XX Century*: textbook for students of universities: 2 vol., 1, edit. by A.F.Kiselev, E.M.Shchagin, Moscow: VLADOS, 1998, 481 p.
- 4 Berkhin I.B. *History of the USSR: Soviet period*: tutorial, Moscow: Vysshaya shkola, 1987, 285 p.
- 5 *History of the USSR. The era of socialism*: textbook, edit. by Yu.S.Kukushkin, Moscow: Vysshaya shkola, 1985, 253 p.
- 6 *History of the USSR. The era of socialism*, edit. S.A.Serayev: tutorial, Moscow: Prosveshchenie, 1977, 291 p.
- 7 *History of Fatherland. Essays on the History of the Soviet Union* (edit. by V.A.Kozlov), Moscow: Politizdat, 1991, 366 p.
- 8 *History of foreign policy of the USSR (1917–1945)*, 1, Moscow: Nauka, 1986, 385 p.
- 9 Orlov A.S., Georgiev V.A., Georgieva N.G., Sivohina T.A. *History of Russia*: textbook, Moscow: Prospect, 1977, 413 p.
- 10 Vinogradov V.I. et al. *History of the USSR in documents and illustrations (1917–1971)*, Moscow: Prosveshchenie, 1973, 194 p.
- 11 Vert N. *History of the Soviet Union. 1990–1991. Tr-ion from French. — 2nd edition*, Moscow: Progress-academy, 1995, 292 p.
- 12 *History of Russia*: in 2 volumes. From the beginning of XIX century till the beginning of XXI century, edit. by A.N.Sakharov, Moscow: Astrel, 2006, 630 p.
- 13 Adambek B.K. *Bull. of the University of Karaganda. Series of historical, philosophy*, 2012, 2, p. 17, 18.
- 14 Sokolov A.K. *The course of Soviet history 1917–1940*: tutorial for universities, Moscow: Vysshaya shkola, 1999, p. 244–245.
- 15 *The recent history of the Fatherland. XX century*: textbook for students of higher education institutions, edit. by E.M.Shchagin, A.V.Lubkov: in 2 books, 2, Moscow: VLADOS, 2004, 86 p.
- 16 Adambekov B.K. *Russian Empire of the 20th century, the history of the Soviet Union and the CIS*, tutorial, Karaganda: publ. house of KSU, 2005, 153 p.
- 17 *The history of the Second World War, 1939–1945*: in 12 volumes, 3, Moscow: Voenizdat, 1973, 355 p.

М.С.Амрина, З.С.Шеримбетова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: ziyadasherimbetova@mail.ru)*

Қазақ ұлттық кино өнерінің қалыптасуы мен дамуы (1991–2010 жж.)

Мақалада Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жылдардағы киноөндірісінің даму ерекшеліктеріне талдау жасалған. Сонымен қатар қазақ кинематографиясының даму мәселесі посткеңестік кезеңдегі Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерімен салыстырмалы тұрғыда зерттеліп, әлемдік киноөндірістегі орны айқындалған. Авторлар қазақ кино өнерінің даму ерекшеліктерін талдай келе, оның дамуы Ресей, Орталық Азия және алыс шетел мемлекеттеріндегі киноөндірісімен байланысты деген қорытындыға келген. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдардағы қазақ киносы бірнеше батыл қадамдар жасады және қазіргі таңда дамудың позитивтік жолында деген баға берілген. Соңғы жиырма жыл көлемінде қазақ киносы танымастай өзгерді. Сондықтан да қазақ кинематографиясының тарихын, қалыптасуын, дамуын зерттеу қазіргі заман талабына сай және оларды тыңғылықты зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп көрсетеді. «Жаңа толқын киносы» кезеңін авторлар шебер талдау арқылы оқырманға жеткізеді.

Кілт сөздер: кинематография, фильмдер, қазақ киносы, өнер, мәдениет.

Кенес үкіметі дәуірінің кезеңі өтіп, жаңа қоғам орнаған тұста кино өнері саласында да жаңа нарықпен қосарлана келген көп жаңалықтың бірі — жеке шығармашылық кинобірлестіктердің құрыла бастауы. Бұл — ұлттық киноөндірісіміздің сапасы мен сандық деңгейіне тікелей әсер етті. 1990 жж. тұсын ұлттық киномыздың әлемдік деңгейге көтерілген аса бір нәтижелі кезеңі ретінде жоғары бағалауға болады. Бұл жылдары «Жаңа толқын» режиссерларының фильмдерінің көпшілігі әлемдік деңгейдегі дәрежелі халықаралық кинофорумдар мен фестивальдарға қатыса бастады. Токио, Сан-Франциско, Турин, Стамбул, Париж, Бонн, София, Пекин, Вена, Брюссель, Будапешт, Карловы Вары, Москва және тағы басқа да бірқатар қалаларда қазақ киносының күндері өтті. Әлем біздің киномызды таныды. Көріп қана қоймады, аса жоғары бағалап, қазақ киносының өзіндік ерекшеліктерін мойындай бастады. Бельгия, Франция, Австрия, Ұлыбритания сияқты зор қуатты киноиндустриясы бар мемлекеттер ендігі жерде жаңа инвестиция тұрғысынан қазақ киносына бет бұрды. 2001 ж. Нант қаласында (Франция) ұйымдастырылған «Үш континент фестивалінде» қазақ киносының фильмдері бойынша арнайы бағдарлама өтті [1].

Қазақ киносының даму тарихында өндірістік нәтиже (сандық көрсеткіш тұрғысында) және киношығармалардың мазмұндық тереңдігі (сапалық көрсеткіші) жағынан да алып қарар болсақ, өрлеу жылдары мен тоқырау кезеңдері үнемі алмасып отырғаны белгілі. Бұл сипат қазақ киносының аталып отырған қазіргі жағдайына да тән құбылыс болып отыр.

1990 жж. тұсында жеке киностудиялардың саны шамамен 30-ға жетті. Бұл киностудиялар мен кинобірлестіктердің экономикалық мүмкіндіктері әзірге тек шағын бюджеттік авторлық фильмдер өндірісі төңірегінде ғана еді, сол себептен де осы жылдары экранға көптеп шығып жатқан фильмдердің біразы аз да болса мемлекет тарапынан да қосымша қаржыландырылып отырды. Мемлекеттік қаражат және жеке киностудиялар бірлестігі нәтижесінде 1990 ж. 14 көркем туынды экранға шықты (12 фильм жеке киностудиялар үлесінде, ал 2 фильм мемлекет тарапынан қаржыландырылды). 1991 ж. көлемінде экранға 18 көркемсуретті фильм шыққан болса, оның тең жартысы жеке киностудиялардың үлесінде. Бұдан былайғы жылдарда да жеке киностудиялар өндірісі мемлекеттік қаржыландырулармен тепе-теңдікте болды, тіпті кей тұстарда басымырақ болды деуге дәлел бар: 1992 ж. 12 толықметражды көркемсуретті фильмдердің ішінде 10 фильм, ал 1993 ж. экранға шыққан 15 көркемсуретті фильмнің ішінде 13 фильм жеке киностудиялардың үлесінде. Қоғамдағы экономикалық қатынастардың өзгеруі Қазақстан киноөндірісіне тоқырау кезеңін әкелді [2; 152].

1991–1997 жж. тәуелсіздіктің алғашқы жылдары отандық кинематография үшін маңызды жылдар болды. Бұл ең алдымен посткеңестік комплекстер мен посттоталитарлық синдромдарды құрту кезеңі болды.

Бұл кезеңнің картиналарында кеңестік биліктің орнауы туралы шындық айтылған. Көп жылдар бойы ресми кеңестік идеология айтылмаған, ұжымдастыру кезеңіндегі, Ұлы Отан соғысы, сталиндік репрессия жылдарындағы барлық фактілер осы кезеңнің ең жақсы деген тақырыптарында көрініс тапқан. «Суржекей — ангел смерти», «Жизнеописание юного аккордеониста», «Любоед» фильмдерінде Орталық Азия аймағы халықтарының кеңестік замандағы қайғылы жағдайлары бірінші рет көрсетілген [3].

Тарихи әділеттілікті де қайта қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлінді. Кеңестік кинематографиялық тарихнаманың жетпіс жылдығынан кейін Қазақстанның кинематографистеріне өздерінің елдері мен аймақтарының тарихындағы маңызды деген тарихи тұлғалары туралы айтуға мүмкіндік туды, сонымен қатар тарихтың өзгерісті кезеңдері туралы айтуға үлкен мүмкіндік туындады. Мұндай міндетті «Гибель Отрара», «Батыр Баян», «Юные годы Абая», «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу», «Юность Жамбыла» және т.б. фильмдерін құрастырушылар алға қойған еді.

Бұл жылдары ұлттық сәйкестілікті іздестіру белсенді түрде жүрді, сондықтан қашу, шексіз жол, Жерұйықты іздеу сарындары көптеп кездесті («Путешествие в никуда», «Айналайын»). Туған үйді сезіну әлі де әлсіз, сондықтан картинаның аты да — «Где твой дом, улитка?», «Квартирант», «Шанхай». Отбасының қалыптасу процесі көрсетілген бірде-бір картина жоқ. Керісінше, әлі де отбасыны бұзу тақырыбы кездеседі. Әсіресе «Голубиный звонарь», «Разлучница», «Сон во сне» фильмдерінде көрініс тапқан [2; 152].

Фильмдердің бір бөлігінде кеңестік биліктің соңғы жылдарындағы оқиғалар мен көңіл-күй көрінсе, ол жерде тоталитаризмнің алауыздығы, билігі мен құлауы айқын көрінген — «Любовники декабря», «Аллажар», «Последние каникулы». Әсіресе осы кезеңде кинематографияда ұлтшылдық пен космополитизм, гибридтілік пен түпнұсқалылық идеялары арасындағы шығармашылық даулар анық бейнеленеді. Режиссерлардың бір бөлігі картиналарда қайта құру рухындағы фильмдерді түсірсе, екінші бөлігі ұлттық түпнұсқалылық ортаны белсенді түрде қалыптастыра бастайды.

Картиналар өз заманының рухы мен көңіл-күйін көрсетеді. Жалпы алғанда, әр кезеңдегі фильмдерде Қазақстанның 1990 жж. басындағы тәуелсіздік алуы, 1997–1998 жж. шешілмеген әлеуметтік және экономикалық мәселелерден туындаған күйзеліске дейін байқалады. Бұл күйзеліс максималды деңгейде Дарежан Өмірбаевтің «Киллер» фильмінде көрініс тапқан, ол 1998 ж. Канн кинофестивалінде «Особый взгляд» бағдарламасының бас жүлдесін жеңіп алған [4].

90 жж. екінші жартысынан бастап басқа бағыт басталады — әрбір режиссер мәдени өз тағдырын шешудің жеке өзіндік бағдарын қармалап табуға тырысады. 1998 ж. бастап қазақстандық кинематографияда, киноларда жағымды құндылықтарды орнатуға деген айқын бұрылыс байқалады, жалпы қоғамдағы жағдайдың тұрақтануы және отбасының қалыптасуы көріністері фильмдерде орын ала бастайды. Сірә, бұл неге дәл 1998 ж. біздің еліміздің жаңаша тарихындағы өзгерісті кезеңі болғанын түсіндіруге экономистер мен социологтардың алдында тұрған міндет. Бірақ кинематографияда бұл Орталық Азия аймағындағы барлық бес елде бір уақытта тегіс орын алды. Бұған куә — заманауи шындықтың оң бағасын теріске өзгертетін белгілі картиналардың пайда болуы. Қазақстанда бұл фильмдер Серік Апрымовтың «Ақсуат» фильмі, Қырғызстанда Актан Абдыкалыковтың «Бешкемпир» фильмі, Тәжікстанда Джамшет Усмоновтың «Повет пчелы», Өзбекстанда Юсуп Разыковтың «Оратор» фильмі. Тек Түркіменстанның киносы ғана мұнда қосылмайды, бұл елде Керим Аннановтың «Роваят» картинасы жарыққа шығады [5; 73], бұл жерде, керісінше, қоғамның басты ұясы ретінде отбасының құлауы көрсетілген.

Жаңаша заманның фильмдерінде айтарлықтай өзгерістер туындады:

1. Үй мен отбасының жағымды бейнелері қалыптаса бастады. Бір қызығы, барлық негізгі оқиға қаладан дәстүрлі кеңестік — ауыл мен қыстаққа ауысқан. Ғасырлар бойғы халықтың ғұрыптық өмірі мен салт-дәстүріне сүйене отырып, режиссерлар дәстүрлі мәдениеттің ерекше әлемін қайта жаңғырта бастады. Фильмдерде бірнеше ұрпақтардан тұратын — әжелер мен аталар, немерелер мен шөберелер бар үйлесімді отбасылар пайда бола бастады [6]. Мұндай фильмдерді түсініп қабылдай бастады, сонымен бірге, ақыры, біздің шынай өміріміз бен менталитетімізді көрсететін фильмдер түсіріле бастады. Бұған таң қалатын ештеңе жоқ, себебі отбасы қоғамның негізгі әлеуметтік капиталы болған және болып қала береді, әсіресе бізде, Орталық Азияда.

2. Алайда толық үйлесімділікке жетуге әлі алыс. Кинематографиядағы көрініс тапқан қоғам өмірінің айқын индикаторы — бақытсыз балалардың бейнелері. Фильмдерде біз тағдыры ауыр балаларды көреміз, әсіресе қазақ киносында. С.Апрымовтың «Три брата», Р.Кимнің «Подсолнухи», А.Қарақұловтың «Жылама!» фильмдерінде балалар қаза болады, бұл режиссерлардың халықтың

болашағы жоқтығы ойларын көрсетеді [6; 68]. Әкесіз, анасыз толық емес отбасыда өмір сүріп жатқан балалар бейнеленген картиналар әлі де көп. Әсіресе бұл қарастырылып отырған кезеңдегі өзбек және тәжік киноларында қатты байқалады. Тастандылар мен асырап алынғандар сарыны күштірек. «Шиза», «Охотник» фильмдерінің кейіпкерлері осындай. Бұның бәрі болашақтың бұлыңғырлығын және болашақты құруға деген ұмтылыстың жоқтығын көрсетеді.

3. Егер 1991–1998 жж. аралығында қазақстандық, Орталық Азиялық кинематографтан ана бейнесі толық жоғалып кетсе, 1998 ж. өзгерістер кезеңі туады. Экрандарда біздің ділімізде маңызды Отан нышаны ретінде ана бейнесі қайта шыға бастайды. Қазақстанда бұл картина Болат Шәріптің «Заманай», Қырғызстанда Актан Абдыкалыковтың «Бешкемпир» мен Марат Сарулудың «Мандала», Түркіменстанда Халмамед К. Жабаевтың «Тоба» картинасы, Өзбекстанда Юсуп Разыковтың «Танец мужчин», Тәжікстанда Джамшет Усмоновтың «Ангел на правом плече» картиналары [7].

4. 1998 жылдан басталған қазақстандық кинематографиядағы ең маңызды өзгеріс — әке бейнесінің өзгеруі. Ол да біртіндеп жүзеге асырылады: өгей әкенің жоқтығы, кейін әлсіз әке пайда болады, ақырында, күшті әке. Тәуелсіздік заманындағы картиналарда ескі кеңестік жүйенің өзі ретінде әке әлсіз, сыртқы әсерге қарсы тұра алмайтын, алқаш немесе өгей әке етіп көрсетіледі. Дегенмен, жасөспірім ұлдар өте күшті, және бұл — жаңа мемлекеттіліктің құрылуының көрсеткіші. Бұл жағынан алғанда С.Апрымовтың «Охотник» фильміндегі әкенің бейнесі тұжырымдамалық түрде маңызды. Күшті, бір жағынан, атакты, тіпті мифтік әкенің бейнеленуі ұлттың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы сандық нүктесі деп санауға болады. Бір қызығы, күшті әкенің бейнесі 2004 ж. кейін ғана шыға бастады және де қазақ, өзбек фильмдерінде басымырақ болды [8]. 1998–2007 жж. Орталық Азия киносының жаңаша тарихы үшін ең қызықты және ұлттық сана-сезімді құрудағы жемісті кезең болды. Алдағы кезеңдер посткеңестік комплекстер мен посттоталитарлық синдромдарды құрту, кең кинокеңістікті меңгеру, өтпелі кезеңді сынаумен сипатталды деп айтуға болады. Тек 1998 ж. кейін кинематографистер өмір шындығының түрлі қырларына қарсы тұрып қана қоймай, кинематографияда жаңа шынайылықты қалыптастыруға және ол шынайы өмірдің үлгі тұтатын затына айналатындай жасауға тырыса бастаған ұлттық сана-сезімді құрудың үрдісін жолға қойды.

Қазақстан кинематографиясын Орталық Азия аймағының басқа елдерімен салыстырар болсақ, бұл елдер бойынша мәліметтерді Г.Әбікееваның «Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе» еңбегінен көруімізге болады.

Қырғыз киносында соңғы жылдары ұлттың бейнесі шегі кеңейтілген отбасы ретінде қалыптасуда. «Бешкемпир», «Бекет», «Саратан» фильмдеріндегі қоғам моделі осындай. Мұндай модельдің саналы және санасыз құрастырылуының әбден қисыны бар: Қырғызстан — халық аз тұратын, кішкентай территориясы бар ел. Бірақ мұндай амал ұлттық сәйкестіліктің нығаюы мен қалыптасуына күшті серпін береді: бір тіл, бір салт-дәстүр, бір мәдени кейіпкерлер, бір дүниетаным. Мұнымен қоса, фильмдерде өзіне және өз халқына деген көзқарасқа келгенде белгілі бір халықтық әзіл мен мысқыл байқалады, бұл мүмкін болатын шектен тыс ынтаны алып тастайды [5; 112].

Егер жалпы киноүрдіс туралы айтатын болсақ, онда қырғыз кинематографистерінің арасында Орталық Азияның басқа елдеріне карағанда ұйымшылдық, елдің кинематографиясын сапалы басқа деңгейге көтеру ықыластары байқалады.

Қырғызстанда тәуелсіздік жылдары оннан астам толықметражды фильмдер жасалды. Осы картиналардың әрбірі ұлттық қырғыз мәдениетіне айтарлықтай үлес қосып, елдің шетелдерде таныстырылуында маңызды рөл атқарады. Осы жерде кинематографиялық қоғаммен мойындалған кино саласы дамуының бірінші стратегиясы — «Программа 10+» пайда болды [5; 112].

Қырғыз кинематографистері мемлекеттік бюджеттен кино саласын қаржыландырудың жоқтығына карамастан, кинематографты сақтап қана қоймай, кино әлемінде азиаттық кинематографияның жаңа имиджін құрастырды. Кинематографистердің киноларда жағымды бейнелерді жасауда ғана емес, жалпы кино саласы құрылымының жасалуындағы белсенді қызметтері алдағы уақытта өзінің оң жемісін береді деп ойлаймыз. Қырғызстанның кинематографы посткеңестік кеңістік шеңберіндегі жарқын құбылыс болып қана қоймай, Еуропа мен Азияның арт-хаустық кинематографындағы жарқын құбылысқа айналады.

Тәжік киносы тәуелсіз мемлекет тарихындағы қиын жылдарда — азаматтық соғыс жылдарында аяғына нық тұра алды. Шындығында, ол эмиграция жағдайында аман қалды. Көптеген кинематографистер елден кетіп қалды, осының арқасында, олардың кейбірі шетелдік продюсерлердің

қаржыларына фильмдер түсіре алды, оның ішінде халықаралық кинофестивальдарда жетістікке жеткендері де бар.

Негізінен екі режиссер — Бахтияр Худойназаров пен Джамшет Усмонов — тәуелсіздік жылдарында тәжік киносының имиджін қалыптастырды.

Бахтияр Худойназаровтың фильмдерінен «Братан» картинасындағы индивид портретінен, «Кош ба кош» лентасындағы жас отбасының қалыптасуынан, «Лунный папа» картинасындағы ұлт пен халықтың ойынан нақты қозғалысты көреміз. Бірінші картинада замандардың құлауы көрсетілген — «қайта құру» кезеңі, екіншісінде — Тәжікстандағы азамат соғысы, ал үшіншісінде — сандырақ пен бейберекетсіздікке толы соғыстан кейінгі кезең [5; 137].

Өтпелі кезеңнің көрінісі болып табылатын Б.Худойназаров пен Д.Усмоновтың фильмдерінде кашу мен тәжік қоғамы өмірінің жетілмеуі сарындары басым келеді. Мұндай көңіл-күй тек елдің ішінде түсірілген жас режиссерлардың фильмдері пайда болған соң ғана кинематографта өзгерді. Мұндай өзгерістер соңғы 2–3 жылда «Статуя любви», «Овора», «Махди» фильмдері шыққаннан соң байқалды, бірақ олар кәсіптік және шеберлік жағынан елден тыс жерде өзінің әріптестері түсірген фильмдерден төмен, оларда ұлттың қайта өркендеуіне деген сенім мен үміт көбірек көрінеді. Бұл картиналардағы басты кейіпкерлер — балалар.

Сонымен бірге Қырғызстанда да, Тәжікстанда да жастардың жоғары белсенділігі байқалады, бірақ жастар мен кинематографистердің аға буын өкілдерімен күшті байланыс жоқ. 2005 ж. Тәжікстан үкіметімен ұлттық кинематографияны қолдау туралы Қаулы қабылданғаны үлкен үміт тудырады. Бірақ жастардың жобаларын қолдайтын С.Хақдодов пен С.Рахимов жетекшілігіндегі «Киносервис» АҚБ сияқты ұйымдардың, жеке меншік киностудиялардың, ынталы кино мектептер мен бірлестіктердің дамуы маңызды [5; 138].

Егер үкіметтің қаулысынан кейін «Тәжікфильм» киностудиясының материалды-техникалық базасының әрі қарай дамуы жүргізілсе, онда 5–7 жылдан кейін Тәжікстанда тәжік киносының үлкен серпіліс күтуге болады, себебі елдің жас кинематографистерінің жеткілікті жоғары шығармашылық мүмкіндіктері бар.

Өзбек кинематографиясының даму моделі Орталық Азия елдерінен өзгеше. Бұл жерде кино саласында күшті мемлекеттік саясат жұмыс жасайды, кино саласының техникалық дамуына үлкен қаражаттар бөлінеді, жыл сайын 10–12 толықметражды фильмдер шығарылады. Қазақстандық модельге қарағанда кинопрокат киноөндірісімен тығыз байланыста, сондықтан өзбек фильмдері ешқандай қиындықсыз кинотеатрларда прокатқа шығарылады және көрермендер отандық фильмдерге қызығушылықпен барады. Елдің демографиялық өсім көрсеткіші жоғары, халық санының көптігі, мемлекеттік тілді дамыту облысындағы саясат ұлттық кинематографтың дамуына жақсы жағдай жасайды. 2004 ж. наурызда ӨР Президентінің «Кинематография саласында басқаруды жетілдіру туралы» кезекті бұйрығы шықты, бұл шығарылатын картиналардың санын өсіруге септігін тигізді [5; 204]. Фильмдердің саны өсуде және ол ішкі нарықта ынтамен қабылдануда, дегенмен, халықаралық фестивальдарда алға ұмтылыс, жетістік байқалмайды. Бұған ең алдымен себеп — басқарушылық қана емес, эстетикалық ескі кинематографиялық жүйенің жігерсіздігі.

Өзбекстанда кинопроцесс ескі кеңес киносы сызбасымен құрылуда деп айтуға болады. Фильмдер көбінесе «Өзбекфильм» мемлекеттік студиясында түсіріледі, киноөндірісті тақырыптық-жанрлық жоспарлануы және цензура көрінеді. Өзбек фильмдерінде соңғы жылдарда кинематографты шектен тыс идеологиялау тенденциясы анық байқалады. Егер Зулфикар Мусаковтың «Мальчики в небе» диалогиясында бұл тенденция мүлдем байқалмаса — жай ғана заманауи Өзбекстан көрсетіледі, жастар шетелге кетпей өз отандарында тұрғысы келетін патриоттық сезімдері байқалса, ал режиссердың соңғы картинасы «Родинада» идеологиялық асыра сілтеушілік сезіледі [5; 204].

Елдегі жағымды имиджсіз жас мемлекеттің ұлттық құрылысын жасау мүмкін емес. Бұл жағынан келгенде өзбек кинематографистері бұрыннан ешқандай кедергісіз жұмыс жасауда: соңғы жылдардағы фильмдерден Жапония мен Америкада өз кәсіптерін ашқан өзбек кәсіпкерлерін көруге болады, ал екінші бір картинада өзбектер айға қонуда және т.б. Бұл америкалық, голливудтық амал, бізге қазақстандықтарға көршілерімізден үлгі алып, жағымды сюжетті және кейіпкерлі заманауи тақырыптағы фильмдер түсіру қажет сияқты [5; 205].

Жоғарыдағыларды ескере отырып, өзбек киносы прокаттық саясат арқасында кинематография саласында аймақта көшбасшы болуға үлкен мүмкіндіктері бар деп айтуға болады. Олардың фильмдері елде үлкен сұранысқа ие.

Бүгінгі таңда қазақ киносы аймақта көшбасшы. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда киноны мемлекет қаржыландырды. Қазақстанда «Көшпенділер» атты үлкен жоба жасалынды. Мемлекеттік киностудия «Қазақфильммен» қатар, жеке меншік продюсерлік орталықтар жұмыс жасауда және онда ауқымды киноөнімдер («Тюльпан», «Рэкетир», «Айнур», «Монгол», «Ближний бой» т.б.) шығарылуда [9].

Жаңа толқын режиссерлары арқасында қазіргі уақытта Қазақстан кинематографы кино әлемінде өз орны бар және халықаралық белді кинофестивальдерге қатысып, жүлделі орындар алуда.

Алайда соңғы жылдардағы жеке көзқарасы мен шығармашылықта өз орны бар режиссерлардың кинематографтан кету тенденциясы орын алуда. Серик Апрымов Америкаға кетті, Абай Қарпықов, Бахыт Килибаев, Александр Баранов ресей кинематографының беделін арттырып, Мәскеуде жұмыс істеп және сонда өмір сүруде.

Қазақстан киноөндірісі құбылмалы түрде дамып жатыр деп айтуға болады: ойластырылған тақырыптық жоспар жоқ, тарихи және заманауи фильмдер арақатынасы тепе-тең емес, жоспарлы фестивальдік және көрермендік жетістіктер, жанрлық әр түрлілік және т.б. Сондықтан Қазақстан кинематографының ұлттық құрылыс элементі жоқ, тек «Көшпенділер» фильмі Республика имиджі үшін жақсы әсер етті.

Басқа маңызды мәселе — қазақстандық фильмдер көрермендерге жетпейді, себетке немесе есеп үшін түсірілуде. Әрі кетсе, кинофестивальдерге қатысады. Бұл үрдіс киноөндірісті мемлекет қаржыландырады, ал фильмді прокатқа шығару жеке меншік қолда, және бұл үрдістер мемлекеттік деңгейде үйлестірілген. Осылайша, Орталық Азия аймағында қазақ киносы жетекші орынға ие және әлемдік қауымдастықта белгілі қызығушылық тудыруда [10].

Қазақстан киноөндірісінің қалыптасуы мен дамуы, киноөндіріс қайраткерлерінің шығармашылық өсімі белгілі қиындықтармен қатар жүрді. Бұл қиындықтар қазақ киносының бастапқы кезеңінде, ол өзінің дәстүрі, өзіндік жазуы, ал жұмыскерлердің тәжірибесі болмаған кезеңде ерекше байқалды. Сондықтан Қазақстан кинематографистерінің алғашқы қадамдары өте жасық және сенімсіз болды. Оған кино өнерін зерттеп, спецификасын игеруге біраз уақыт, білім қажет болды. Қазақ киносы қайраткерлеріне жұмыста жетістікке жетіп және ұлттық кино өнердің дамуын қамтамасыз ету үшін әрдайым шығармашылық ізденіс жүргізу қажет болды. Қорытынды — сабақ және тәжірибе, бұл екеуінсіз өнерде, одан басқа да жұмыста да алға жылжу мүмкін емес.

Әрине, жақсы немесе жаман болжамдар жасауға болады, бірақ бізді позитивті даму жолы күтіп тұр деген ойдамыз. Алайда ол үшін кинематограф бизнес заңымен, мемлекеттік тапсырыс емес, жұмыс жасап, жас, келешегі мықты кинематографистерге көңіл бөлген жөн.

Қорытындылай келе, қазақ киносының құрылу мен даму үрдісі айтарлықтай дәрежеде ресейлік, Орталық Азия мемлекеттері және алыс шетел киноөндірісімен байланысты екендігін ашып көрсеткіміз келеді. Алайда қазақ киносының қалыптасуы мен дамуы барысында шығармашылық кадрлар да өсті: режиссерлер, операторлар, суретшілер, дыбыс операторлары, өндірісті керемет ұйымдастырушылар: директорлар мен көріністі ұйымдастырушылар және т.б.

Сонымен, Қазақстанда және әлемнің басқа да мемлекеттері мойындаған ұлттық өнердің қиын, әрі жаңа түрін жасау, кино маманын және елеулі фильмдерді шығарып, даярлау қазақ кинематографиясы үшін маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Киноискусство Советского Казахстана. — Алматы: Өнер, 1994. — С. 95.
- 2 Киноискусство Казахстана. — Алма-Ата: Өнер, 1992. — 323 с.
- 3 Кино Казахстана: Киносправочник. — Алматы: Жібек жолы, 2000. — С. 41.
- 4 *Айнагулова К., Алимбаева К.* Тенденции развития киноискусства Казахстана. — Алма-Ата: Ғылым, 1990. — С. 72.
- 5 *Абикеева Г.* Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. — Алматы: Ғылым, 2006. — 308 с.
- 6 *Ногербек Б.* Кино Казахстана: быть или не быть? // Нива. — 2001. — № 3. — С. 68–79.
- 7 *Ногербек Б.* Кино Казахстана. — Алматы: НППЦ, 1998. — С. 26.
- 8 *Наурызбекова Г.* Қазақ киноөндірісінің жаңа толқыны // Өмір. — 2004. — № 4. — 48–50-б.
- 9 *Ногербек Б.Р.* Тернистый путь кинематографии // Нива. — 2005. — № 2. — С. 120–128.
- 10 *Ногербек Б.Р., Наурызбекова Г.Қ., Мұқышева Н.Р.* Қазақ киносының тарихы. — Алматы: ИздатМаркет, 2005. — 254-б.

М.С.Амрина, З.С.Шеримбетова

Становление и развитие казахского национального киноискусства (1991–2010 гг.)

В данной статье авторы комплексно исследовали особенности и специфику развития кинопроизводства в независимом Казахстане. Проведен сравнительный анализ кинематографии стран Центральной Азии и Казахстана, определена их роль в мировой киноиндустрии. Анализируя особенности развития казахского киноискусства, авторы пришли к выводу, что его развитие связано с кинематографией России, Центральной Азии и других зарубежных стран. Казахское кино после обретения независимости сделало несколько смелых шагов, кинопроизводство развивается позитивно, оно изменилось до неузнаваемости в последние двадцать лет. Таким образом, формирование казахской истории кино, в соответствии с требованиями современного развития исследований и детального изучения, является актуальной темой исследования на сегодняшний день. Авторы доносят до читателей важные аспекты развития казахского кино и его роль в мировом кинематографе.

M.S.Amrina, Z.C.Sherimbetova

The formation and development of the Kazakh National Cinema Art (1991–2010 yy.)

In this article, the authors investigated the complex features and spitsifiku development of filmmaking in the independent Kazakhstan. At the same time, a comparative analysis of cinematography of Central Asia and Kazakhstan, defined role in the global film industry. Analyzing the features of development of the Kazakh cinematography, it concluded that its development is associated with the cinematography of Russia, Central Asia and other foreign countries. Kazakh cinema since independence has made some bold moves and it is estimated that the Kazakh film industry is developing positively. Kazakh cinema has changed beyond recognition in the last twenty years. Thus, the formation of the Kazakh cinema history, in accordance with the requirements of the modern development of research and detailed study of a theme Fidler today. Authors analyzing the period of the «new wave cinema» convey to readers the important aspects of the development and role in the world cinematography.

References

- 1 Cinematography of Soviet Kazakhstan, Almaty: Oner, 1994, 95 p.
- 2 Cinematography of Kazakhstan, Almaty: Oner, 1992, 332 p.
- 3 Kazakhstan Movie: Movie Guide, Almaty: Zhibek Zholy, 2000, p. 41.
- 4 Aynagulova K., Alimbaeva K. *Tendencies of development of Kazakh cinematography*, Almaty: Gylym, 1990, p. 72.
- 5 Abikeeva G. *Nation-building in Kazakhstan and other Central Asian countries, and how this process is reflected in the film*, Almaty: Gylym, 2006, 308 p.
- 6 Nogerbek B. *Niva*, 2001, 3, p. 68–79.
- 7 Nogerbek B. *Kazakhstan Movies*, Almaty: NPC, 1998, p. 26.
- 8 Nauryzbekova G. *Omir*, 2004, 4, p. 48–50.
- 9 Nogerbek B.R. *Niva*, 2005, 2, p. 120–128.
- 10 Nogerbek B.R., Nauryzbekova G.K., Mukysheva N.R. *History of Kazakh Movies*, Almaty: UzdatMarket, 2005, p. 254.

L.L.Baturina¹, S.B.Stambulov¹, Mondira Dutta²

¹*Ye.A.Buketov Karaganda State University;*

²*Jawaharlal Nehru University, New Delhi, India*

(E-mail: serstam@mail.ru)

Revival of the «Silk Road» in the context of regional security in Central Asia

Chinese geopolitical interests in post — Soviet Central Asia are reviewed. Realization of idea of Silk Way's resurgence are implemented by China in order to give effect to the Program of Western provinces. Consequently, it is necessary to provide security in Central Asia for realization of this program. Instability in Central Asia poses a threat to the strategic interests of China, which is determined, first, factor in the elimination of separatist sentiment in Xingjian, the presence of which virtually would negate all the efforts of the Chinese leadership to raise the Western provinces; The second factor in the acquisition of Central Asia as a sales market of developing industrial production of Western China; Third, the purchase factor of inland provinces output to European countries. The implementation of its interests in Central Asia China stands for and implemented in the framework of the SCO.

Key words: «Silk Way», security, geopolitical interests, integration, Western provinces' development Program, SCO.

As the result of reforms spent by Chinese government last two decades of XX century, the Peoples Republic of China had achieved significant successes in economic development of the country. According to a plan of Chinese leaders the accelerated development of seaside areas will allow to use their opportunities to exercise stimulating influence concerning other parts of the country. However this process began to show itself in the form of increased demand for raw material of western regions, expansion of finished goods deliveries for them, dissemination of new technologies, and formation of horizontal associations «dissemination effect». Seaside areas more and more drew raw material, capital and even the most prepared staff from the western areas (washing away effect). At the different degree of regions progress in economic reforms, irrational structure of the prices (overestimate for finished goods and understating for raw material), the prevalence of the dissemination effect above the washing away effect has made the situation when the development of seaside regions exhausted western regions which more and more turned in some kind of an internal colony of China [1; 86].

The problem of alignment in all regions of the country has been already formulated at XIV congress of Chinese Communist Party (1992). In Jiang Zemin's report it was emphasized, that at preservation of a seaside areas dynamical development it is necessary to stimulate industrial growth in western part of China. As he said, economic revival of these territories is a main problem defining all structure of China's economic development strategy. Has been planned to give to economic development of the western areas a complex character, to expand interregional communications and to connect them to a system of the uniform national market. The liquidation of disproportions in economic and cultural development between the seaside and western areas has begun to consider not only as the important condition of fuller and rational use of natural riches of the country, creation of national economic space, but also as the important factor of strengthening of territorial integrity of the state and observance of a principle of territorial validity. In June, 1999 has been decided to begin the policy of western regions development since 2001 [1; 86].

However, opposition of central government and regional elites, expressed in sabotage of central governments attempts by macroadjusting measures to level too sharp fluctuations in rates of economic growth, a shift in balance of authority between the central government and regions in favour of the last, has happened in first instance because of the delegation of powers from the central bodies to regional and, secondly, the transfer of many functions of the central government to the market complicates formation of the uniform national market. Regional authorities, being guided by local interests, quite often directly interfere with an movement of goods and services from other regions. At the weakness and dissociation of a home market the accelerated inclusion of most successfully developing provinces in the international division of labour conducts that prevailing the external orientation of their economy. Internal integration lags behind external integration.

Creating the enclaves in coastal provinces of China, some states receive the powerful lever for influence on foreign policy of the Peoples Republic of China through provincial authorities. Reasons of local and own

economic gain for local officials can become above political loyalty that conducts to weakening of the national integration foundations.

It finds the reflection in problem of uneven development of territories which becomes more and more complicated. Deng Xiao Ping's dreams that economically more advanced provinces will help lagging behind hardly have a chance for realization. The attempts to carry out them only strengthen the friction between the center and territories and between rather rich and poorer regions. The aspiration of the most arrogant regional authorities to involve the foreign and national capital, giving additional (often illegal) tax and other privileges delays the resources from less successful regions [2; 219].

Therefore in this conditions, on the one hand understanding the importance of development of the west regions, not only for the further growth of Chinese economy, but also for existence of China in its present borders, and on the other hand, having collided with unwillingness of east provinces to render any essential aid for realization of this process, the leaders of the Peoples Republic of China had forced to search another decision of this problem which should not put in the chapter of a corner the aid from east provinces, but assume a support on own forces of the western regions.

Change of an international situation (collapse of USSR) has created additional stimulus for frontier trade with the countries of Central Asia and has given the opportunity to construct Transport Bridge between Europe and Asia. According to a calculation of the Chinese leaders these two components should become the basic pillars in the policy of western regions development. And if China declares regarding importance of Central Asian region as a trade and economic partner, but actually, considering commodity circulation between China and Central Asia, and also trading balance where export of mineral resources from the countries of Central Asia obviously prevails, it is possible to conclude about insignificant interest of the Peoples Republic of China in acquisition of Central Asia as a trade and economic partner. Moreover, if to consider, that 75% of commodity circulations between China and Central Asia belongs to Xinjiang district, and except Xingjian, it is necessary to tighten up near 11 western provinces to a level of east region, Chinese government can not hope for Central Asia in the western regions development process.

Another matter is Europe. EU has become the largest trading partner of China. In 2005 the volume of bilateral trade has exceeded 200 billion euro [3]. Until now all trading operations between Europe and China were carried out by the sea through the Suez Canal which is favorable that there are only two checkpoints (port of loading and port of unloading) on the way of ships. However the clear advantages of a sea route connected with its simplicity and profitability adjoin to frank lacks, first of all, terms of delivery. On average, delivery term by the sea route is 30–35 days, and in a view of modern lines in logistics, short time of deliveries is a one of the major factors influencing profitability of business. Other problems of sea transportation have become monopolization of market and strengthening of instability factors. Some large owners of container fleet have grasped the market and dictate conditions of traffic that, certainly, promotes to rise price of transportation. Annually over 18000 ships cross through the Suez Canal which connects the Mediterranean and the Red Sea, and bring to Egypt every year 3.4 billion profit, but it regularly demands the privileges from the European Union, referring on increasing charges on maintenance service of the channel [4].

Now there is an understanding that capacity of the Suez Canal is not boundless, therefore it is necessary to search new alternative routes.

- 1 Яковенко Ю. Этноконфессиональный состав немцев Павлодарского Прииртышья: история формирования (XX век) // Роль религиозных конфессий в жизни немцев Центральной Азии: Междунар. науч.-практ. конф. — Алматы, 2002. — С. 240.
- 2 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. LXXXVII. Тургайская область. Таблица XIV. Распределение населения по вероисповеданиям и родному языку. — СПб., 1904. — С. 40–41.
- 3 Обзор Акмолинской области за 1914 г. — Омск, 1915. — С. 69.
- 4 Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее — ЦГА РК). Ф.25. — Оп.1. — Д.2761. — Л.9.
- 5 Иванов В., Трофимов Я. Религии Казахстана: Справочник. 2-е изд. — Алматы: Аркаим, 2003. — 238 с.
- 6 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.777. — Л.145–146.
- 7 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.959. — Л.1.
- 8 Дик В. Свет Евангелия в Казахстане. История воззрения Евангелия и распространения общин баптистов и меннонитов в Казахстане (первая половина XX века). — Steinhagen: Samenkorn, 2003. — 384 с.
- 9 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.796. — Л.6; Сведения о внесении в реестр старообрядческих и сектантских общин // Тургайские областные ведомости. — 1911. — 20 авг. — С. 4.
- 10 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.374. — Л.1–19.
- 11 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.3202. — Л.1. — 18–18 об.
- 12 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.804. — Л.5–5 об. — 8–8 об.
- 13 ЦГА РК Ф.25. — Оп.1. — Д.355. — Л.20.
- 14 Андреев А. История протестантских конфессий в Казахстане (вторая половина XVIII — 1917 г.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 2004. — 36 с.
- 15 Государственный архив Северо-Казахстанской области. — Ф.158. — Оп.1. — Д.100. — Л.14.
- 16 ЦГА РК Ф.369. — Оп.1. — Д.2953. — Л.18.
- 17 Обзор Акмолинской области за 1914 г. — Омск, 1915. — Ведомость № 1.
- 18 ЦГА РК Ф.393. — Оп.1. — Д.138. — Л.30.
- 19 Виле П.П. Образование и становление немецких колоний в Западной Сибири в конце XIX– начале XX вв. // Немцы. Россия. Сибирь: сб. ст. — Омск, 1997. — 241 с.
- 20 Черказянова И.В. Школьное образование российских немцев (проблемы развития и сохранения немецкой школы в Сибири в XVIII–XX вв.). — СПб., 2004. — 368 с.
- 21 Обзор Тургайской области за 1892 г. — Оренбург, 1893 г. — Ведомость № 5; Обзор Тургайской области за 1904 год. — Оренбург, 1905 г. — Ведомость № 6; Обзор Тургайской области за 1909 год. — Оренбург, 1910 г. — С. 17; Обзор Тур-

гайской области за 1911 год. — Оренбург, 1912 г. — С. 18; Обзор Тургайской области за 1912 год. — Оренбург, 1913 г. — С. 18; Обзор Тургайской области за 1915 год. — Оренбург, 1916 г. — С. 9.

22 ЦГА РК Ф.393. — Оп.1. — Д.52. — Л.16; ЦГА РК Ф.393. — Оп.1. — Д.131. — Л.1 об.-2; Обзор Акмолинской области за 1911. — Омск, 1912 г. — Ведомость № 3.

23 ЦГА РК Ф.460. — Оп.1. — Д.77. — Л.5, 7, 9, 12, 14, 16, 18, 20, 22 об., 23; Обзор Семипалатинской области за 1902 г. — Семипалатинск, 1903. — Ведомость № 2.

24 *Контева А.* Миссионерская деятельность в Сибири // Сибирские вопросы. — 1912. — № 7–8. — С. 54–61.

Ж.Е.Нурбаев

Солтүстік Қазақстанда протестанттық деноминациялардың таралу мәселесінен (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы)

Мақалада XIX ғ. екінші жартысы — XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстан аумағындағы протестанттық конфессиялардың таралу тарихы қарастырылды, қоныс аударғандардың алғышарттары және протестанттық тұрғындардың орналасуының негізгі бағыттары талданып, Ақмола, Торғай және Семей облыстарының сандық құрамы көрсетілді, сонымен қатар алғашқы протестанттық діни қызметкерлері және олардың қызметі туралы айтылды. Әр протестанттық деноминациялардың миссионерлік іс-шараларының ерекшеліктері және оларға қарсы Орыс православиелік шіркеу тарапынан қызметі де зерттелді.

Zh.E.Nurbayev

To the proliferation of Protestant denominations in the territory of Northern Kazakhstan (second half of XIX– beginning of XX centuries)

The article discusses the history of the spread of Protestant faiths in territory of Northern Kazakhstan in the second half of XIX– early XX centuries, presents the membership of Protestant denominations in Akmola, Turgay and Semipalatinsk regions, as well as information about the first forms of elementary education and the first Protestant clergy and their activities. In the article we study the missionary activity of each of the Protestant denominations, consequently, are disclosed measures to counter the spread of Protestant communities of the Russian Orthodox Church.

References

- 1 Yakovenko Yu. *The role of religious confessions in the life of Germans in Central Asia*: International scientific-practical conference, Almaty, 2002, p. 240.
- 2 The First General census of the Russian Empire, 1897. LXXXVII. Turgay area. Table XIV. The distribution of population by religion and native language, Saint Petersburg, 1904, p. 40–41.
- 3 Review of Akmola region in 1914, Omsk, 1915, p. 69.
- 4 Central state archive of the Republic of Kazakhstan (hereinafter — CSA RK) Fund.25, inventory 1, case. 2761, sheet. 9.
- 5 Ivanov V., Trofimov Ya. *Religions of Kazakhstan*: Guide. 2 edition, Almaty: Arkaim, 2003, 238 p.
- 6 CSA RK F.25, in. 1, c. 777, sh. 145–146.
- 7 CSA RK F.25, in. 1, c. 959, sh. 1.
- 8 Dick V. *The light of the gospel in Kazakhstan. The history of the proclamation of the gospel and the spread of communities of Baptists and Mennonites in Kazakhstan (the first half of the XX century)*, Steinhagen: Samen Korn, 2003, 384 p.
- 9 CSA RK F.25, in. 1, c. 796, sh.6; *Turgay regional statements*, 1911, August 20, p. 4.
- 10 CSA RK F.25, in. 1, c. 374, sh. 1–19.
- 11 CSA RK F.25, in. 1, c. 3202, sh. 1, 18–18 turnover.
- 12 CSA RK F.25, in. 1, c. 804, sh. 5–5об., 8–8 t.
- 13 CSA RK F.25, in. 1, c. 355, sh. 20.
- 14 Andretsov A. *The History of Protestant denominations in Kazakhstan (second half of XVIII – 1917)*. The dissertation on competition of a scientific degree of candidate of historical Sciences, Almaty, 2004, 36 p.
- 15 State archive of North-Kazakhstan region, f. 158, in. 1, c. 100, sh. 14.
- 16 CSA RK F.369, in. 1, c. 2953, sh. 18.
- 17 Review of Akmola region in 1914, Omsk, 1915, statement № 1.

18 CSA RK F.393, in. 1, c. 138, sh. 30.

19 Vibe P.P. *Germans. Russia. Siberia*: collection of articles, Omsk, 1997, 241 p.

20 Cherkaziyanova I.V. *Schooling of Russian Germans (problems of development and preservation of the German school in Siberia in the XVIII – XX centuries)*, Saint Petersburg, 2004, 368 p.

21 Review of Turgay region in 1892, Orenburg, 1893, Statement № 5; Review of Turgay region in 1904, Orenburg, 1905, Statement № 6; Review of Turgay region in 1909, Orenburg, 1910, p. 17; Review of Turgay region in 1911, Orenburg, 1912, p. 8; Review of Turgay region in 1912, Orenburg, 1913, p. 18; Review of Turgay region in 1915, Orenburg, 1916, p. 9.

22 CSA RK F.393, in. 1, c. 52, sh. 16; CSA RK F.393, in. 1, c. 131, sh. 1, t.-2; Review of Akmola region in 1911, Omsk, 1912, statement № 3.

23 CSA RK F.460, in. 1, c. 77, sh. 5, 7, 9, 12, 14, 16, 18, 20, 22 t., 23; Review of Semipalatinsk region in 1902, Semipalatinsk, 1903, statement № 2.

24 Kopteva A. *Siberian questions*, 1912, 7–8, p. 54–61.

А.Б.Омаров, Ж.А.Карсыбаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail:karsybayeva1981@mail.ru)*

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі: негізгі кезеңдері

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің қалыптасу кезеңдері қарастырылды. Авторлар М.Шоқай туралы жазылған отандық тарихтағы еңбектерге сүйене отырып, ұлт күрескерінің саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғаларды талдайды. Авторлар қайраткердің ұлт-азаттық күрес жолындағы жүргізген еңбектеріне тоқтала отырып, оның еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясының мазмұнын ашуға тырысады. Мұстафа Шоқайдың шетелдегі эмиграцияда жүрген кезеңдегі атқарған қоғамдық қызметін көрсете отырып, оның сол кезде «Яш Түркістан» және басқа да басылымдарда жарық көрген еңбектеріне тоқталады, талдайды. ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесінде қалыптасқан жәдидшілдік қозғалысының М.Шоқайдың саяси көзқарастарына жасаған ықпалын да айтып өтеді. Қоғам қайраткерінің еңбектеріне талдау жасай отырып, ондағы көтерілген басты мәселелерді анықтайды.

Кілт сөздер: Отан тарихы, Мұстафа Шоқай, қоғамдық-саяси көзқарас, күрескер, автономия, қайраткер, түрікшілдік, саясаткер, ұлт зиялысы, ұлт-азаттық қозғалыстар, Алаш қозғалысы, эмиграция, ұлт мәселесі, тәуелсіздік.

Қазақстанның тәуелсіз дамуы уақыт өткен сайын қарқын алып, ұлттық, жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде биік мұраттарға бағыт түзеп келеді. Елімізде әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформалардың іске асырылуы мәдени-рухани өмірімізге жаңа сипат, тың мазмұн берді. Сондай түбірлі өзгерістер тарих ғылымының әлеуметтік қызметіне де ықпал жасады. Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев «тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі», «қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш» [1] деп атап көрсеткен болатын. Бұл тұжырым еліміздің алдында тұрған қоғамдық сананың жаңару үрдісіндегі тарих ғылымының кешенді міндеттерін айқындайды.

Тәуелсіздік жылдары отандық тарих ғылымының мазмұны тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалынан арылуымен бірге тәуелсіздік идеологиясының әдістемелік негізінде тарихи дамудың ақиқат болмысын қалпына келтіру бағытында түрлі жұмыстар атқарылды. Дегенмен, мемлекеттік маңыз алған осы бағытта әлі де терең ғылыми талдау жасап, концептуалдық тұрғыда қайта қарауға тиісті мәселелер мен тақырыптар жеткілікті.

ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін оқу, өнер — білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы, дербес мемлекет құру еді. Бұл тіпті бүгінде, яғни ғасыр басында, күн тәртібінен түсе қойған жоқ, тіптен ең зәру мәселеге айналып отыр. Осы орайда кезінде тәуелсіздігіміз үшін күрескен, сондықтан да кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, қуғынына ұшыраған, саяси жүйе есімдерін кейінгі ұрпақ санасынан біржола ығыстыруға күш салған тұлғалардың тарихымызға қайта оралуы қажет.

Сондай ірі саяси қайраткер, халқына қалтқысыз қызмет еткен «алыптар тобының» көрнекті өкілі, қазақ, тұтас түрік елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан Мұстафа Шоқайдың (1886–1941) алатын орны ерекше. Мұстафа Шоқай тәрізді тұлғаның атқарған қызметіне дұрыс баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағының рухани және саяси тұрғыдан ұлттық рухта тәрбиелеуі үшін аса қажет.

Бұған қосымша осы уақытқа дейін жазылған отандық тарихнамада, жеке тұлғалардың, қоғам қайраткерлерінің қызметі өз дәрежесінде баяндалады деп айтуға әлі ерте. Ал ХХ ғ. 20–30 жж. күрделі тарихи оқиғаларға белсенді түрде тікелей араласып, терең із қалдырған Мұстафа Шоқай сияқты ірі саяси қайраткерлердің қызметі мен туған халқының тәуелсіздігі үшін күресін жан-жақты талдау арқылы отандық тарихымызға одан әрі түсінуге терең жол ашпақшы.

Кеңестік дәуірде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы бірқатар сауалдарға ғылыми дәлелденген жауап іздеу мүмкін болмай келді. Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен бері қайраткердің азаттық күрес жолындағы сіңірген еңбегіне әділ баға беру мүмкіндігі туып отыр. Осы орайда біз Мұстафа Шоқайдың өткен өмір жолы, қоғамдық-саяси көзқарастарына, күрескер ретінде қалыптасу кезеңдеріне қатысты өзіндік ой-пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Мұстафа Шоқайдың өмір жолында маңызды кезең — балалық шағы мен Ташкент гимназиясы, Петербург қаласында оқыған жылдары екендігін атап көрсету қажет. Қайраткердің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына өскен ортасы үлкен әсер етті. Мұстафа Шоқай Ақмешіт (Перовск, қазіргі Қызылорда) уезінде дүниеге келді. Тегі — Орта жүздегі қыпшақ, әкесі Шоқай дәулетті, мәдениетті, білімді, елге танымал, беделді адам болған. Ол баласы Мұстафаны әуелі отбасында білімге өзі ұмтылдырған. Бала Мұстафа сауатын ауылда мұсылманша ашып, кейіннен орыс мектебіне барады. Онан кейін Ташкенттегі гимназияға түсіп, 1910 ж. өте үздік бағамен бітіреді және алтын медальға ұсынылады. Бірақ генерал Самсонов алтын медальды орыс баласы Зепреметовке жазады. Ал Зепреметев алтын медальды Мұстафаға берілуі тиіс деп, өзі күміс медальді алған [2]. Бұл оқиға Мұстафаның қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізді.

Мұстафа Шоқай дүниеге келген Түркістан өңірі ХХ ғ. басында орыс отаршылдығының барынша қыспағын көріп отырған еді. Бұл жергілікті халықтың шаруашылық, әлеуметтік, саяси жағдайынан көрінді. Бұндай әділетсіздікке халықтың қарсылық көрсететіндей күш-қауқары болмады. Осының бәрін жасынан көріп-сезінуі қайраткердің ұлтшылдық, түрікшілдік, азаттық идеяларының қалыптасуына негіз болды. Бұған дәлел 1929 ж. шыға бастаған «Жас Түркістанның» бірінші санында ол былай дейді: «Атамекеніміз отаршылардың тепкісінде жатқанда ішкі саясаттың мәселелері екінші планға ығысады. Атамекенді құтқару жолындағы күрес бірінші планға шығып, маңдай алды міндетімізге айналады. Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізінде құрылған, бізге түрі де, мазмұны да ұлттық мемлекет қажет» [3; 14]. Қазақтың ғана емес, барша түркі халқының азаттығы оның өмірлік арман-мұраты болды.

Шоқайтанушы, тарих ғылымдарының докторы, Абдуқап Қараның көрсетуінше, Ташкентте лицейде оқып жүргенде Түркістанның түрлі аймақтарынан келген әділетсіздікке ұшырағандардың шағымын біліп, құқығын қорғау үшін Мұстафа Шоқай оларға аудармашы болып көмектескен. Осылайша ол Түркістан губерниясы әкімдері мен жергілікті халық арасындағы негізгі проблемалармен етене танысқан. Осыған байланысты Түркістан генерал-губернаторы Самсоновпен бірнеше мәрте кездескен. Демек, М. Шоқайдың саяси өмірге араласуы осы кезеңнен басталады деуге толық негіз бар.

Аталған кезеңде қайраткердің рухани салада өсіп кемелденуіне башқұрт ұлтының атақты ғалымы, фольклорист Әбубәкір Диваевты, немістекті атақты ғалым, шығыстанушы В. Радловтың ықпалы болғанын айту керек. Мәселен, 1937 ж. жазылған өзінің «Радлов хақында» деген мақаласында В.Радловпен 1910 жылдан таныстығын, оның орысшылдығын және сол орысты жеккөретіндігін, түріктанушы ретінде түрік халқына деген көзқарастары туралы өз пікірлерін білдірген [3; 15].

Генерал Самсонов бұратана халықтардың балалары лауазымды қызмет етуге білім алатын Ресейдегі жоғары оқу орындарына түсуіне қарсы болған. Соған қарамастан, Мұстафа Шоқай емтихан тапсырып, 1910 ж. Петербург университетінің заң факультетінің студенті болып қабылданады. Міне, осы кезден оның қоғамдық-саяси қызметінің жаңа бір белесі басталады деуге болады. Осы кезде ол елден келген жерлестерінің түрлі арыз-шағымдарын орыс тіліне аударып, түрлі сұрақтарын шешіп берген. Осылайша болашақ заңгер, саясаткер ретінде мол тәжірибе жинақтап, 1917 ж. Петербург университетін үздік бітіріп шығады. Жалпы, ХІХ–ХХ ғ. аяғы — ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамында елеулі рөл атқарған қазақ зиялы қауымының қалыптасуы осы Ресейдің ірі білім орталықтары болған қалаларымен тығыз байланысты. Тарихшы Кеңес Нұрпейісовтың «Алаш Һәм Алашорда» атты еңбегінде ХІХ ғ. 20 жж. — 1917 ж. дейінгі уақытта Қазан университетінде 30-ға жуық қазақ жастары, ал ХІХ ғ. соңы — ХХ ғ. бас кезінде Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері оқығандығын көрсетеді. Олардың қатарында Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сырттанов, А. Тұрлыбаев, Ә. Бөкейхан, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай, Ж. Ақбаев т.б. бар [4].

Мұстафа Шоқайдың ұлт-азаттық қозғалыс басшысы, саясаткер ретінде қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал еткен тұлғаларға тоқтала кетсек, Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхан оған студент кезінен әсер еткен, оның ұсынысымен Ресей Мемлекеттік думасы Мұсылман фракциясы хатшылығы қызметін атқарған. Ол кейін өзінің «Жас Түркістан» журналында жариялаған бір

мақаласында «Әлихан Бөкейхан бізге ұдайы Түркістан мәселесін жете түсіну үшін қазақтың жер-су мәселесін толық білу керек деп ескертетін-ді» деп жазған [5]. Бұдан кейін де олардың тағдырлары жиі тоғысып, М. Шоқай эмиграцияға кеткенге дейін саяси өмірде қатар қызмет еткен. Біздіңше, оларды бір бастаудан аққан қос өзенге теңеуге болады, ал ол бастаудың басында азаттық идеясы тұрды. Сонымен қатар башқұрт халқының қайраткері, досы Зәки Уәлидиді де айту қажет.

М. Шоқайдың рухани кемелденуіне М. Сералин басқарған «Айқап» журналы, «Алаш» партиясының ресми баспасөз органы болған «Қазақ» газеті басқа да басылымдар да ықпал жасаған.

Мұстафа Шоқай қызметінің жаңа кезеңі оның Мемлекеттік думаның қызметіне араласып, саяси эмиграцияға ұшыраған кезеңге дейінгі аралықты қамтиды деген пікірдеміз. Бұл қазақ халқының азаттық күресінің басталуымен қатар келеді. XIX ғ. аяғы — XX ғ. басында саяси, әскери, экономикалық, мәдени отарлауды жан-жақты жүргізген патша үкіметі қазақ халқын мәңгірттендірудің аз-ақ алдында тұр еді, бұл басқа да отарлық езгіде отырған түркі халықтарына қатысты. Осының бәрін көріп отырған Мұстафа Шоқай мұндай азуы кең алып күшке бүкіл түркі халқы бір азаттық туының астына бірігіп қана қарсылық көрсете алатындығын түсінді. Осыдан туындаған «Тұтас Түркістан» идеясы оның қоғамдық-саяси қызметінің арқауы болды. 1914 ж. Әлихан Бөкейханның ұсынысымен IV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалады. Ол Мемлекеттік думаның мүшелері Сералы Лапин, Махмуд Ходжа Бахбуди, Минуар Қары т.б. байланыс жасап, Түркістанның болашағы жайлы талқылап жүрген.

1916 ж. Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысты патша үкіметі қатігездікпен басқан кезде Дума және үкіметтің тыңдауына арнайы баяндама жасау үшін, әрі материалдар жинақтау үшін депутат, эсер А.Ф. Керенский 1916 ж. күзде Ташкентке келіп қайтады. Оның жанында фракция жетекшісі К.М. Тевкелевпен бірге Мұстафа Шоқай да болады. Ол бұл баяндаманы дайындауға белсенді түрде қатысады.

Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан да 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс кезінде көтерілісшілердің патша жарлығына қарсы шығуына қарсы болды. Олар патша үкіметі мен көтерілісшілердің арасындағы күштің тең еместігін, көтеріліс жеңілген жағдайда бейбіт халықтың есепсіз қырғынға ұшырайтындығынан қауіптенді. Басқаша айтсақ, олар үшін ұлттың амандығы бірінші орында тұрды. Орысша сауаты жоқ қазақ жастарына майданға жіберілген кезде оларды азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету жағынан да, Ақпан төңкерісінен кейін тыл жұмысындағылар елге оралған кезде де көмектескен.

Ресейдегі 1917 ж. Ақпан революциясының нәтижесінде монархияның құлатылуы, Уақытша үкіметтің құрылуы Мұстафа Шоқай өзінің досы, башқұрт қайраткері Зәки Валидимен бірге үлкен үмітпен қарсы алады. Монархияның құлауы, билік басына төңкерісшіл демократтардың келуі қазақ зиялыларының саяси белсенділігін күшейтті. «Бостандықтың, азаттықтың күні туды» деп бағалаған Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқайлар Керенский басқарған Уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын Арнайы комитетін құруына қол жеткізді. Жергілікті жерлердегі Уақытша үкіметтің комиссарлары ретінде қызмет етті. Бірақ бұл үкіметтің өмірі қысқа болды. Алайда оның Ресей құрамындағы Түркістан автономиясын құру идеясын Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесін басқарып отырған Н. Чхеидзе «сепаратистік» пиғыл ретінде бағалайды [6]. Мұстафаның негізгі мақсаты Ресей жерінде тұратын күллі түркі ұрпақтарын біріктіріп «Үлкен Түркістан» одағын құру болды, сондықтан да ол 1916 ж. «Түркістан бірлестігі» деп аталатын құпия ұйым ашты. Орыстардың жойқын қысымының күшіне қарсы тұру қамымен мұсылман саяси ұйымдар ассоциациясы (үлкен жамағаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шурай Ислами), сондай-ақ қазақ ұлттық «Алаш» партиясы бәрі күш біріктіре келе, 1917 ж. наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда орталық комитет сайлап, мұсылман орталығын құрды. Орталыққа Мұстафа Шоқай басшылық жасады. Ол кеңестік Ресейдің түркі халықтарын одан әрі орыстандыру саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты.

Кеңес үкіметінің жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы декларациясына сүйенген Түркістанның жергілікті халықтарының өкілдері өзінің IV Құрылтайына жиналып қарашада Түркістан автономиясының 12 мүшеден тұратын Уақытша Үкіметін құрады. Бас министр болып М. Тынышбаев, ол отставкаға кеткеннен кейін (бұған дейін сыртқы істер министрі болған) М. Шоқай бекітілді. Съезде Уақытша Кеңестің бірінші кезектегі міндеттері белгіленеді. Олардың арасында «қысқы мерзім ішінде Түркістан Құрылтай жиналысын шақыру, тұрғындарды азық-түлікпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз етудің шараларын қолға алу, Түркістан автономиясының қаржы қорын жасақтауға кірісу, халықтық милиция жасақтап, өлкені мекендеген ұлттардың құқықтарын қорғаудың

барлық шараларын қолдану» қажеттілігі көрсетілген [7]. Мұстафа Шоқай сонымен бірге 1917 ж. шілдеде құрылған «Алаш» партиясына да мүше болды. 1917 ж. желтоқсан айында М. Шоқай Орынборда өткен екінші Жалпықазақ съезіне қатысып, съезде сайланған Алашорда үкіметінің құрамына енеді. Сөйтіп, ол жаңа құрылған екі үкіметтің де құрамына енеді. Алашорда үкіметін сайлаған желтоқсан съезі «Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып ала алмаса да, бір айдан кейін халыққа білдіреді» деген шешім қабылдайды. Алайда большевиктер ұлттық құрылымдардың бірінен кейін бірін талқандап, 1917 ж. қаңтарында Қоқандағы автономияны контрреволюция ошағы деп бағалап, қанды қырғынмен басып тастайды. Большевиктердің ұлт мәселесіне қатысты осынау екіжүзді саясаты туралы Мұстафа Шоқайдың 1920–1930 жж. үздіксіз жарық көрген «Яш Түркістан» журналында жазған «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» деген мақаласында былайша бағалайды: «Шығыс халықтарының «азаттығы» үшін жаны ашығансып келген және қазір де жаны ашығансып отырған большевиктер біздің әлсіздігімізді пайдаланып, біраз істерді тындырды. Патшалық Ресейден бөлініп өз алдымен тәуелсіз өмір сүрмек болған Түркістан сынды өлкелерді жылдар бойғы қанды соғыстар арқылы қайтадан Мәскеуге тәуелді етіп, ұлы орыс үстемдігін орнатты. Біздер үшін ең қайғылы осы оқиғаларды большевиктер «орыс емес халықтардың азаттығы», «шығыс қамқоры» — орыс ұлтының адамгершілік міндетін өтеуі», пайғамбар Лениннің бодан халықтарға істеген «шапағаты деп атайды.... Орыстар Түркістанды Мәскеуге тек экономикалық жағынан ғана байлауымен қоймай, мәдени рухани өмірінің көрінісі болған бүкіл тарихи шығармаларан да өз қалауынша бұрмалап, Мәскеудің еркіне тәуелді етуде» [8]. Бұл кезеңде қазақ зиялыларының Кеңес үкіметіне деген көзқарастары әр түрлі болды, олардың бір тобы оны қолдаса, екіншісі оған қарсы шықты.

Қоқан автономиясы құлатылғаннан кейін Мұстафа Шоқай өмірінің жаңа кезеңі оның шетелдік эмиграцияға ұшырауымен басталады. Азамат соғысы жылдары Мұстафа Шоқай алдымен 1919 ж. Маңғыстау арқылы Грузия асып, соңынан 1921 ж. Стамбулға аттанады. Онда ұзақ кідірместен Парижге аттанады. Ал өмірінің соңғы кезеңін Германияда өткізеді. Мұстафа Шоқайдың шетелдегі эмиграциялық қызметі туралы түрлі пікірлер кеңестік дәуірде қалыптасқан. Оны қашқын ретінде бағалаған. Бірақ елде қалған Алаш зиялыларының тағдырына көз жүгіртейікші. Кеңес үкіметін мойындауға мәжбүр болған Ә. Бөкейхан ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын» деп көрсеткен, ал А. Байтұрсынов кеңес үкіметін мойындаса да, сенімсіздік көрсеткен [9]. Бірақ бұл бағыттағы қазақ зиялыларының көбісі 1937–38 жж. қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал С. Сейфуллин, Т. Рысқұловтардың да тағдыры осылай аяқталды ғой. Бұл жерде М. Шоқайдың елден кетіп күресін шетелде жалғастыруға өлкедегі ауыр жағдай итермелегенін мойындау керек. Елде қалса, ол осы зиялылардың тағдырының кебін киетінін түсінді. Оның өз елінен жырақта ауыр қиындықтармен саяси күреспен айналысуын көзсіз ерлік деп бағалауға болады.

М. Шоқайдың соңында бай мұра қалды. Атап айтсақ, олар 1917 ж. Ташкентте «Ұлұғ Түркістан», Қоқанда «Жаңа Түркістан», 1919 ж. Тбилисиде «Вольные горцы», «На рубеже», 1921 ж. Стамбулда «Шөбнәме газетасы» газеттерін, сондай-ақ «Жаңа дүние» (1920), «Жаңа Түркістан» (1927–1937), «Түркістан» (1935), «Орта Азия» (1928) секілді француз, түрік, орыс тілдерінде кітаптар, «Жас Түркістан» журналын, т.б. көптеген еңбектерін бастырып шығарды [10].

Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқай «Менің Мұстафам» деген естелігінде мынадай ой айтады: «Өмірінің соңғы сәттерінде, 1940 жылы соғыс тұсында, ол үнемі Түркістанның большевиктерден құтылуын армандайтын. «Алып елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен айналысар едім», — дейтін Мұстафа Шоқай [11; 340]. Қайраткердің соңғы демі біткенше жалғыз арманы ол — өз елінің тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаны екен. Бүгінгі таңда Мұстафа Шоқайдай, Әлихан Бөкейхандай қазақтың басқа да ұлт қамын ойлаған зиялылары армандаған тәуелсіздікке біз бейбіт жолмен қол жеткізіп отырмыз. Олай болса, ғұмыр бойы кеңес үкіметінің отаршыл саясатымен күресіп, сол үшін отанын тастап, шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқайдың өмір жолы әркімге де ой салып, өшпес өнеге болары хақ.

Мұстафа Шоқайұлының біртұтас Түркістан идеясының генезисін қарастырғанда бұл мәселеге ықпал етті деген бірнеше факторларды атап өткеніміз дұрыс болар. Бұл жерде, ең алдымен, ойға

келетіні оның туып өскен ортасы, тектілігі болады. М. Шоқайдың анасы да, әкесі де текті жерден болғандығы белгілі.

Екіншіден, ол М. Шоқайдың туған өлкесі Түркістан өңірінің сан ғасырлық тарихы, оның ішінде Ташкент пен Ақмешіт қалалары Түркістан идеясының қалыптасуына әсер еткен. Себебі, 1837–1847 жж. К. Қасымұлының көтерілісі, 1856 ж. Сыр бойындағы Ж. Нұрмұхамедұлының көтерілісі, 1870 ж. Маңғыстаудағы қазақтардың көтерілістерінің ұшқыны М. Шоқайдың еліне деген сүйіспеншілігіне, оның тарихына деген қызығушылығына әсер етпеуі мүмкін емес. Жоғарыда қарастырғанымыздай, М. Шоқайдың орыс отаршылдығын жастайынан сезінуі, өлкедегі саяси оқиғаларға ертеректеу араласа бастауы оның түрікшілдігінің бастамасы болды деуге болады. Үшіншіден, Мұстафа Шоқайдың түрікшілдігі, «тұтас Түркістан» идеясының қалыптасуы мен бастау көздерін алып қарастырғанда жәдидшілдік қозғалыс туралы айтпай өту мүмкін емес. Жәдидшілдік қозғалысының пайда болып, Түркістан өңіріне таралуы туралы түркітанушы-ғалым Сәбит Шілдебайдың еңбектерінен кең мағлұмат алуға болады. Ресей жәдидтерінің атасы Ш. Маржанидің жолын ұстанған баспагер Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы орыс езгісінен құтылу жолында бүкіл ислам әлеміндегі рухани тұтастықты пайдалана отырып, тарихи тұтастыққа қол жеткізу үшін күрес жүргізді. Яғни түрік халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында тер төкті. Осылайша, түрік қағанаты дәуірінде Қытайға қарсы қорғаныстық сипатта пайда болған «тұтас түрік елі» идеясы XIX ғасырдың аяғында түрікшілдікті туғызды. XIX ғасырдың 90-жж. жәдидтік мектептер мен медреселер Қырым, Еділ және Орал татарлары, башқұрттар мен ноғайлар арасында мойындалып, қазақ даласына бұндай мектептер туралы хабарлар екі бағыт арқылы — Орынбор және Түркістан өлкесі молдаларының (жәдидшіл мұғалімдердің) мәдени-ағартушылық қызметі арқылы тарала бастады. Әсіресе қазақ даласына жәдидшілдік идеяларын таратуда Түркістан өлкесінің түрікшіл жәдидтері үлкен қызмет атқарды. Түркістан өлкесіндегі жәдидтік мектептердің бірін 1893 ж. қыркүйек айында көпес Хұсайыновтың қаржысына И. Гаспралы Самарқанд қаласында ашады. Жәдидтер дегеніміз — мәдениет түрікшілдері болды [11; 342]. Бір сөзбен айтқанда, XX ғ. басындағы жәдидшілдік патша үкіметін қатты үрейлендірген философиялық идеологиялық, рухани-мәдени һәм тарихи біртұтастықты көтерген, қазақ қоғамына ерекше ықпал еткен әрі тарихында терең із қалдырған мәдени түрікшілдік болатын.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н. Қалың елім, қазағым. — Алматы: Өнер, 1998. — 283-б.
- 2 Қара А. Мұстафа Шоқай, өмірі, күресі, шығармашылығы. — Алматы: Арыс, 2004. — 317-б.
- 3 Шоқай М. Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 384 б.
- 4 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Ататек, 1995. — 32-б.
- 5 Оралтай Х. М. Шоқай және оның шет елдердегі ізбасарлары // Қазақ тарихы. — 1997. — № 2. — 6-б.
- 6 Шоқай М. Таңдамалы. — 2-т. — Алматы: Қайнар, 1999. — 60-б.
- 7 Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. — Алматы: Фолиант, 2007. — 24-б.
- 8 Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты. — Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. — 55-б.
- 9 Оралтай Х. Мұстафа мен Мағжан — Тұран елінің даналары. — Алматы, 1993. — 13-б.
- 10 Төлепберген Б. 1937–2007 жылдар — тауқымет пен тағзым. — Алматы: РИИЦ-Азия, 2007. — 156-б.
- 11 Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. — 3-т. — Алматы: Қайнар, 2007. — 384 б.

А.Б.Омаров, Ж.А.Карсыбаева

Жизнь и общественно-политическая деятельность Мустафы Чокая: основные этапы

В данной статье рассматриваются жизнь и периоды становления общественно-политической деятельности Мустафы Чокая — представителя казахской национальной интеллигенции начала XX в. Авторы, опираясь на труды о М.Чокае в отечественной истории, анализируют исторические события, повлиявшие на становление его политических взглядов. Выделены его идеи об изменениях в общественно-политической жизни Казахстана в 1917–1920 гг. Рассмотрены публикации Мустафы Чокая в журналах «Яш Туркестан», «На рубеже» и других изданиях в период эмиграции за рубежом. Показано влияние движения джадидизма, возникшего в начале XX в. в Туркестанском крае, на политические идеи Мустафы Чокая.

A.B.Omarov, Z.A.Karsybayeva

Life and social and political activity of Mustafy Chokaya: basic stages

This article describes the life and times of the formation of Mustafa Chokay's social and political activities — representative of Kazakh national intelligentsia in the early twentieth century. Authors based on the works about M.Chokay in the country's history, analyzes historical event that influenced the formation of political opinion leader of the nation. The author analyzes the idea of figure his writings about changes in social and political life of Kazakhstan in 1917–1920. Consider the works of Mustafa Chokay «Yash Turkestan», «At the turn» and other publications in the period of emigration abroad. Determines influence Jadidism movement, emerged in the early twentieth century in Turkestan, on the political ideas of Mustafa Chokay. Analyzing the works of a public figure, identifies the main issues.

References

- 1 Nazarbayev N. Kalyn elim, kazagym, Almaty: Oner, 1998, p. 283.
- 2 Kara A. Mystafa Shokay, life, fight, creation, Almaty: Arys, 2004, p. 17.
- 3 Shokay M. *Favorites*, Almaty: Kainar, 1998, 384 p.
- 4 Nyrpeyisov K. *Alash and Alashorda*, Almaty: Atatek, 1995, p. 32.
- 5 Oraltay Kh.M. *History of Kazakhstan*, 1997, 2, p. 6.
- 6 Shokay M. *Select*, 2, Almaty: Kainar, 1999, p. 60.
- 7 Kydyraliev D. *Mystafa Shokay*, Almaty: Foliant, 2007, p. 24.
- 8 Tyrsyn Kh.M. *Turkestan a liberation movement is national and Turkestan autonomy*, Almaty: Nurly Alem, 2006, p. 55.
- 9 Oraltay Kh. *Mustafa and Magzhan — the wise men of the Turanian people*, Almaty, 1993, p. 13.
- 10 Tolepbergen B. *1937–2007 years, adversity and victory*, Almaty: RIITs-Asia, 2007, p. 156.
- 11 Shokay M. *Select labours*, 3, Almaty: Kainar, 2007, 384 p.

A.Z.Zhumanova, A.B.Omirbaev

*Ye.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: aiman_jumanova@mail.ru)*

The role of independent media in society

This article considers the influence of the liberal opposition newspapers on the society, their place and features, the freedom of expression thoughts and words, the impact of alternative information that occurred in the years of independence, that is, between the years 2004–2014. The author evaluating liberal opposition newspapers that published for twenty years, based on the clarification investigation of public opinion, he analyzes influence of independent edition in the development of democracy in the country, the freedom of speech. Furthermore, the scientist voiced his views on the various events from the first transitional period of independence until today significant changes in society. Author, using as much as possible property of the social policies in the liberal opposition newspaper, and Internet resources, and various interviews, in the disclosure of work in the context of national interests the press materials «Jas Alash», «Aikyn» with work of the journalist K.Amanzholov «The fight against censorship, better do free work», and the article of social activist A. Sarsenbayev «There is no advantage at that truth to be told too late», he shows the role of alternative editions of Kazakhstan in public life.

Key words: The independent newspapers, freedom of the press, official information, political and social situation in the country, statistical data.

After having sovereignty, rising, for more than twenty years the newspapers and magazines open the eyes of the masses, if we say that we poured in their soul joy and faith, it will be no exaggeration. In the end, anyone, regardless of social status through the media receives information about positive change in society, the direction of developing country, even read different quickly flashed news, he begins to change his outlook. In particular, opposition-liberal newspaper disclosed a lot of truth, detected state, control authorities. Language and religion, national history and tradition of our people, customs, culture and literature, in one word in the newspaper began to appear articles about propaganda of national ideology. Of course, all this will make the reader to think about.

Before we share thoughts about newspaper, let's look for an answer to the question what is a «newspaper». At this difficult question clearly and accurately answered leader of Alash Ahmet Baitursynov «Newspaper — its ear, eye and tongue of people», he said. Accordingly, the newspaper — it is a herald of great news; it is the heart of the people. Newspapers need ethical level, which would raise this load. And the people, as the reader should not turn away from the truthful newspaper. On the one hand today they will learn about the public something new for themselves, and with the help this knowledge they would be able to protect their interests. And journalists who work hard — with great diligence, making every effort and all their strength, their work is invaluable. Famous writer Sherkhan Murtaza has wise words, «The journalist — is the person who is like a camel rises gold and eats dzhantak». How can we evaluate a journalist even more? That is why people should read truthful newspapers and articles. No one doubts that the newspapers serve the whole society as a teacher free. About the newspaper we are not fully formed a common opinion. National writer, a famous publicist Mukhtar Magauni in his sorrowful poem titled «Ultsizdanu urany» said: «Our Kazakh journalists, even easy things can not finish or deteriorate, and what we need to embellish and add something unusual, they generally all ruin». Summing up, it's all because of illiteracy people. One famous man said: «Without freedom of speech we can stay dumb and quiet, like sheep to the slaughter» — quite the right expression, clearly expresses the positions of those laws have to be silent. Vocation of freedom of speech could give people the opportunity to offer something new, to change the country is not a revolt or revolution, but a word. Alas, we have not reached that, we ignored urgent and important issues [1]. «From the first days of independence, we tend to doubt, in the end, today we are in a helpless and anxiety condition» — raises the question. Famous writer said: «For many years in the Kazakh media there is a significant direction — on the one hand praise and flattery, and on the other side the abuse and censure. Those who eulogized — people sitting in power. «Of course, as the well-known writer said: there are still shortcomings in Kazakh newspapers, this is no exception. However, it is not characteristic of all creative people. Cause of such questions, and ultimately answer itself in the formation of a truly independent and neutral me-

dia. But, as Kazakhstan gained independence, since the founding of the democratic press, we have begun to express the freedom of expression of spirituality.

In independent Kazakhstan media in the special situation. Starting with the government newspaper number one «Sovereign Kazakhstan», and the newspapers «Nur Otan», «Aykin», «Steppe and the city», «Alash ainasy», «The young Kazakh», «The Kazakh literature», «Almaty aksham», «Astana aksham» together with regional and city and district newspapers, today the authorities on the basis of policy support, evaluate their work and propagandize them to the people [2].

Among the first laws of sovereign Kazakhstan in 1991 adopted a law «About press and other mass media» their news and democratic norms served as a powerful factor in the development of the Kazakh mass media and printing. In a society was eliminated the monopoly of the mass media. In Kazakhstan, 80 % of media is privately owned. 184 owners of the mass media is a public association, 9 political parties, 18 religious associations.

Today in the republic works 1862 mass media, including the 1211 newspapers, 477 magazines, and 152 electronic mass media. In 1999 was adopted conceptually new law «About the Media», his liberal standards contributes to the further development of the powerful national media. At the same time, more advanced law-enforcement and guaranteed in the Constitution, freedom of speech and independence of the media, as well as the safety of public information, society and every individual, domestic media market with taking into account the need to ensure competitiveness, and all this, now «About mass media» adopted project of the new law. It was examined by order of Representative for Freedom of the Media of the OSCE. In the republic is spread 2230 foreign newspapers and magazines. National newspapers and programs consistently receive financial assistance from the state [3]. However, while most Kazakh press is a private, we cannot say that they are independent publications. Because, every publication are not working in the way of national and political interests. In Kazakhstan, the few independent publications, which protect the interests of people and which, really care for their country.

Government institutions and the budgetary sphere accept the responsibilities to engage the circulation of newspapers. Thus, noting only the good side, we noticed that the bad side remains in the shadows. However, in the life cannot be all perfect. Now, the time is not like the period of the Soviet Union, today, we have developed and grown, we discern truth from falsehood. There are independent newspapers, such as «Jas Alash», «Dat», «The young Kazakh», «The young Kazakh day», «Epoch of Kazakhstan», «Turkistan», also the regional newspapers «Altin orda», «Aina plus», «Moldir sana», «Aigak», «Alatau», who tell the truth and the only truth. These newspapers have a good reputation and who really deserve them. System of the mass media in real social life contribute to improving competitiveness, they show an example of independent thinking [4].

It would not be a lie to say that today the independent media in public life have reached the highest point and the greatest level. All data suggests is that, though the appearance of the independent media in Kazakhstan, it is for the better, but to stabilize freedom and entrenched laid down principles, publications in the future have not been able to be a reliable instrument in the continuation and preservation of these things. Sometimes in the press the small things, details praises, as well as in the emergence of national thought and using the freedom of thought for the self-interest appeared individual acts. In the history the unknown «warriors», «wise men» idealize and raises, inappropriate praise and even worship them.

Some journalists have turned to such people who indicate the contradictions and litigation of those people who have the authority. All of this eventually resulted to the development of mass media to the beginning of new twists. As a result, many newspapers have changed and updated their duties. Finally they stopped doing some work. A circulation of newspapers and the magazines, which in was in state form decreased. Journalists, who work there, for various reasons, have been compelled to stop their activities. Newspapers and magazines which have abandoned their old principles and from the old direction, adapted to modern requirement, the new conditions of the market economy and they have taken a step to upgrade their activities. If resort to some reports, it becomes clear that in Kazakhstan the total number of emerging newspapers and magazines about 2500. And in Russia, the control information is quite different, newspapers and magazines that come out from their country are not counted. The well-known poet Mukhtar Shakhmanov even when he was a deputy of Majilis of Parliament of Kazakhstan, wanted to do so, that the Kazakh language became a new way of mass medium. Chosen of people in his speech solemnly said that Kazakh young people are exactly read old edition, not even considering the fact that the message of the Russian State TV and Radio Broadcasting Company, which conquered the market ether of our people, about 6000 newspapers and magazines that are arbitrarily transported in our country. Those publications which do not have their own opinions

and views, who just use the Internet and prepared things with the power of technology, in the industry their days are not great. Without thirst search of creative, their life will be like life of a butterfly who, lives only one day, sooner or later the destiny will show it. Representatives of the media: independent and dependent publication they are like on the fields of battle without a gun [5]. In general, speaking about independent publishing, we cannot get away from the term «free journalism». Because the advantage of the liberal opposition publications — is that they do not hide what had happened, they do not conceal the truth, they do not keep the people in deluded, they speak everything is clear. That's why we are enlisted liberal opposition newspaper in the category of free journalism, in contrast the publication which closes to the government.

The term free journalism is not used during the Soviet Union. In the studies Bekhozhin H., T.Amandosov, B.Kenzhebaev, T. Kozhakeeva who examined Kazakh journalism, we met these terms. The outstanding scientist, academician Rymgali Nurgaliyev, who introduced the term to use in his works often use the term «Free Journalism». Indeed, he based on the idea of freedom, freedom of thought and mind of newspapers which have a national character, which was born the beginning of XX century. They actually held a democratic direction. In this direction, they used the term free journalism as the basis, but exactly to the free journalism requirement many more [2].

In the political life of independent Kazakhstan role of the media is exclusive. For example, a politician K.S.Gadzhiev says: «The media is not only a synthesis of policy and creativity, its pre-eminent element of the «fourth power» [6]. In countries where the power of democracy is very weak, or where there is no democracy in general it is very doubtful in the formation of the fourth power of the press. Regarding the situation in Kazakhstan, a little bit, but we have the signs of democracy, nevertheless pressure of the authorities on various newspapers cross out all aspects of democracy in our country. However, in our time, the views of many politicians and political scientists have changed; they consider mass media is not only as the fourth power, but also as a factor in forming the public opinion. The level of development of democracy in Kazakhstan, and his whole nature is similar to the level of development of the Kazakh media. Because the verity of freedom of opinion and speech reflected in the mass media.

Political scientist A. Sarsenbayev gives a description to the «fourth power» in the direction of the transition period in information sphere. In the fight towards the creation of a democratic society he pays particular attention to representatives of the press [7]. From this aggregate of opinions, we understand that an independent publication — it means forming public opinion and leading democracy in the country. Undoubtedly, the media especially the liberal opposition newspapers is not only extend the capabilities of the country, but also turned into a force contributing to political power. Because the superiority of an open information policy sphere ensures the reader purchase their views and their opinions, judgments and conclusions of the community has become a factor of careful research. Thus, the liberal opposition newspapers not only explore the mood of society around a certain problem, but it becomes also the tool of formation social views. Information policy and its significant results in the area of the new information did not go unnoticed people, who sitting in power and professionals. As a result, authorities have to consider with the media, they became make the right decisions and began to realize them.

If the removal of Soviet censorship, the attainment of freedom of creativity together with independence, the new trends in the press service, in connection with growth types of media in the information sphere increased competition is one reason. That the rise of the mass consciousness to a new level, increasing the requirements tied on former state media audience, the whole development of the taste of readers, listeners and viewers become the another reason. The newspaper — it is narrator of era. Looking at the image of certain publication, see sorrow, grief and suffering of every time we learn about protecting the interests of our era. 1993, when we gained independence, but is still not in a stable system, the development of regional newspapers led to the stagnation of national consciousness, we got into a hopeless situation and reached an impasse. Newspapers were born respectively with real events, with specific social phenomena based on certain amount of time, requirements and necessity of particular social groups. Therefore, they primarily follow the influence of time and humans [2]. Of course, having received independence, making the first steps, a young country such as Kazakhstan, according to all international standards, had adopted a law on the media. This, in turn, becomes the subject of the whole people and there was a common theme for journalists. Because the people who strove to freewill; would not be subject to pressure from the authorities. Of course, censorship forced unnecessarily reprimanded the media, including the liberal opposition publications.

During the plenary session of the Senate deputies for the project law on «Mass Media», while overcoming the arisen disagreements among the Houses of Parliament, they approved the proposed wording of Commission. After that, according to the regulations adopted a law and sent to the signature of the head of

state. However, after approval by Parliament the law about «the media», the World Forum of Editors and newspapers have expressed concern and appealed with the Declaration to the President Nursultan Nazarbayev. In this treatment, they said that the law on «mass media» can be a threat to freedom of speech and asked the President not to adopt a law approved by Parliament. World Association of Newspapers and the representatives of World Editors Forum: Seok Hoon Hong and Gloria Brown Anderson in circulation addressed to President Nursultan Nazarbayev on behalf of the 18,000 publishers in 101 countries, reports that the law on «Mass Media» approved he Parliament of Kazakhstan restrict freedom of expression. Also, they wrote in their appeal that that the law «Mass Media» there are obstacle things to the development of independent publications. Authority, since in those years, when we gained independence, strictly adheres to democratic orientation, would continue in the same spirit [5]. From here you can and learn the views and opinions nation in relation the liberal opposition newspapers. Because, if we restrict freedom of speech, slow down the development of society, and we would have lost a source of joys and sorrows of the people. Liberal opposition newspaper describes the problems of the common people, and conveys their problems to the authorities and make demands. The interesting thing is that if the opposition media say about strengthening censorship, the authorities announce publications which openly express his thoughts, that the road is open. "Today, in this hall, our foreign guests probably shocked about opposite views on freedom of expression and in general from socio-political situation in Kazakhstan by the NGOs. I treat this problem a purely political point of view. Five years ago, during the presidential elections, a total of 600 thousand Kazakhstanis voted against President NazarbayevIt can, constitutes only 10 percent of the electorate of Kazakhstan. I suppose that this Kazakh opinion about this part of the electorate in today's meeting openly and clearly stated. Of course, we respect this judgment. However, from Greece, where democracy was born, this direction is always the power of the majority, that we should never, and under no circumstances forget. And the majority here — it's 6 million. 186 thousand Kazakh people, that is, of course, support the strategic course of the head of state 91 percent of the electorate», — said E. Ertisbaev [8]. Of course, you cannot hide the fact that newspapers are openly criticized the authorities have been subjected to persecution. There are publications that have been able to oppose the authorities, who saw all the difficulties of life, and who brought the truth to the people. And in this aspiration personal contribution of every journalist is priceless.

Отан тарихындағы күрделі мәселелердің бірі ұлт-азаттық қозғалыстар болып табылады. Ә. Бөкейхан қазақ даласында болған 1916 ж. көтерілістің маңызына тоқталмай кетпейді. Ресей тарихшысы Шестаковпен 1926 ж. «1916–1926» атты еңбекті жазды. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің қазақ халқына әкелген ауыртпалығын «1916-шы жылы патша сансыз жігітті соғыста өлтірді, қолы-аяғы жоқ, ақылдан адасқан мешел де мүгедек қылды, елдің шаруасы ойрандалды, соғыста ерлер өліп, елде шаруа күйзелді, жетім бала, жесір қатын, шал-кемпір көзінің жасы көл болып, жұртта қалған ботадай боздады. Ет, нан тапшыланды, жұттағыдай жоғалды», — деп сипаттайды [7; 84]. Бұдан әрі

қазақ әскерге қара жұмысқа адам аламыз деген патшаның 25 маусымдағы Жарлығы халықтың ашу-ызасын тудырғандығын айтып өтеді. Ол туралы: «Қазақ-қырғызбен бірге өзбек, түрікпен, тәжіктер де бас көтереді... Қазақ-қырғыздың патша үкіметіне қарсы соғысы жерін тартып алғаннан, қара жұмысқа аламынан шығады. Патша үшін, орыстың ақсүйегі, төресі үшін қазақ-қырғыз бір тамшы қанын да қиғысы келмейді, жерін алған, өзін соғысқа айдаған патшаны иттің етінен қазақ-қырғыз жек көреді, бүйтіп қор болғанша, өзінің жағасынан алып өлейік дейді... Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де, келешекте қандай ел екенін білдіреді. 1905-ші жылғы Мәскеудегі жұмысшы көтерілісі де жұмысшыны көп шығындатқан. Осы көтеріліс келешекке үлгі болды. Қазақтың 1916-шы жылғы көтерілісін де осылай ұғыну керек... Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік, өзге елдің патша өкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады» [7; 86], — деп қазақ көтерілісінің Ресей империясы қол астындағы басқа да халықтардың бас көтеруіне себеп болғандығын назар аударады және осы көтерілістің 1917 ж. патшаны тақтан құлатуда ерекше роль атқарғанын атап өтеді. Сонымен қатар Әлихан Нұрмұхамедұлы көтерілістің таптық сипатта емес, отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық бағытын атап көрсетеді. Қарусыз халықты басып-жаншыған патша әскерінің қиянаттық іс-әрекетін «Қарусыз елді қойдай айдап, жердей таптап, жаудай тонайды. Патша әскері немістен гөрі, қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді. Қазақ жерінде соғыс бітіп қалса, өздерін сол күні неміске қарсы айдайтынды біледі де, қазақ елінде момын елді шауып, соғысып жатырмыз деп жүре береді» [7; 85], — деп әшкерлеп, сынайды. Еңбектің соңында Ә. Бөкейхан: «Қазақ-қырғыздың көтерілісін орыстың төрелері қазақ-қырғыздың жерін алуға әдейлеп жасады деген пікір — адасқан. Қазақ-қырғыздың жерін алған соң, өзін қара жұмысқа тізген соң,... қарсы тұрып көтеріліп соғыс ашқан. Қазақ-қырғыздың көтерілісі қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана, дария толқиды» [7; 87], — деп 1916 жылғы көтеріліске өз бағасын береді.

Енді Ә.Бөкейханның Ф.А. Щербина экспедициясы құрамындағы қызметін қарастырсақ, оның қазақ зиялысы, қоғам қайраткері, ғалым ретіндегі сан қырының осы істе таныта білгендігіне көзіміз жетеді. Экспедицияның мақсаты ХІХ ғ. 90-шы жж. бастап, Ресей үкіметінің қоныстандыру саясатының объектісіне айналған қазақ даласын жан-жақты зерттеп, қазақ шаруаларының үйді-үй, жайлау мен қыстауларын, егіндік, шабынды жерлерінің көлемін анықтау, қазақтың жер-суын, орман-тоғайын, шөл даласын есепке алып, тізімін жасау болды. Ә. Бөкейхан «Щербина экспедициясының» Семей облысына қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей уездері мен Ақмола облысының Омбы уезінде жүргізілген жұмыстарға тікелей араласып, алуан түрлі құнды материалдарды жинақтап, үйді-үйлердің, қара малдардың санын есепке алады да, жиналған бай материалдарды іріктеп, өндеп ғылыми қорытынды жазуға атсалысады, ғылыми есеп кестелерін жасайды, жер-су карталарын сызады. Қазақтың шаруашылығына, егіндік-шабындықтарына қыстау-жайлауына ғылыми тұрғыдан сипаттамалар беріп, ғылыми жұмыстарға көңіл бөледі. Ғылыми экспедицияларға шығу нәтижесінде жазылған еңбектерінің ішінде Қарқаралы, Павлодар уездеріне арналған зерттеулер қазақ руларының шығу тегін, ежелгі аңыз-әңгімелерді қамтитын бағалы материалдарымен ерекшеленеді. Осы зерттеулер арқылы Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері мол мәдениетін, тұрмыс-салтын әдет-ғұрпын, наным-сенімдерін, өнерін зерттеп, жазып едәуір мұра қалдырды. Қазақ ұлтының жүздік, рулық-тайпалық құрылымын зерттеген, қазақтың тұңғыш ғалымдардың бірі болып табылады.

Ә. Бөкейхан «Список обам на реке Слеты в Коржункульской волости Акмолинского уезда» [1; 193] атты ғылыми басылымынан ғалымның Қазақстан аумағындағы тарихи ескерткіштерге, балбал тастарға қызығушылық танытқанын көреміз. Бұл ескерткіштерге ол Щербина экспедициясының құрамында жүріп зерттеу жүргізген. Бұл еңбекте ғалым обалардың орналасқан жерін көрсетіп, оларға толық сипаттама береді.

Ғалымның тоқталмай кетуге болмайтын тағы бір еңбегі — «Қара қыпшақ Қобыланды» әдебиетін зерттеуі. Бұл халық ауыз әдебиетінің нұсқасын Ә. Бөкейхан тарихи шынайылық тұрғысынан қарастырғандықтан, белгілі бір тарихи қызығушылық тудырады. Бірақ ғалым бұл жырдың тарихи шынайылығына былай деп: «Жоғарыда жазғанымнан анық болар. «Қобыландыда» ақын қосқан тарихқа тура келмейтін көп қосымша бар. Қазақ тарихына пайдалы сөз «Қобыландыда» аз көрінеді», — деп тұжырым жасайды [8].

Қазақ жерлерін тартып алу фактілерін «Ақмола облысындағы қоныс аударып келгендердің жерлері» («Переселенческие наделы в Акмолинской области»), «Қазақтар Дала генерал-губернаторының мәжілісінде» («Киргизы на совещании степного генерал-губернатора») атты мақалаларында дәлеледеп көрсетеді.

Ал, қазақ, орыс тілдерінде жазылған, мерзімді баспасөзде, әсіресе «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларының идеялары, ой-толғамы, стилі бөлек. Бұл мақалаларда автор өткен уақыт емес, өз заманындағы көкейкесті мәселелерді талдап, түрлі ағымдарға баға береді, өзі тоқтаған тұжырымды ортаға салады.

Ә. Бөкейхан ХХ ғ. басындағы қазақ жеріндегі кез келген мәселені ерекше қоя білген. Ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды. Қазақ халқының түрлі тарихи кезеңдеріне талдау жасайды. Ғалымның еңбектерінде қарастырылатын патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, ұлт-азаттық қозғалыс тарихы және қазақ тарихындағы тағы басқа өзекті мәселелер бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі отаршылдық, қанау кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық; жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық сияқты кесепат мінездерді сынап, ел тағдыры үшін ең маңызды нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі — жерге иелік екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалаларды жарыққа шығарады.

Қорыта айтсақ, ғасыр басындағы қазақ халқының өмірі мен қызметінің сан алуан қыры Ә.Н. Бөкейханның назарынан тыс қалмады деп айтуға болады. Оның сол кездегі қоғам өмірінде орын алған мәселелердің барлығына қалам тартқандығын көруге болады. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихы туралы ғылыми жұмыстарды жазуда Ә. Бөкейханның еңбектерін пайдаланбай жазу мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Бөкейхан Ә.* Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 б.
- 2 *Сидельников А.Н., Букейханов А.Н., Чадов С.Д.* Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 с.
- 3 *Букейханов А.* Киргизы // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. — 477 с.
- 4 *Бөкейханов Ә.* Шығармалары. — 1994. *Қыр баласы.* Жауап хат // Қазақ. — 1914. — № 51. — 152-б.
- 5 *Сеитов Ә.Т.* А.Н. Букейхан как историк и общественно-политический деятель: Дис. ... канд. ист. наук. — Алматы, 1996. — С. 150.
- 6 *Букейханов А.* Материалы к истории султана Кенесары Касымова // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 477 с.
- 7 *Бөкейхан Ә.* 1916–1926 (25 июнь) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. — 477 с.
- 8 *Бөкейхан Ә.* Қара қыпшақ Қобыланды (сын) // *Бөкейхан Ә.* Таңдамалы. — Алматы, 1995. — 313-б.

Т.К.Сакабай

Значение научного наследия А.Н.Букейхана в изучении отечественной истории

В данной статье рассматриваются фундаментальные труды А.Н. Букейхана — представителя казахской национальной интеллигенции начала ХХ в. Автор анализирует вклад А. Букейхана в исследование отечественной истории на основе его трудов и материалов, собранных в ходе научных экспедиций. В статье характеризуются его взгляды и оценка на исторические события в жизни казахского народа. Автором были использованы основные исследования начала ХХ в.: «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы», «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомков», «Из бумаг султана Большой Киргизской Орды Сюка Аблайханова», «Из переписки киргизских ханов, султанов и пр» и другие труды А. Букейхана.

T.K.Sakabai

Value of scientific heritage of A. N. Bukeykhan in studying of National history

In this article fundamental works A.N rassmatrivayetsya. Bukeykhana — the representative of the Kazakh national intellectuals of the beginning of the XX century. The author analyzes A. Bukeykhan's contribution in research of National history on the basis of its works and materials collected during scientific expeditions. In article his views and an assessment of historical events in life of the Kazakh people are characterized. The author used the main researches of the beginning of the XX century: «Historical destinies of the Kyrgyz edge and its cultural progress» «Kyrgyz», «From correspondence of the khan of the Average Kyrgyz horde Bukey of t and his descendants», «From papers of the sultan of the Big Kyrgyz Horde Syuk Ablaykhanov», «From correspondence of the Kyrgyz khans, sultans and others» and other researches of A. Bukeykhan.

References

- 1 Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty, 1995, 477 p.
- 2 Sidelnikov A.N., Bukeykhanov A.N., Chadov S.D. *Historical destinies of the Kyrgyz edge and its cultural progress*, Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty, 1995, 477 p.
- 3 Bukeykhanov A. *Kyrgyz*, Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty: Kazahskaya enciklopediya, 1995, 477 p.
- 4 Bukeykhanov A. *Kazak*, 1914, 51, p. 152.
- 5 Seitov E.T. *A.N. Bukeykhan as historian and political figure: dis. ... cand. historical sciences*, Almaty, 1996, p. 150.
- 6 Bukeykhanov A. *Materials to history of the sultan Kenesara Kasymov* // Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty, 1995, 477 p.
- 7 Bukeykhan A. *1916–1926 (June, 25)* // Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty: Kazahskaya enciklopediya, 1995, 477 p.
- 8 Bukeykhan A. *Kara kypshak Kobylanda (son)* // Bukeykhan A. *Favorites*, Almaty, 1995, p. 313.

Б.А.Смағұлов, Л.Қ.Шотбақова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: baiyan81@mail.ru)*

Қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелері

Мақалада қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір тұстары қарастырылды. Мерзімді басылымдардың тарихи дерек ретіндегі қызметі айқындалып, олардың тарихтағы орны көрсетілді. Қазақ баспасөзінің тарихы ХІХ ғ. аяғында басталып, бүгінгі күнге дейін жеткендігі және тарихи дамудың әр кезеңдерінен өткен отандық газет-журналдардың жалпы жағдайы туралы баяндалады. ХІХ ғ. аяғы – ХХ ғ.басында, кеңес кезеңінде және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанда басып шығарылған газеттер мен журналдарға салыстырмалы талдау жасалды. Мерзімді басылымдарды зерттеу барысында қосымша дерек ретінде цензура мен цензура құжаттарының рөлі талданды.

Кілт сөздер: мерзімді басылымдар, қазақ баспасөзі, газет-журналдар, ұлт зиялылары.

Тарихи деректердің бір түрі мезгіл-мезгіл шығып тұратын ұзақ мерзімді басылымдар болып табылады. Оның атқаратын қызметтері — қоғамдық ой-пікірді ұйымдастыру, мемлекетке идеологиялық тұрғыдан ықпал ету, экономикалық, саяси және мәдени ахуал бойынша ақпарат беру, басқару жүйесінде кері байланыс орнату.

Мерзімді басылымдар үш түрге бөлінеді: газеттер, журналдар және ғылыми қауымдастықтың мерзімді басылымдары. Түрлерін белгілеуге байланысты қолданатын терминдер қазіргі кездегі өз атауларына сәйкес келеді. Мерзімді басылымдарды олардың атқаратын қызметтеріне қарай жіктеуге болады. Мерзімді басылымдардың негізгі мақсаты — қоғамдық пікірді қалыптастыру.

Мерзімді басылымдардың маңызды сипаты олардың бір мезгілде шығатын санына байланысты, әсіресе олардың қалыптасуының бастапқы және қоғамдық күйзеліс кезеңдерінде жарық көрген басылымдардың көп бөлігі ұзақ уақытқа жетпеді. Сондықтан жиі қолданатын мерзімді басылымдардың жалпы саны газет және журналдардың жағдайына тең болмады. Келесі бір мерзімді басылымдардың сипаты оның таралымына байланысты болуында. Аталған сипаттар бір-бірімен тікелей байланысты. Мерзімді басылымдардың жеке немесе ресми екендігін ескеру қажет және оны қаржыландыру көзін де нақты білген дұрыс.

Мерзімді басылымдарды дерек ретінде қолдануда цензура мәселесіне де ден қою керек. Цензура тек газеттер мен журналдарға ғана емес, барлық басылымдарға ықпал етеді. Бірақ мерзімді басылымдарды қарастыруға байланысты цензура тарихына қатысты үш жағдай өзіне назар аудартады. Біріншіден, басылымдардың публицистикамен байланысы цензураның назарында болады. Екіншіден, мерзімді басылымдардың мезгіл-мезгіл шығып тұруы, олардың таралуы, оларға жазылу және жеке сатылымға түсу бағасы қаржылай тәуелділікке әкелетіндіктен де қатаң цензураға бағынады. Үшіншіден, мерзімді басылымдардың өзіне тән маңыздылығы олардың кумулятивті эффектiге ие болуы, цензуралық қызметке қатысты қажетті есепті жүргізуде қиындық келтіреді.

Міне, осыларды айта отырып, мерзімді басылымдардың маңызды құрамдас бөлігі болып отырған газет пен журналдардың тарихи дерек көзі ретіндегі қызметіне жеке тоқталғанды дұрыс деп есептедік.

Газеттердің пайда болуын қарастыратын болсақ, оның үш себебін бөліп көрсетуге болады: көбінесе экономикалық сұранысқа қызмет ете алады, қоғамдық топтардың қызығушылық танытқан көпшілік пікірін қалыптастырады және мемлекетік идеологияны жүргізеді. Сол себепті өткен ХХ ғ. басында мерзімді басылым ретінде газеттің негізгі қызметі түбегейлі айқындалды — қоғамдық пікірмен бөлісу және қоғамды жүйелеу бүгінгі күнге дейін сақталып отыр.

Журнал — мерзімділігі жағынан аптасына, 10 күнде, 2 аптада, айына, 2 айда, тоқсан сайын, жарты жылда 1 рет шығатын басылым. Мазмұны жағынан журнал, қоғамдық-саяси, әдеби-көркем, спорттық, сатиралық, өндірістік-техникалық, ғылыми-көпшілік, ғылыми-ақпараттық, библиографиялық журнал болып, оқырмандарына қарай бұқаралық және оқырмандардың белгілі бір категорияларына (балаларға, жасөспірімдерге) арналған болып бөлінеді. Бұқаралық, қоғамдық-саяси және әдеби-

көркем журналдарда ақпараттық, публицистикалық, көркем шығармалар, танымдық, сәндік, көркем өнер туындылары сипатындағы материалдар, фотосурет түрлері мен бейнелеу өнерінің туындылары; ғылыми-көпшілік, ғылыми-ақпараттық журналдарда ғылыми-зерттеулерде мақалалары, аннотациялар, ғылыми хабарлар, спорттық және өндірістік-техникалық журналдарда өзі арналған салаларға қатысты материалдар, ал сатиралық журналдарда сын-сықақтар, фельетондар, тағы басқалар басылады [1].

Мерзімді басылымдар тарихын, оның ішінде ұлттық баспасөз тарихын, бүгінгі күн талабына сай, ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау, төл тарихымызды толықтыра түсері сөзсіз. Оларды тарихи дерек көзі ретінде пайдалану өткен ғасырлардағы қазақ тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік беретіні анық. Өйткені бүгінгі отандық тарихтың жазба деректерінің бір тобын мерзімді басылымдар құрайды.

Белгілі деректанушы-ғалым Қ.Атабаев мерзімді басылымдарды дереккөз ретінде зерттей отырып, қазақ баспасөз тарихын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруды ұсынады:

«1. 1870–1917 ж. наурызы, «Түркістан уалаяты газетінің» шыққан күнінен патша өкіметінің құлатылған күніне дейінгі қазақ баспасөзінің тарихы.

2. 1917 ж. наурызы — 1918 ж. ортасы. Уақытша үкімет тұсындағы демократиялық бастамалар кезіндегі ұлттық баспасөз.

3. 1918 ж. ортасы — 1920 ж. аяғы. Демократиялық күштердің большевиктік авантюраға қарсы жанталасқан күресі кезеңіндегі баспасөз.

4. 1921 ж. — 1991 ж. аяғы. Кеңес өкіметі немесе большевиктік диктатураның толық орнауы, тоталитарлық жүйенің қалыптасуы және коммунистік партияның шексіз үстемдік етуі жылдарындағы мерзімді басылым.

5. 1991 жылдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі, тәуелсіз Қазақстан тұсындағы ұлттық баспасөз» [2; 58, 59]. Ғалым бұдан басқа кеңестік дәуірдегі баспасөз тарихының өзін шартты түрде кезеңдерге бөліп көрсете отырып [2; 59, 60], «ұлттық баспасөздің пайда болу, қалыптасу және даму тарихын еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты қайта зерттеу, оның жүріп өткен жолын, қилы кезеңдерін айқын бейнелеу мерзімді басылымды халқымыздың ХХ ғ. тарихының дерегі ретінде пайдаланудың басты алғышарттарының бірі болып табылады» [2; 61], — деп жазғаны орынды.

Расында, Қазақстан тарихына байланысты мол әрі тың деректер жинақталған газет-журналдар ХІХ ғ. бастап пайда болды. Сол себепті ХІХ ғ. аяғы — ХХ ғ. басында жарық көрген газет-журналдар өзінің маңыздылығы бойынша мұрағат қорларымен теңесе алады, яғни мерзімді басылымдарға жарияланған мәліметтер мен мұрағат қорларында сақталып келген деректердің құндылық деңгейі бірдей.

Қазақ баспасөзінің тарихы 1870 ж. шыққан «Түркістан уалаяты газетінен» басталады. Газет сол кездегі Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болған Ташкент қаласында 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығып отырған. Бұл газеттен басқа да мерзімді басылымдардың бар екені баршаға аян. Олар ұзақ жылдар бойы ұлттық мерзімді басылымдардың тарихын зерттеуші, олардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін жасап, мәтіндерін қайта бастыру арқылы бүгінгі оқырманға жеткізуші ғалым Ү. Субханбердинаның еңбектері арқылы мәлім. Ғалымның «Айқап» энциклопедиясындағы «Қазақ баспасөзінің тарихынан» атты кіріспесін оқи отырып [2; 6–9], алғашқы басылымдарды жарық көрген мерзімдеріне байланысты былайша көрсетуге болады:

– ХІХ ғасырда жарық көрген басылымдар — «Түркістан уалаятының газеті» (1870–1882), «Дала уалаятының газеті» (1888–1902);

– ХХ ғ. басындағы газет-журналдар — «Серке» (1907), «Бірлік туы» (1917), «Қазақ газеті» (1907), «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан» (1911–1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913–1918), «Айқап» (1911–1915), «Алаш» (1916–1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917).

Бұл басылымдарды ұстанған бағыттарына байланысты ресми және бейресми газет-журналдар деп жіктеуге де болады. Ресми бағытты ұстанған газет-журналдарға «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» басылымдары жатады. Өйткені бұл газеттер патша үкіметінің ресми органы еді. Оған дәлел бұл басылымдарда барлық патшалық губерниялық газеттердегідей ресми және ресми емес бөлімдері болды. Ресми бөлімінде үкімет және әкімшілік органдардың жаңалықтарымен қатар, олардың

жарлықтары, түрлі нұсқаулары мен бұйрықтары басылып отырған. Сонымен бірге «ақ патшаға» арналған немесе оған деген адал берілгендікті білдіретін мақалалар да жарияланған.

Бейресми бағыт ұстанған мерзімді басылымдар «Үш жүз», «Тіршілік» тәрізді газеттер болды. Бұл басылымдардың барлығы да жалпы халыққа өз заманының саяси ахуалы, әлеуметтік-экономикалық дамуы, оқу-ағарту жайлы мағлұматтар беріп отырды. Сонымен бірге қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына үлкен ықпалын тигізді.

Аттары аталған мерзімді басылымдардың беттерінде жарияланған материалдар әр түрлі тақырыптарды қамтыған. Ендеше газет беттеріне жарияланған мақалалардың авторлары кім болды екен? деген сұрақ туындайды. Оған жауап беру үшін осы мерзімді басылымдарды қарастырып шығу керек.

Отандық ғалымдардың ерен еңбектерінің арқасында «Дала уалаятының газеті» (1994), «Қазақ» газеті (1998) және «Айқап» журналы (1995) жеке-жеке жинақ болып құрастырылып шыққан болатын. Ал 2014 ж. Орал қаласында «Ұран газеті. 1917–1918 жыл» жинағы бысылып шықты. Осы жинақтармен танысу барысында мерзімді баспасөз беттеріне жарияланған мақалалар авторларының басым бөлігі қазақ зиялыларының өкілдері екені бірден байқалады.

XX ғ. басында қаулап өсіп жетілген ұлттың зиялы тобының арасынан бөлініп шыққан шоғыры өз халқының келешегі мен алдағы даму бағдарын айқындауда үлкен еңбек сіңірді. Өкінішке орай, кейбір басылымдарда әр жылдары редакторлық қызмет атқарған адамдар жайлы материалдар өте аз немесе мүлдем кездеспейді. Айталық «Дала уалаятының газетінің» қазақ тілінде жарық көруіне себепші болған Ешмұхамед Аблайханов, Дінмұхамет Сұлтанғазин, Рахымжан Дүйсенбаев екенін көпшілік біле бермейді. Ешмұхамед Аблайханов туралы қандайда бір болмасын мағлұматтар жоқтың қасы. Ал Дінмұхамет Сұлтанғазин туралы шағын мәліметті «Творцы и свидетели истории Каркаралинска» деген монографияда және «Арыстары алаштын: тарихи очерктер» деген кітаптардан кездестіруге болады. Мұнда авторлар мұрағат құжаттарына сүйене отырып, Д. Сұлтанғазиннің ағартушы, ғалым адам ретінде қалыптасу жолдары туралы шағын бейнелерді қалпына келтіруге тырысқан [3; 235–243, 33–47]. Ол Санкт-Петербург университетінің шығыстану және заң факультеттерін бітірген, өз заманында екі мамандық бойынша қос университеттік білім алған бірінші қазақ. Бірнеше тілде еркін сөйлеп, кітап және мерзімді басылымдарды сол тілдерде еркін оқыған білімді азамат болған. «Дала уалаятының газетінің» редакторы және осы газетте аудармашы болып жұмыс істеген ол, сонымен бірге бірқатар мақалалардың авторы да болды. «Кейінгінің қамын ойлап жазылған ақыл» (1894, № 12), «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» (1888, № 51) мақалалары арқылы қазақ елінде демократиялық институттары жетілген мемлекет құру үшін ел арасында білім мен ғылымды жан-жақты дамыту қажеттігін, сонда ғана қазақ халқы қанау мен ұлттық езгіге қарсы тұра алатындығын айтқан. Қазақтың билер сотындағы демократиялық принциптердің көшпелі қоғамның ұлттық ерекшеліктеріне сай келетіні жайлы өзінің ойларын заңгер ретінде «Дала уалаяты» газеті арқылы ұсынады. Ал Рахымжан Дүйсенбаев туралы айтып кетсек, ол 1917 ж. жарық көрген «Тіршілік» газетінің редакторы болған адам. Өкінішке орай, Р. Дүйсенбаевқа қатысты деректер мұрағат қорларында да өте жұтан.

Газет алғашқыда Ревкомның, кейіннен Совдептің органы болған. Біраз уақыттан соң «Тіршілік» революцияшыл демократиялық бағыт ұстанған газетке айналады. Оған Сәкен Сейфуллин ықпал еткен. С. Сейфуллин «Тіршілік» газеті арқылы қарапайым халықты Совет өкіметі жолындағы күреске жұмылдарды, яғни газеттің бетіне саяси бостандық, ұлт мүддесіне байланысты және сол кездегі басқа да өзекті мәселелерге арналған материалдар жарияланып отырған.

«Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерімен қатар зор маңызға ие болған басылым — «Айқап» журналы. Журнал 1911–1915 жылдардың аралығында жарық көрген. Ол туралы Ү. Субханбердина былай деп жазды: «Троицк қаласындағы «Энергия» баспасында қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиет пен мәдениетімізді насихаттап, таратуда елеулі роль атқарды» [2; 24]. Бұл «Айқап» журналына байланысты айтылған шынайы пікір.

«Айқап» журналының шығарушысы және оның редакторы танымал жазушы, белгілі журналист Мұхамеджан Сералин. Зерттеуші-ғалымдар М. Сералинді қазақ журналистикасының негізін салушылардың бірі деп есептейді. Оған дәлел М. Сералиннің қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттей отырып, өзінің де өлеңдер жаза бастауында. Орыс, парсы, татар тілдерін жетік меңгере отырып, «Топжарған» және «Гүлһашима» поэмаларын жазып, көпшілікке танымал болады. «Айқап» журналында М. Сералин алдымен қолға алған, көп жазған негізгі, маңызды тақырып — жер мәселесі,

отырықшы болу, егін кәсібімен айналасу, қала салу мәселелері болды. Бұл мәселелер жөнінде М. Сералин өзінің «Жер мәселесі», «Ескі жыр», «Қазақ халқының мұқтаждығы» деген мақалаларын жазып, оны «Айқап» журналының беттерінде жариялайды. Мұхамеджан Сералин тек журнал шығарып қана қоймай, ел арасындағы ағарту мәселесіне де көңіл бөледі. Журнал жабылып қалғаннан кейін ол 1919–1920 жж. «Ұшқын» газетінде де қызмет атқарады.

1913 ж. шыққан «Қазақ» газеті ел арасына ресми түрде ұлттық идеяны насихаттауда үлкен қызмет атқарды. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі қоғамдық ұйым — ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйытқы болған да осы «Қазақ» газеті. Газеттің № 1 санында «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десендер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік...», — деп өз оқырмандарына ой тастауында үлкен философиялық мән бар.

Мерзімді басылымдар қазақ жерінің бірқатар өңірлерінде жарық көре бастады. Айталық, Семейде «Сарыарқа», Ордада «Ұран», Ташкентте «Алаш» газеттері шықты. Бұлардан басқа Өскеменде «Голос Алтая», Орынборда «Қазақ мұңы», Қостанайда «Вольное слово», Верныйда «Мұхбір» және басқа да газеттер жарық көрді.

Орынборда шыққан «Қазақ мұңы» газеті Торғай облыстық Совдепінің басылымы болды. Оның редакторы Нәзір Төрөқұлов кейіннен танымал қоғам қайраткері болды. Ол 1923 ж. Мәскеуге шақырылып, КСРО Орталық атқару Комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы етіп тағайындалады, Шығыс халықтары институты ректорының орынбасары қызметін қоса атқарады. Міне, осы кезеңде жоғарғы партия басшылығында Н.Төрөқұловтың бай білімі мен тәжірибесін дипломатиялық қызметте пайдалану туралы әңгімелер жүреді. Ал 1927 ж. 15 желтоқсанда КСРО ОАК Президиумының Қаулысымен Н.Төрөқұловты Джиддадағы (Сауд Арабиясы) КСРО-ның өкілетті өкілі етіп тағайындау туралы жарлық шығады. Сауд Арабиясында ол сегіз жыл елшілік қызмет атқарған кезінде КСРО мен Сауд Арабиясының арақатынасын, бүгінгі тілмен айтқанда, стратегиялық әріптес елдерге айналдырды. Шығыс халықтарының білгірі ретінде ол Кеңестер Одағының Арабия түбегінде өз саясатын жүргізуде достастық қарым-қатынас орнатуда король отбасымен, оның ішінде корольдің өзі Абдель Азиз аль Сауд және оның мұрагері ханзада Фейсалмен тікелей қарым-қатынас орнатудың маңызы зор екенін түсінді. Сөйтіп, ол мұрагер ханзада Фейсалмен достасу арқылы король отбасының сеніміне ие болды. КСРО-ның бұл өңірде кең ауқымда өз саясатын жүргізумен қатар, сауда-саттық мәселесін шешуде де маңызды рөл атқарды. Өз қызметін жоғары дәрежеде атқару үшін Н.Төрөқұлов бірнеше тілді меңгерді. Ол тілдердің санатында қазақ, орыс, өзбек, татар, түрік, неміс, француз тілдері бар. Аз ғана уақытта араб тілін де үйреніп алады. Осылайша қазақтан шыққан тұңғыш дипломат алғашқыда мерзімді баспасөзге де қызмет ете білді.

Өңірлерде шыққан мерзімді басылымдар өздерінің аттары айтып тұрғандай, қазақ тілімен қатар татар, ұйғыр, орыс тілдерімен араласып жарық көрді. Мысалы, орыс тілінде шыққан Өскеменнің «Голос Алтая» газеті, оның редакторы В.А. Куратов болса, Қостанайдан шыққан «Вольное слово» газетінің редакторы Н.И. Романов еді. Бұған сол кезде жүргізілген саясаттың әсері тиді.

XX ғ. басында жарық көрген қазақ басылымдарының арасында мәдени-ағартушылықпен қоса ел ішінде орын алып отырған кемшіліктерді ашып, оларды түзетуге бағытталған журналдар шыға бастады. Солардың бірі 1917 ж. жарық көрген «Садақ» журналы. Бұл журналдың редакторы Ә. Басиров болса, оған идеялық жағынан белгілі мемлекеттік қайраткер Ораз Жандосов жетелік жасады [4; 56]. Газет-журналдардың редакторлары және олардың негізгі авторлары жайлы осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ бұл мақалада қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелерін ғана қарастыруды мақсат еткендіктен, осылайша шектеліп, редакторлар мен авторлар жайлы мақаланы алдағы уақыт еншісіне қалдырдық.

1919 ж. шыққан «Мұғалім» журналы қоғамдық-саяси, ғылыми педагогикалық және әдеби бағыттағы қызметімен танымал болды. Оның беттеріне ел ішіндегі өзекті мәселелер көтерілген мақалалармен бірге К. Марк, Ф. Энгельстің қысқаша өмірбаяндары басылып шығады. Ал журналдың 1919 ж. 15 шілдесінде № 7 санының бірінші бетті ұлы Абайдың өлеңімен ашылғандығы туралы зерттеуші Х. Бекхожин жазған болатын [4; 78].

Қазақ баспасөзінің даму тарихы Қазан төңкерілісінен кейін дами түсті. Төңкеріліс жылдарынан кейінгі басылымдар да бұрынғысынша ресми және ресми емес бағытты ұстанып қалды. Ресми бағыт ұстанған басылымдардың бірі, Кирревкомның органы болған 1919 ж. шыққан «Ұшқын» және 1920 ж.

шыққан «Известия Киргизского края» газеттері. Осы екі газеттен «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері бастау алып, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның республикалық басылымдары — «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттері арқылы жалғасын тауып отыр.

Уақыт өте мерзімді басылымдардың идеялық мазмұны мен материалдық сапасы жоғарылап отырды. Газеттер мен журналдар бірнеше рубрикалармен берілетін болды. Бірақ олардың басым көпшілігі 1991 ж. дейін кеңестік идеологияға сәйкес жұмыс істеді. Тіпті атауларының өзі кеңестік идеологияға тән болды. Мысалы, «Коммунист», «Қызыл Қазақстан», «Қазақстан коммунисті» журналдары, «Правда», «Известия», «Социалистік Қазақстан», «Советтік Қарағанды», «Лениншіл жас», «Коммунизм таңы» газеттері т.с.с.

1920–1930 жж. жарық көрген газет-журналдардың барлығы да халық шаруашылығын қалпына келтіру, жаңа экономикалық саясат тәрізді мәселелер көтерген мақалалар мен жаңалықтарды жариялауда коммунистік партияның лениндік ұлт саясатына сәйкес жүргізді. Мысалы, 1931 ж. бастап шыққан Қарағандыдағы қазақ тіліндегі «Қарағанды пролетариаты» және орыс тіліндегі «Большевицкая кочегарка» газеттері сол саясат негізінде жарық көрді. Екі газет те 1936 ж. бастап облыстық басылымға айналды, ал 1963 ж. бері бүгінгі атауы, яғни «Орталық Қазақстан» деген атпен белгілі.

Барлық газет-журналдар «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұран аясында жарық көрді. Сол себепті қазақ еңбекшілері мен жұмысшыларына, интеллигенция өкілдеріне кеңес өкіметінің нағыз халықтық өкімет екенін, оның жұмысшы-шаруа одағы және халықтар ынтымағы негізінде құрылғанын, пролетарлық интернационализм идеясын түсіндіруге арналған мақалалар көп болды.

Мерзімді басылымдардың барлығына тән ортақ идеология — лениндік ұлт саясаты, социализм және коммунизм идеяларын насихаттау болды. Бұл дәстүр келесі онжылдықтарда да өз жалғасын тапты. 1940 жж. баспасөз соғыс уақытының талаптарына сай тәртіпке келтірілді. Соғыс жылдарындағы ең маңызды іс — Советинформбюросының құрылуы болды. Бұл үкіметтік орган майдандағы және тылдағы аса маңызды оқиғалар туралы хабармен газеттерді және радионы қамтамасыз етіп отырды. Соғыс жағдайында Қазақстандағы газет-журналдардың біразы уақытша тоқтатылды, сол арқылы қаржы үнемделді. Керісінше, әскери басылымдардың жүйесі өрістеді. «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы Жеңіс үшін!» деген ұран арқылы халықтың күш-жігерін жұмылдыруға шақырған, патриоттық рухтағы басылымдары арқылы газет-журналдар соғыс жағдайына бейімделді. Майдандық газеттер қазақ тілінде де жарық көрді. Олардың беттерінде соғыс барысында ерлік көрсеткен жерлестеріміз жайлы, майдан даласындағы жаңалықтар туралы жазылды. Осы жылдарғы Қазақстан баспасөзі туралы зерттеуші Х. Бекхожинның кітабында біршама жақсы жазылған [4; 187–217].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қазақ баспасөзі халық шаруашылығын қалпына келтіру, ел экономикасын одан әрі дамыту мен мәдени өмірдегі айтулы оқиғаларға арналған материалдарды жариялауға көшті. Бұл үрдіс 1990 жж. дейін жетті. Сондай-ақ газет-журналдардың беттеріне бұрынғысынша коммунистік партия съездерінің қарарлары мен шешімдері де жарияланып отырды. Оқырмандардың белгілі бір категорияларына арналған мерзімді басылымдар көбейе түсті. Әсіресе мектеп оқушылары мен жастардың сүйіп оқитын «Балдырған», «Пионер», «Білім және еңбек» журналдары, «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас» газеттері ерекше сұранысқа ие болды. Ағарту саласында «Қазақстан мұғалімі» газетінің алған орны ерекше. Әрине, аталған бұл басылымдардан басқа да газет-журналдар көп және олар белгілі бір салаға байланысты да шығатын болды. Жалпы кеңестік дәуірдің мерзімді басылымдары туралы қысқаша шолу жасай отырып, қазақ баспасөзі осы дәуірдің тарихи оқиғалары — азамат және Отан соғысы жылдарына, халық шаруашылығын қалпына келтіру мен экономиканы индустрияландыруға, ауыл шаруашылығын алғашқыда ұжымдастыру, кейінірек кеңестік шаруашылық орталықтарына айналдыруға байланысты мәселелерді көтерді деп айтуға болады.

Ал Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы деп аталған алып империя ыдырағаннан кейін, оның орнында пайда болған тәуелсіз мемлекеттерге төл тарихтарын жаңаша жазатын кез келді. Тарихтың ақтаңдақ беттері ашылып, Қазан төңкерісіне дейінгі, тоталитарлық билік жылдарындағы отандық тарихтың көкейкесті мәселелерін көтеруде және оны барша халыққа жеткізуде іргелі ғылыми зерттеулермен бірге, тағы да қазақ баспасөзі өзінің қызметін көрсете бастады. Мерзімді баспасөз халыққа қай уақытта да қоғамдық өмірдің айнасы бола отырып, қазіргі өзгермелі заманда, жаһандану кезеңінде Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуын көрсетуде үлкен рөл атқаруда. Егемендікке қол жеткізгенімізге 24 жыл ғана болғанына қарамастан,

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы баспасөзі жайлы жинақ жарық көрді [5–7]. Мұнда 1991–2008 жж. аралығындағы баспасөз мәселесі біршама қарастырылды. Дегенмен, 1991 жж. пайда болған және бұрыннан келіп жеткен мерзімді басылымдарға және жаңадан қосылып отырған газет-журналдарға сыни тұрғыдан қарай отырып, оларды да ресми және бейресми деп жіктеуге болады. Мысалы, 1919 ж. бүгінгі күнге дейін жетіп, жалпыұлттық республикалық газет сипатына ие болып отырған «Егемен Қазақстан» ресми басылымға жатса, ал оппозициялық сипатқа ие «Дат», «Свобода слова» газеттері бейресми бағыт ұстанатындығын айту керек. Сонымен бірге бүгінгі газет-журналдар заманға лайық қызмет атқарып отырғандығын атап өткен дұрыс. Қазір экономика, нарық заманы болғандықтан, газет-журналдардың басым бөлігі ақпараттық, танымдық, тәрбиелік сипатқа ие болып қоймай, жарнамалық қызметтің түрін қоса атқарып отыр. Қалай болған күннің өзінде газет-журналдарды дерек ретінде қолдану әлі де өзекті.

Сонымен, XX ғ. мерзімді баспасөздің қатары бұқаралық ақпараттық құралдардың түрлері радио және телевидениемен, ал XX–XXI ғ. тоғысы ғаламтормен (интернет) толықтырылды. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары күн сайын жетіле түсуде, саны көбеюде. Олардың сапасы артып, үйлестірілуі мен белсенділігі анағұрлым тез дамуда. Соған қарамастан, газет-журналдар бұқаралық ақпарат құралдарының бастауы, қайнар көзі болып қалуын жалғастыруда. Газет-журналдардың сандық форматы ғаламтор арқылы өз оқырмандарына ғана емес, әлемнің кез келген нүктесіндегі қызығушылық танытқан адамдардың танысуына мүмкіндік беруде. Сондықтан қазақтың мерзімді баспасөзі өз халқына әлі де ұзақ уақыт қызмет ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%BB> (дата обращения: 17.12.2015)
- 2 *Атабаев Қ.* Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: монография. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1998. — 192 б.
- 3 «Айқап» Энциклопедиясы / Бас ред. Р. Нұрғалиев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1995. — 368 б.
- 4 *Попов Ю.Г., Шотбақова Л.К., Смағұлова Г.М.* Творцы и свидетели истории Каркаралинска: монография. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2014. — 354 с.
- 5 *Өзбекұлы С.* Арыстары Алаштың: тарихи очерктер. — Алматы: Жеті жарғы, 1998. — 192 б.
- 6 *Бекхожин Х.* Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958). — Алматы: Мектеп, 1981. — 239 б.
- 7 *Сейдуманов Ж.Т.* Қазақстан тәуелсіздік жылдарындағы баспасөзі (1991–2008): ақпараттық-аналитикалық жин. — Алматы, 2010. — 534 б.

Б.А.Смағұлов, Л.К.Шотбақова

Некоторые проблемы становления и развития казахской периодической печати

В статье подняты отдельные проблемы становления и развития казахской периодической печати как исторического источника. Исследуются место и роль периодической печати в общем комплексе источников. Рассматривается история казахской периодической печати с конца XIX в. по современный период, анализируется состояние периодики на различных этапах развития отечественных газет и журналов. Дается сравнительный анализ газет и журналов, издававшихся в Казахстане в конце XIX–начале XX вв., в советский период и в период независимости. Анализируется роль цензуры и документов цензуры как дополнительного источника при изучении периодической печати.

B.A.Smagulov, L.K.Shotbakova

Some of the problems of formation and development of Kazakh periodicals

The article discusses some problems of formation and development of Kazakh periodicals as a historical source. The article investigates the place and role of mass media in general complex sources. The history of Kazakh periodicals from the late nineteenth century to the contemporary period, analyses the state of periodicals on various stages of development of national newspapers and magazines. The comparative analysis of newspapers and magazines published in Kazakhstan at the end of XIX– early XX centuries, during the Soviet period and in the period of independence. The role of censorship and censorship documents were analyzed as an additional source for the study of periodicals.

References

- 1 [ER]. Access mode: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D1%83%D1%80%D0%BD%D0%B0%D0%BB> (17.12.2015)
- 2 Atabayev K. *Periodicals as a source of Kazakhstan history in end of the XIX century – early XX century*: monograph, Almaty: Kazakh university publ., 1998, 192 p.
- 3 «Aikap» encyclopedia / Editor chief R.Nurgaliev, Almaty: Kazakh encyclopedia, 1995, 368 p.
- 4 Popov Yu.G., Shotbakova L.K., Smagulova G.M. *Creators and witnesses of history of Karkaralinsk*: monograph, Karaganda: Publ. house of the KSU, 2014, 354 p.
- 5 Ozbekuly S. *Alash arystary: historical essays*, Almaty: Zhety zhargy, 1998, 192 p.
- 6 Bekhozhin Kh. *Essays Kazakh periodicals history (1860–1958)*, Almaty: Mektep, 1981, 239 p.
- 7 Seidumanov Zh.T. *Periodicals in the years of Kazakhstan independence (1991–2008)*. *Informational analytical manual*, Almaty, 2010, 534 p.

S.B.Stambulov¹, A.S.Zhukenova², Mondira Dutta³

¹*Ye.A.Buketov Karaganda State University;*

²*L.N.Gumilyov Eurasian National University;*

³*Jawaharlal Nehru University, New Delhi, India*

(E-mail: serstam@mail.ru)

SCO and NATO: comparative evaluation of the activity in the foreign research

Processes of regional cooperation in non-Western world become a separate area of research in international relations. In this regard, SCO is an interesting object of analysis. All members of this organization are facing common traditional and new security threats. Need to confront to these threats creates a natural basis for cooperation. At the same time, researchers abroad significantly differ in their assessment of results of SCO practical activity. In Western circles, Shanghai Cooperation Organization is often compared with NATO is considered as anti NATO. From this perspective, the article analyzes the views of Western researchers and political representatives about SCO, it is proved that SCO is not anti NATO and its activities are not directed against the United States.

Key words: SCO, NATO, Security, Central Asia, International Relations, Foreign Policy, International Organizations.

On problems of relations with NATO of SCO adjoins problematic relations with the U.S. Many experts suggest that, in spite of official statements of the organization that SCO is not directed against anyone whatsoever, the true purpose of SCO — containment of U.S. hegemony in the world and in the region.

In its present configuration, SCO is a typical defensive-oriented organization primarily addressing regional problems. According to its charter organization does not seek any aggressive or expansionist aims. On the contrary, one of the main objectives of the organization — maintaining internal stability, which threat is constituted of terrorism, separatism and extremism.

According to the Russian researcher A. Baranov, confrontation between SCO and NATO would be a clear mistake. SCO does not become a «NATO of the East», because a significant increase of SCO member states cause substantial harm to the Organization: in comparison with European countries Asian countries have too different political culture and history. Today it is clear that SCO member countries are not ready to create a unified military organization with a common command [1]. However, SCO can play a significant role in maintaining peace and stability in one of the most volatile regions of the world. Cooperation of biggest countries in Asia to combat terrorism, in order to avoid regional conflicts — not only possible, but also necessary.

Till «reset» in the West prevailed interpretations about SCO as a counterweight to NATO. However for this purpose, there were reasons. In summer 2005, followed Astana Declaration by the results of the SCO summit, which caused a strong reaction in the west. In declaration were call to coalition members to set a date for withdrawing its bases in Central Asia. United States, represented by the Minister of Defense Donald Rumsfeld lashed out at the russian foreign policy doctrine. According to Rumsfeld, Russia, China and North Korea prevent cooperation in security sphere between Asian countries: «They can get in the way unless become more open». Criticizing foreign policy of Russia and China, United States argued by «Russian attempts to restrict the freedom of neighboring countries, lack of transparency in China's military spending as well as the threat of North Korea's nuclear activities» [2].

Response to the SCO declaration adopted in Astana in 2005 was the adoption U.S. Congress resolution from July 19, 2005, expressing concern to SCO statement, which was regarded as «a blatant attempt of China and Russia to squeeze out of the United States from this region» [3].

In 2006, Iran was adopted as an observer of SCO, which is also considerably affected the perception of the organization in the west, where in a press SCO became known as «anti-NATO». For example, one of the conservative American experts responded to the said event following opinion: «...» anti-terrorist «SCO appropriated observer status to Iran, the main state sponsor of terrorism in the world, which annually hosts the regular meetings of almost all terrorist groups on our planet» [4]. In addition, according to Rumsfeld, Tehran cooperation with the SCO, putting it mildly, is not logical. Speaking at a conference on security in Singa-

pore, Pentagon chief called Iran a major terrorist state and said, that he considers as very strange Iranian involvement in the work of SCO — organization fighting against terrorism [5].

During the Administration of Bush Jr. all countries of the SCO leaders in varying degrees evoked disapproval from Washington. It was believed that every year SCO becomes increasingly anti-American. Particularly U.S. was irritated by invitation of Iranian President Mahmoud Ahmadinejad on the anniversary SCO summit in Shanghai in 2006.

«It is unclear why the organization, declaring rejection of terrorism, calls on his meeting a lead sponsor of terror in the world» [5] — then said Rumsfeld. Then «overseas partners» was assured that «Iranian problem» will not be considered at the summit. And Russian foreign minister Sergei Lavrov promised, that Iranian nuclear issue would not be discussed at the summit. Moreover, SCO does not intend to expand.

At the same time, when the idea of Iran concerning the anti-imperialist goals of SCO is wrong. Russia itself is an observer-member of NATO, China and Central Asian countries have good trade relations with America, Europe. In this regard, we can say that SCO countries are not going to endanger security of their economic development at the cost of protecting Iran.

Taking into account propensity of the SCO member states to the West, their policy can not be prone to the East, to Iran within a unified and perspective policy, that ensures the long-term interests of the Islamic Republic of Iran.

Therefore, we can assume that Iran join the SCO will be possible, when the problems between Iran and the West will be solved; these problems can not be solved by SCO member states in favor of Iran, and commitment to the East will be considered involuntary. In any case, it seems that Iran's entry depends not only on SCO, but also depends on the solution of nuclear program problem and other issues, i.e. Iran's membership in the SCO from the perspective the international community is associated with each member of the SCO. Consequently, the waste of time and assets for adoption of Iran is likely in the near future will remain inconclusive.

It should be noted that on the eve of the summit well-known American political scientist Ariel Cohen in his article in the Washington Post called the summit «meeting of the Bear and Dragon». He writes that «SCO has become a leading economic and military alliance in Eurasia», I advise Washington «to find a way to start a dialogue with the SCO». Otherwise, White House may suffer from «another humiliating defeat from Moscow or Beijing» [6].

The sharp increase and expansion of the SCO, which happened at the summit in Ufa (Russia) 2015 July 1, did not go unnoticed in the West. Moreover, influential Western publishers have sounded the alarm on the strengthening of a multipolar world and, consequently, reduce the hegemony of the West. Plans for joining India and Pakistan to SCO show a multipolar world, which is caused a concern in the West, it said in an article entitled «The new eastern bloc: China, Russia and India are joining forces» devoted to the SCO summit in Ufa and published in the electronic version of the US weekly magazine Newsweek.

The magazine, commenting on the expansion plans of the SCO, said that «an international organization all but unknown in the West is set to announce that its membership will soon include countries representing half the world's population» [7]. Weekly magazine also denotes that «If the hopes of its leading backers – particularly Russia – are realised, the 15th annual summit of the Shanghai Cooperation Organization (SCO) in the Russian city of Ufa will mark the moment when this previously obscure body starts to demand much closer attention from the West» [7].

The publisher notes «The idea behind these invitations is to extend the SCO's reach south across the Asian landmass, bolstering its claim that it is a counterbalance to the Western-dominated international institutions that have held sway since the end of the Second World War» [7]. There is something to discuss about the interaction of SCO and NATO. For today, the vast region of Central Asia is located in the center of Alliance attention, and NATO's policy in the region has growing trend towards cooperation with the region. At the Istanbul summit in 2004, NATO countries have identified Central Asian region as the area of strategic importance to interests of the alliance and ensuring stability in Eurasia [8].

NATO penetration to Central Asia occurred in 2001 under the auspices of the antiterrorist operation in Afghanistan. After the final stage of military action against the Taliban, NATO leaders decided to take responsibility for maintaining peace and stability in Afghanistan, thus, receiving the possibility for continued presence in the region.

It is obvious, that over the next years the strategic importance of Central Asia for NATO will increase [9]. Although, possessing problems for NATO, this region also opens up opportunities for enhanced coopera-

tion, that can help NATO to counteract security threats of the XXI century in the ongoing transformation process.

Until recently, the nature of the Shanghai Cooperation Organization was mainly political and economic. However, existing threats signal the need for closer security cooperation in Central Asia. However, SCO lacks of essential elements, which NATO has: integrated military-political structure with permanent operational headquarters, rapid reaction forces and continuing political debate. Another significant difference of NATO from SCO is that NATO is mainly oriented to the external security risks, while SCO attention is concentrated mainly on the territory of its member states. It was mentioned earlier, that in Western estimates SCO is seen as emerging mechanism, forcing the United States and its allies from Central Asia, and as consequence, the threat to Western security interests. SCO project «Energy Club», the idea of which belongs to the President of the Russian Federation VV Putin, in a similar manner perceived as a threat to the energy security of the West. The Alliance has a cooperative relationship with all members of SCO, except China. Since 1990 Brussels develops bilateral relations with five Central Asian countries in the framework of the «Partnership for Peace», and also has a special relationship with Russia, which since 2002 are implemented under the NATO-Russia Council. However, China often finds its suspicion to the shares of the alliance in Asia.

China realizes emerging threats in Asia, may consider cooperation of SCO with NATO as the best way to solve many regional problems. In November 2005, SCO established a contact group with Afghanistan. At the SCO summit in Bishkek in 2007, was expressed a concern about the destabilization of the situation in Afghanistan, which also affects the Central Asia. It turns out that Central Asia is the only region in the world, where the armed forces of Russia, China and NATO acts regularly in close proximity to each other. Nevertheless, NATO has no formal institutional ties with the SCO, and with China. After the cooling-off period in respect of damage mistakenly hit the Chinese embassy in Belgrade by NATO warplanes during the Kosovo campaign in 1999, Chinese ambassador to Belgium met in October 2002 with NATO Secretary General Robertson to discuss the question about establishing a close relations. Official PRC officials have expressed particular interest in the bilateral dialogue on the events of strategic importance, and security threats in Central Asia. And in July 2004, the Secretary General de Hoop Scheffer said that NATO wants to cooperate with China in several areas of common concern: fight against terrorism, counter-proliferation of WMD and «maintaining regional stability», particularly in Afghanistan and Iraq [9]. This manifestation of mutual interest has not yet led to concrete progress. Unlike Japan, China does not have even «dialogue partnership» with NATO. In response to the establishment of official relations with China, NATO members could insist on building a partnership with the SCO. Instead, the Alliance could determine SCO as «a global partner» in order to emphasize the value of cooperation in the field of general security.

Suggested relations would entail cooperation between NATO and SCO concerted in certain functional areas. Topics that might arouse the interest of SCO in working with NATO governments may include regional development in the socio-economic field, energy exploitation, fight against terrorism, drug trafficking intersection, people and weapons.

Thus, in April 2008, SCO Secretary-General Bolat Nurgaliev said in an interview, that the potential areas of interaction between the SCO and NATO can be the fight against terrorism, drug trafficking and weapons, and there are no any principal obstacles for the establishment of such cooperation with NATO in the future [10].

For cooperation between two organizations has performed President of Pakistan, Pervez Musharraf, who believes that SCO could participate in strengthening security in Afghanistan in conjunction with NATO, and if SCO will contribute to the solution of the Afghan problem, it will mean that there is no confrontation of NATO with this organization [11].

In order to explore issues of potential interaction between the SCO with U.S. and NATO in June 2008, was initiated an international conference. It was organized by the Friedrich Ebert Foundation (Germany), Alexander Knyazev Public Foundation (Kyrgyzstan), Ahmad Shah Massoud Foundation (Afghanistan). The conference was attended by experts and representatives of political and scientific circles of Russia, China, Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Iran, Italy, UK and Germany. Was agreed the final document which among others stated that:

– Absence of cooperation between the SCO and NATO in Afghanistan is not in the interests of member states of both organizations, as well as other states in the region and the world. There is a real possibility of using SCO potential, as well as some of the NATO member states, ready for dialogue and mediation in order to establish close interaction.

- The conference participants recognize the fact that the international coalition and NATO contribute to military deterrent of «Taliban» and development of Afghanistan.
- SCO, as well as all Afghanistan's neighbors, is not willing to defeat in Afghanistan, but have the right to have full information and insights about the effectiveness of the intersection of drug trafficking and international terrorism.
- The intention to keep U.S. military bases in Afghanistan and Central Asian countries should be clearly motivated and linked to the interests of the countries themselves.
- U.S. Strategic Partnership with Afghanistan will find support from neighbors only if it is not directed against them. If Afghanistan becomes a launching pad for attacks on Iran, Iran will be able to respond in the strongest terms, turning the Central Asian region into the arena of war against the United States and the international coalition. It disturbs the SCO - Afghanistan has to decide issues of relations with neighbors, including Iran itself.
- On Pakistan direction, SCO has significant opportunities: it could contribute to better relations and understanding between Afghanistan and Pakistan.
- For NATO, it would be appropriate to begin consultations on the future of Afghanistan with participation of all neighbors, including Iran, Russia, China, India and the Gulf countries.
- SCO and NATO as a whole have a common understanding of tasks for integration of Afghanistan to Central Asia and international community, so that this entire region stopped being hearth of international terrorism.

It is clear that Afghanistan stands alongside among multiple factors threatening sustainable development in the Central Asian region. The current military and political situation in Afghanistan, U.S. and NATO military contingent buildup in this country, say that the conflict is still far from a final resolution and continues to cause tension, representing a real threat to stability not only in Central Asia but around the world community.

In this situation, as an objective solution of this problem may be unification of the efforts of states in order to expand military-political cooperation, which can be established in the framework of cooperation between the SCO and NATO. In this regard, the invitation for U.S. representative to participate in the tenth SCO summit, should be considered as an invitation to NATO more open dialogue on Central Asia.

Also it should be noted, that during a senate hearings in December 15, 2009 many of senators have expressed concerns about the development of relations between SCO and NATO. These relationships are considered as promising areas of USA, Russia and China interaction in Central Asia [12].

At present, in Russian political circles are considered three perspective models of cooperation: full Russian membership in NATO, alliance with western alliance on the basis of a bilateral agreement on cooperation, and establishment of coordinating council. This Council will be called to coordinate the activities of NATO and SCO, correspondingly will bring triangle US-Russia-China relationships to a new stage of development.

Should also pay attention to variant of «China-NATO» council creation on the model of the council, «NATO-Russia» and taking measures, that will develop closer cooperation with the SCO on the basis of these councils, proposed by employee Clingendael Institute of International Relations Marcel de Haas [13].

At the same time, recent events show that the United States has progressively changed their attitude toward the SCO. In 2007, only six months later, after the Munich speech of V.V. Putin, at the peak of US-Russian relations cooling, U.S. Assistant Secretary for South and Central Asia Evan Feigenbaum, making a report at the Nixon Center, stated that United States believes that the SCO will not play any antagonistic role toward the United States, moreover — America needs SCO help on security issues in Central Asian region [14]. Among the problems, impeding full cooperation of U.S. with SCO, E.A. Feygenbaum allocated organizational weakness of SCO, lack of ability to define its foreign policy agenda.

However, after 3 years, permanent rapporteur of congressional hearings on Central Asian topics Stephen Blank, on the basis of the Tashkent summit of SCO notes, that the organization «has passed the age test», it is possible and necessary agree: Beyond the ongoing interest in full membership, perhaps the most striking evidence of the SCO's maturation is the fact that the United States is publicly showing interest for the first time in what the group is up to. Uzbekistan is assisting US participation in the 2010 summit. For years, Washington kept its distance from the SCO, but it will have representatives in Tashkent for this year's summit. It's willingness to engage the organization is certainly connected to Afghan stabilization efforts, but it is also a reflection of a stronger US-Uzbek strategic relationship. It is too soon to say whether the United

States will formally recognize the SCO as a major security provider in Central Asia, but there is no question that the group led by Moscow and Beijing is coming of age [15].

U.S. realize the expediency of cooperation with the SCO, at least based on the fact that such cooperation will help U.S. to forestall Russian attempts use SCO as a tool for anti-Western policies and prevent SCO from becoming paramilitary organization. There is a mutual interest between United States and SCO: U.S. needs energy supplies from Central Asia, and Central Asian countries need a reliable investment. Another area of mutual interest is Afghanistan, with which SCO formed a contact group. Both the U.S. and SCO seek to early establishment of peace in Afghanistan, and effect of their activities may increase due to the cooperation SCO and NATO.

Such cooperation will not simultaneously eliminate major differences between the U.S. and SCO about issues such as democratization and human rights, but will include already much more than the development of joint declarations. This interaction may provide mutually beneficial joint projects on global security. NATO and the SCO can work on neutralization of landmines in Afghanistan, carry out joint preparation law enforcement agencies and conduct operations against drug trafficking.

Quite possibly, it's time to move to more integrated forms of collective security and military cooperation with all countries concerned to solve the Afghan problem. And in this context, relationships between SCO and NATO look quite perspective.

References

- 1 Баранов А.Ю. Шанхайская организация сотрудничества: долгосрочные перспективы роста // Вестн. Волгоград. гос. ун-та. Сер. 4. История. — 2009. — № 2. — С. 152.
- 2 Джонатан Уоттс. Рамсфелд предупреждает Китай о военной экспансии. — [ЭР]. Режим доступа: <http://ciberguerra.mforos.com/620465/3650607-china>
- 3 Дубнов А. Узбекские интересы пролоббировать в Вашингтоне. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.fergananews.com/articles/3881>
- 4 Брукс П. Клуб диктаторов: Угрожающая повестка дня для Азии. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.theconservativevoice.com/article/15256>
- 5 Рамсфелд: Война может отчуждать мусульманские страны. — [ЭР]. Режим доступа: http://usatoday30.usatoday.com/news/world/2006-06-03-rumsfeld-seasia_x.htm
- 6 Ариэль Коэн. Медведь и Дракон. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.washingtontimes.com/news/2006/jun/12/20060612-093251-1749r/>
- 7 Новый восточный блок: объединение сил Китая, России и Индии. — [ЭР]. Режим доступа: <http://europe.newsweek.com/new-eastern-bloc-china-russia-india-are-joining-forces-329968>
- 8 НАТО повышает Средиземноморский диалог 29.06.2004. — [ЭР]. Режим доступа: http://www.nato.int/cps/en/natolive/news_20811.htm
- 9 Обзор НАТО / осень 2006: Ричард Вайц. Обновление Центральноазиатских государств. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.nato.int/docu/review/2006/issue3/english/analysis2.html>
- 10 Телемост Пекин-Москва с участием Генерального секретаря ШОС Б. Нургалиева / г.Пекин, 15 апреля 2008 г. // официальный сайт Секретариата ШОС. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.sectesco.org/html/02122.html>
- 11 Страны ШОС должны активно участвовать в урегулировании афганской проблемы, считает президент Пакистана. — [ЭР]. Режим доступа: <http://islamrf.ru/news/world/w-news/2459/>
- 12 Переоценка политики США в Центральной Азии: слушания в подкомитете по вопросам Ближнего Востока и Южной и Центральной Азии Комитета по международным отношениям. Сенат Соединенных Штатов, сто одиннадцатый Конгресс, первая сессия, 15 декабря 2009 года. — [ЭР]. Режим доступа: <http://catalog.hathitrust.org/Record/008391595>
- 13 Марсель де Хаас. Пробуждение гиганта Центральной Азии. Понедельник 5 января 2009. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.theguardian.com/commentisfree/2009/jan/05/china-russia>
- 14 Эван Фейгенбаум А. Шанхайская организация сотрудничества и будущее Центральной Азии. Центр Никсона, сентябрь 6, 2007. — [ЭР]. Режим доступа: <http://2001-2009.state.gov/p/sca/rls/rm/2007/91858.htm>
- 15 Стивен Бланк. Интерес к членству в ШОС растет среди наблюдателей и аутсайдеров. 7 июня. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.eurasianet.org/node/61235>

С.Б.Стамбулов, А.С.Жукенова, Мондира Дутта

ШЫҰ және НАТО: қызметінің шетелдік зерттеулердегі салыстырмалы талдауы

Қазіргі уақытта аймақтық қауіпсіздік үрдістері халықаралық қатынастар шеңберіндегі жеке зерттеу бағыттарының бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда ШЫҰ талдаудың өзекті объектіне айналуда. ШЫҰ-ның барлық мүше-мемлекеттері қауіпсіздіктің дәстүрлі және жаңа қауіп-қатерлерімен бетпе-бет келіп отыр. Мұндай қауіп-қатерлерге қарсы тұру қажеттілігі ынтымақтастықтың шынайы негізін қалап берді. Сонымен бірге ШЫҰ-ның тәжірибелік қызмет нәтижесіне қатысты шетел зерттеушілерінің әр түрлі көзқарастары қалыптасқан. Батыста ШЫҰ-ны НАТО-мен салыстырып, анти НАТО ретінде қарастырып келді. Осыған орай мақалада ШЫҰ туралы батыс зерттеушілері мен саяси өкілдерінің көзқарастарына талдау жасалды.

С.Б.Стамбулов, А.С.Жукенова, Мондира Дутта

ШОС и НАТО: сравнительная оценка деятельности в зарубежных исследованиях

Процессы регионального сотрудничества в незападном мире становятся отдельным направлением исследований в рамках международных отношений. В этом плане ШОС представляет собой интересный объект анализа. Все члены этой организации сталкиваются с общими традиционными и новыми угрозами безопасности. Необходимость противодействия этим угрозам создает естественную основу для сотрудничества. В то же время зарубежные исследователи существенно расходятся в оценках результатов практической деятельности ШОС. В западных кругах Шанхайскую организацию сотрудничества часто сравнивают с НАТО, рассматривают как антиНАТО. С этой точки зрения в статье анализируются мнения западных исследователей и политических представителей о ШОС.

References

- 1 Baranov A. Yu. *Bull. of the Volgograd State University. Series 4, History*, 2009, 2, p. 152.
- 2 Jonathan Watts. *Rumsfeld warns China on military expansion*, [ER]. Access mode: <http://ciberguerra.mforos.com/620465/3650607-china>
- 3 Dubnov A. *Uzbek interests will be lobbied in Washington*, [ER]. Access mode: <http://www.fergananews.com/articles/3881>
- 4 Brookes P. *The Conservative Voice*, 2006, June, 12, [ER]. Access mode: <http://www.theconservativevoice.com/article/15256>
- 5 Rumsfeld: War may alienate Muslim nations, [ER]. Access mode: http://usatoday30.usatoday.com/news/world/2006-06-03-rumsfeld-seasia_x.htm
- 6 ArielCohen. Bear and Dragon summit. *The Washington times*, 12.06.2006, [ER]. Access mode: <http://www.washingtontimes.com/news/2006/jun/12/20060612-093251-1749r/>
- 7 The new eastern bloc: China, Russia and India are joining forces, [ER]. Access mode: <http://europe.newsweek.com/new-eastern-bloc-china-russia-india-are-joining-forces-329968>
- 8 NATO elevates Mediterranean Dialogue to a genuine partnership, launches Istanbul Cooperation Initiative, 29.06.2004, [ER]. Access mode: http://www.nato.int/cps/en/natolive/news_20811.htm
- 9 NATO Review/Autumn 2006: Richard Weitz — Renewing Central Asian partnerships, [ER]. Access mode: <http://www.nato.int/docu/review/2006/issue3/english/analysis2.html>
- 10 Beijing-Moscow a teleconference with the participation of SCO Secretary-General B. Nurgaliyev / Beijing, April 15, 2008, official site of the SCO Secretariat
- 11 SCO countries should actively participate in resolving Afghan problem, believes Pakistan president, [ER]. Access mode: <http://islamrf.ru/news/world/w-news/2459/>
- 12 Reevaluating U.S. policy in Central Asia: hearing before the Subcommittee on Near Eastern and South and Central Asian Affairs of the Committee on Foreign Relations, United States Senate, One Hundred Eleventh Congress, first session, December 15, 2009, [ER]. Access mode: <http://catalog.hathitrust.org/Record/008391595>
- 13 Marsel de Haas. Central Asia's waking giant. Monday 5 January 2009, [ER]. Access mode: <http://www.theguardian.com/commentisfree/2009/jan/05/china-russia>
- 14 Evan A. Feigenbaum, *The Shanghai Cooperation Organization and the Future of Central Asia*, *The Nixon Center*, September 6, 2007, <http://2001-2009.state.gov/p/sca/rls/rm/2007/91858.htm>
- 15 Stephen Blank. Interest in SCO Membership Grows Among Observers and Outsiders, EurasianNet, June 7, 2010, [ER]. Access mode: <http://www.eurasianet.org/node/61235>

Қ.С.Өскембаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: k.uskembayev@gmail.com)*

Ә.Бөкейхан: халқы үшін жаралған тұлға

Мақала аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының көсемі Әлихан Бөкейханға арналған. Автор Ә. Бөкейханның XX ғ. басындағы қоғамдық-ғылыми қызметіне және «Алашорда» ұлттық автономиялы үкіметінің төрағасы болған кезеңдеріне сараптама жасайды. Сонымен бірге оның ғалым, талантты публицист екенін сипаттайды. Ізденуші Әлихан Бөкейханды өзінің барлық ғұмырын қазақ халқының азаттығы мен саяси тәуелсіздігі үшін күреске арнаған ұлы тұлға деген пікірге келеді.

Кілт сөздер: Әлихан Бөкейхан, 150 жыл, Алаш, Алашорда, алаштанушы, қазақ зиялылары, Ұлт Кеңесі.

Үстіміздегі жылдың 5 наурызында қазақтың нар тұлғасы XX ғ. басында ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының жетекшісі, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізін жасаушы, экономист, тарихшы, этнограф, журналист, қоғам және саяси қайраткер, әдебиеттанушы, публицист, саяхатшы, географ және аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толады.

Әлихан Бөкейханның мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып, ұлықталатын болды. Бұл қуанышты хабар ЮНЕСКО-ның 18 қарашасында Парижде аяқталған Бас конференциясының 38-ші сессиясында жария етілді.

Сүйінші сұрап сол күндері-ақ, бізге белгілі алаштанушы Ғалым Сұлтан Хан Аққұлы бәрімізге хабарлап жатты. Ұйымның қатысуымен аталып өтетін ағартушы тұлғаға арналған бұл еске алу-мерейтой шаралары біздер үшін мемлекеттік маңызы бар үлкен жеңіс. Бұл дегеніңіз қайраткердің және оның серіктерінің ғұмыр жолдарын зерттеп, ұлт мүддесі жолындағы еңбектерін паш етуде көптеген істерге мұрындық болатынына біздер кәміл сенімдіміз. Ә. Бөкейхан сол заманда-ақ қазақ елінің болашақ даму жолын анықтап, оның мемлекеттілігінің әлемдік деңгейдегі орнын даналықпен көрсете білді. Бүгінгі ұрпақ, біздер, оған шексіз қарыздармыз. Әлихан бабамыздың 150 жылдығын тойлау, өшпес істерін ұлықтау неге керек: 1-ден, осы іс-шаралар барысында «Алаш» тұжырымын (концепциясын) анықтап, ашып алу, тұлғалардың ерлік істерін дәріптеп, біржолата ақтау, 2-ден, «Алаш» ардақтылары алдындағы тікелей міндеттерімізді өтеу, «аруақтарға» тағзым ету, 3-ден, бұл мерейтой «Қазақ мемлекеттілігі», «Мәңгілік Ел» идеясын жандандыра беру үшін керек және кеше ғана тойланып, көп мәселеге жаңалық әкелген Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойының заңды жалғасы болмақ. Оның үстіне бізді қуантатын жағдай, бұл іс-шара «Алаш» көсемдері, елімізге белгілі тұлғалар Ақбайдың Жақыбының 140 жылдығы, Ермек Әлімханның 125 жылдығы, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығына сәйкес келіп отыр.

«...1927 жылы Ленинградтан шыққан «Казаци. Антропологические очерки» деген жинақта Әлиханның «Казаци Адаевского уезда» деген соңғы ғылыми зерттеуі жарияланды. Сонда ол өзін «Алихан Букейхан» деп көрсетеді. Сондықтан біз осыны басшылыққа алуымыз керек. Бірінші назар аударғым келетін мәселе осы», — дейді С.Аққұлы [1]. Ендеше, болашақ еңбектерде, мақалаларда түпкілікті Әлихан Бөкейхан десек, дұрыс болар еді.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Омбыдан табылған құжаттар бойынша және тұтқында отырғанда өз қолымен толтырған анкетада туған жылы мен өскен ортасын көрсеткенде 5 наурыз 1866 ж. бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7 ауылында дүниеге келгенін жазады [2].

Ә. Бөкейхан туралы бүгінде бірнеше том-том болып еңбектер жазылып, жүздеп мақалалар жариялануда және жазыла бермек. Ол тез өзгеріп жатқан заманда өмір сүріп қандай билік келсе де олардың тарпынан қолдау таппаған жан. Алайда ол XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы өз елі үшін басын құрбан қылған аса ерекше тұлға. Оның арғы атасы Шыңғысханның ұрпағы әйгілі Барақ сұлтан ақтабан-шұбырынды заманында ешкімге де бас иеген. Ал ержеткен ортасы — Абайдың шығармалары, Мәди мен Нарманбет секілді күрескер әнші-композиторлардың азаттықты көксеген тамаша туындылармен

сусындаған, Қоянды жәрменкесіне келген бүкіл Арқа қазағының басын қосқан айтулы Қарқаралы өлкесі. Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879–1886 жж. Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886–1890 жж. Омбыдағы кәсіби-техникалық училищені бітіреді. 1890–1894 жж. Петербордағы Орман институтының экономика факультетінде оқыды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатынасып, XX ғ. босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шындай түсті. Бөкейхан туралы «Семипалатинский листок» газетінің 1906 ж. 5 маусымдағы санында: «Ол Орман институтының студенті болып жүрген кезінде барлық студенттік қозғалыстарға белсенді түрде араласып, әсіресе солшылдарға ілесетін. Марксизм туралы қызу пікірталастарға экономикалық материализм қағидаларын дес бермей қорғайтын» делінген. Бөкейханның Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік 1892 жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды» [3; 401–405]. *Жалпы оның патшалық замандағы түрмеге жабылуын* 1906 ж. алғашқыда Кереку, одан кейін Омбы, 1908 ж. Семей түрмесіне түсуінен, 1908–1916 жж. Самараға жер аударылуынан көрсек, *кеңес дәуірінде* «контрреволюциялық әрекеттері» үшін деп үш рет (1922, 1926 және 1937 жж.), он жыл (1927–1937) «үйдегі қамаудағы» кезеңдерінен байқаймыз.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезінде қазақ қоғамында демократиялық азаттық бағыттағы қоғамдық қозғалыс өрістеді. Оның көш басында ресей оқу орындарында оқыған ұлт зиялылары тұрғаны белгілі. Зерттеушілер Ғ.Ахмедов, В.Григорьев М.Қойгелдің мәліметтеріне сүйенсек, төңкеріске дейін мыңға тарта қазақ жастары Петербор, Мәскеу, Қазан, Киев, Саратов, Воронеж, Том, Омбы сияқты ірі қалаларда оқып білім алған. Осындай мәлімет 2014 ж. Алматы қаласында, «Сардар» баспасында шыққан Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлының «Алаш қозғалысы» атты энциклопедиялық анақтамасында да беріледі. Көрнекті мемлекет қайраткері, математика профессоры, «Алаш» қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермектің деректеріне қарағанда, Ә.Бөкейхан Ленинмен бірге Петербор университетінің заң факультетін өз бетінше (экстерн түрінде) бітірген, бірнеше шетел тілін білген, сөйтіп жиырма төрт жасында жоғарғы білімі жөніндегі екі дипломға (бірі Орман институты) ие болған, керемет білімді жас, Санкт-Петербурттағы марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы шыққан [4]. Ал ресейлік ғалым Б.И. Николаевский, сонымен бірге кейбір қазақстандық ғалымдар, мысалы, М. Базарбаев, С. Аққұлы оның масондық ұйымға қатысы барын жазады. Филология ғылымдарының кандидаты С.А. Аққұлы қазақ және орыс тіліндегі 7 томдық жинағында Бөкейханның өмірінен өте құнды деректер береді.

Ә.Бөкейхан институтты бітіргеннен кейін Омбыға барады. Онда орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. Солшыл бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алқасы құрамына енді.

Әлихан Бөкейхан академиктер С.П. Швецов, С.Ф. Ольденбург, А.Е. Ферсман, С.И. Руденко, С.Ф. Баранов секілді көптеген көрнекті ғалымдармен достық қарым-қатынаста болған. 1894–1926 жж. аралығында ол төрт түрлі ғылыми-зерттеу экспедициясының жұмысына қатысқан: «Тобыл» экспедициясы; В.А. Щербинаның жетекшілігімен жасалған экспедициялар (1896–1901); С.П. Швецов басқарған статистика-экономикалық экспедиция (1902–1903); сондай-ақ (1926) КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясы. Төңкеріске дейінгі экспедицияларда ол еліміздің жер-суын, тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын кең және терең зерттеп білуге мүмкіндік алды. Щербина және Швецов экспедициялары кезінде ол қазақ қоғамындағы ерекшеліктерді анық байқады. Бұл қоғамның әлеуметтік құрамы жағынан болсын, шаруашылық, мәдениет тұрғысынан болсын тап-тапқа, мысалы, езілуші — еңбекші мен үстем тап өкілі капиталист-буржуазия деп жікке бөлуге болмайтындығына көз жеткізіп, марксизмнен біржола бас тартады. С.А.Аққұлы айтқандай, сөйтіп, «1910 ж. Санкт-Петербуртта басылып шыққан «Қазақтар» очеркінде атап көрсеткендей, өзі тәрбиелеп өсірген «Алаш» зиялыларын бастап Әлихан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді түпкілікті мақсат етіп алды.

Оның ойы бойынша, экспедиция жұмысына қатысу сол тарихи кезеңде халқы үшін ең зәру мәселеге айналған — жер қатынастарын тереңінен түсініп, белгілі бір тұжырымдарға келуге жағдай жасауға тиіс еді. Бөкейхан экспедиция жұмысына қатысу барысында қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және отарлық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады.

Әсіресе Семей облысына қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей уездері мен Ақмола облысының Омбы уезінде жүргізген жұмыстарына тікелей қатысып, алуан түрлі деректі материалдар жинастырды. Экспедиция жұмыстары біткеннен кейін, жиналған бай материалдарды іріктеп, өңдеп, ғылыми қорытындысын жасады. Экспедиция қорытындылары 1903–1905 жж. жалпы көлемі 13 том болып жарыққа шықты. Экспедиция қатарындағы атқарған жұмысы оның жан-жақты дайындығын, терең білімін аңғартты [5]. Щербина экспедициясынан кейін ол С.П.Швецов бастаған Сібір темір жол бойында орналасқан Челябині мен Том қалалары аралығын мекендеген қазақтардың мал шаруашылығын зерттеуге бағытталған экономикалық экспедициясына атсалысты. Экспедиция жүктеген міндетке сай, қазақтың қой шаруашылығының жағдайын зерттеді. Қазақтардың қой тұқымдарын, шаруашылықтарын түгел қамтып, бір-бірімен салыстыра отырып, сүбелі еңбек жазып шықты. Бұл еңбек экспедицияның басқа материалдарымен бірге «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги» деген 3 бөлімнен тұратын кітап болып 1904 ж. Том қаласында басылып шықты.

Осы жылдары Бөкейхан Ресей императорлық география қоғамының қызметіне қызу араласып, 1896 ж. Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі, ал 1901 ж. оның басқару комитетіне сайланды. Алғашқы тарих саласында жазып қалдырған «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты алғашқы еңбегі 1903 ж. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген көп томды альманахтың 17-томына еніп, Петерборда жарық көрді. Шығармада қазақ өлкесінің тас дәуірінен бергі тарихы көрініс тапты.

Бүгінде Ә. Бөкейханды біздер қазақтың тұңғыш энциклопедисі деуімізге үлкен негіз бар. XX ғ. басында неміс Ф.А.Брокгауз бен орыс И.А.Эфрон секілді баспагерлер көптомдық «Жаңа энциклопедиялық сөздігін» шығарып тұрған. Бөкейхан осы баспа арқылы қазақ өлкесі жайлы «сөздікті» әзірлеуге қатысты. «Сөздікке» енген қазақтың тарихы, қазақтың хандықтары, Бөкей ордасы жайында (8-т.) және тағы басқа да материалдарды әзірледі. Энциклопедиялық сөздікті баспаға дайындаған қызметкерлердің тізімінде Ә.Бөкейханның аты 4 томнан 21 томына дейін көрсетілген екен.

Қазақ зиялыларының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне 1905 ж. орыс төңкерісі ерекше ықпал етті. Студенттік және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде маркстік бағытта тұрған Бөкейханның саяси көзқарасы өзгерді. Ол қазақ даласын отарлау саясатына белсене кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы тұрған саяси күштерге сүйенуді алға тартты. Атақты Қоянды жәрмеңкесінде 1905 ж. маусым айының 26 жұлдызында ол А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев, М.Дулатов, М.Бекметов сияқты оқыған қазақ зиялыларымен патша өкіметінің атына империяның отарлық, орыстандыру саясатынан зардап шеккен қазақ халқының тілек-талаптарын білдіру мақсатында Санкт-Петербургке петиция жолдады. Петицияда қазақ жерінде адам құқығы аяққа тапталып, заңсыздық пен бассыздықтың шегіне шыққан орыс шенеуніктерінің озбырлық әрекеттері көрсетіліп, болашақта келісімге келу арқылы қазақ даласындағы саяси және ұлт мәселелерін шиеленістірмей шешудің шаралары белгіленген еді. Атап айтсақ, талаптарға мына мәселелер енді: дінге қысым жасамау, қазақша мектептер ашу, Орталық Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, «Даланы басқару Ережесіне» өзгертулер енгізу, мекемелерде іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ депутаттарының сайлануы сияқты мәселелер қойылды [6].

1905 ж. қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде қазақ халқының жоғын жоқтап тіл, сайлау, дін, т.б. бостандықтар мәселесін көтерді. Ол осы жылы «Халық бостандығы» (конституциялық-демократиялық) партиясының мүшелігіне, ал 1906 ж. оның ОК-інің құрамына енді. Осы партияның Қазақстанда бөлімшесін ашуға ынталы болып, 1906 ж. маусымда Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде Бөкейхан «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйледі. Бөкейхан I Мемлекеттік думаға Семей облысы қазақтары атынан депутат болып сайланды. Бірақ ол I Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Бөкейхан Дума өз жұмысын бастаған кезде Дала генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Кереку, Омбы абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Петерборға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Бөкейхан да солардың атынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Петербор сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды [7].

1906 ж. Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 ж. Петерборда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. Сол жылы Самараға жер аударылып, 1909-1917 жж. Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеді. 1912–1917 жж. кадеттер партиясы ОК-нің мүшесі болды. XX ғ. басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Бөкейхан зор еңбек сіңірді. Сонымен бірге сол жылдары оның «Киргизы» деген еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақта 1910 ж. Петерборда басылып шықты. Бұл еңбек қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсеткен. Бөкейхан Қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттеген. Бұған оның әр жылдары Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семей бөлімшесінің басылымдарында жарияланған «Из переписки (писем) киргизских ханов, султанов», «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомков» және «Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғылыми жарияланымдары куә бола алады. Бөкейхан назарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де тыс қалмаған. Ол бұл тақырыпты кейін 1923 ж. да жалғастырғаны белгілі. Ташкентте «Материалы к истории султана К.Касымова» атты кітапшасы шыққан. Бөкейхан халықтың ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай ұлттық әдебиеттің өркендеуі мүмкін емес деп түсінген. Ол сол жылдары ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. Сондай-ақ Бөкейхан тұңғыш абайтанушы да болды. Абай шығармаларын жаңа заманның тынысы деп түсініп, қалыптасып келе жатқан жаңа ұлттық әдебиеттің бастамасы деп бағалады. Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға атсалысты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, 1909 ж. Петерборда басылып шығуына қол ұшын берді. 1914 ж. маусымда Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен шақырылған Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты, мұсылман фракциясы бюросының тұрақты мүше болды [3; 403]. Әлихан Бөкейханның газет-журналдардағы көп мақалалары лақап атпен берілген. «Қыр баласы», «Сын степей», «V», «Киргиз-Степняк», «К.Степняк», «Туземец», «Арысұлы», «А.Б.», «Қ.Б.», «Ғ.Б.» деп қол қойып отырған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек т.б. шығыс елдері азаматтарына қажетті түрлі көмек көрсету ісіне басшылық жасады. Осы мақсатта 1917 ж. 15 ақпанда Минсктегі земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін Бөкейхан атқарды.

1917 ж. 20 наурызда Уақытша өкіметтің Торғай облысы комиссары және Түркістан комитетінің мүшесі қызметіне тағайындалды. Бөкейхан ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыс басшысы дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ. Ұлттық мемлекет құру Бөкейханның түпкі мақсаты болды. Ол Уақытша үкіметке, сондай-ақ кадет партиясына үлкен үмітпен қарады. Бірақ оның бұл үмітінің негізсіз екендігін көп ұзамай уақыттың өзі көрсетіп берді. Бұл Бөкейханның кадет партиясынан шығуына алып келді. Оның жетекшілігімен 1917 ж. шілдеде Бірінші жалпықазақ съезі өткізілді, сондай-ақ «Алаш» партиясы құрылды. Бөкейхан 1917 ж. күзі мен қысында мемлекеттік бостандыққа жетудің түрлі жолдарын қарастырды. Г.Н.Потанин бастаған Сібір автономияшыларымен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Бірақ бүкіл империя көлемінде жағдайдың күн өткен сайын шиеленісе түсуіне байланысты, бұл пікірдің іске асуы екіталай еді. Міне, осындай жағдайда Бөкейхан мен Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыруы бойынша 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған Екінші жалпықазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе — кеңестік билікке қатынас жөнінде баяндаманы Бөкейхан жасады. Съезд қазақ облыстарын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылдады. 25 орыннан тұрған бұл өкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Ә. Бөкейхан сайланды [3; 402–403; 8].

Қазан төңкерісінен кейін көптеген ұлттық аймақтарда ұлттық автономияларды қалыптастыру үдерісі жүріп жатты. Кеңестік Ресей Польшаның, Финляндия мен Украинаның егемендігін мойындауға мәжбүр болды. Балтық елдерінде, Татарстан, Башқұртстан, Сібір және басқалары автономияларын жариялады. Ресей империясының күшпен жинаған жерлерінің ыдырау үдерісі басталды. 1917 жылғы 2 қарашада В.И. Ленин мен И.В. Сталин қол қойған Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында «ұлттардың өз даму жолын өзі анықтауын, Ресейден бөлініп шығып, тәуелсіз мемлекет құру құқығы» бекітілгенмен де, большевиктер ұлттық аймақтардан

айрылғысы келмеді. Кеңестік Ресей басшылығы халықтардың өз алдына бөлініп, ұлттық автономия құруына жол бермеді. Ресейде кеңестік федеративтік республика құрылғандығы туралы жариялағанмен де, большевиктер іс жүзінде патша үкіметінің саясатын одан әрі жалғастырды.

Большевиктердің 1918 ж. 10 қаңтарда Самарадағы Бүкілресейлік Құрылтайды күшпен қуып таратуы Алашорда үкіметінің жағдайын одан әрі нашарлатты. Қызыл гвардияшылар отряды Орынбор қаласын басып алды. Қазақ автономиясын толық құрып үлгере алмаған Алашорда үкіметі қаладан кетуге мәжбүр болды. Байланыстың нашарлығы мен бүкіл қазақ даласына бір орталықтан басшылық жасаудың қиындығынан Алашорда үкіметі үшке бөлінді. Оның Ә.Бөкейханов Семей бөлімін басқарды, Жанша және Халел Досмұхамедовтар *Батыс* бөлігін (Ойыл уәлаяты) және А.Байтұрсынов үшінші бөлімін (Торғай бөлімін) басқарды. Алашорда үкіметінің алғашқы әрекеттері Кеңес мемлекеті басшыларымен келіссөздер жүргізуге және Алаш мемлекетін қорғау үшін халықтық милиция жасақтарын құруға бағытталды.

«Алаш» партиясы сол кездің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, қазақ халқы дамуының балама жолын ұсынды. Сол арқылы Алаш қозғалысы буржуазиялық-демократиялық, ұлт-азаттық төңкерісті аяқтауға бағытталған реформаторлық жолды нұсқады. Алаштықтар Құрылтай жиналысына шақырылып, онда Қазақ автономиясын мойындау туралы шешім қабылданады деп үміттенді. Алайда төңкерістің осы бір тарихи қиын кезеңінде билеуші партияға айналған большевиктер Алашордамен тіл табысқысы келген жоқ. Қазақ халқына дербес мемлекет құруға мүмкіндік берілмеді. Кейін Қазақстанда РКФСР құрамындағы кеңестік автономия ғана құрылды.

Осылайша, 1917 ж. қараша-желтоқсан айларында Қазақстан мен Түркістанда, Түркістан автономиясы мен қазақ облыстарының «Алаш» автономиясы құрылып, олар РКФСР құрамынан бөлініп шығатындығын мәлімдеді. Бірақ оларды Кеңестік Ресей үкіметі қабыл алмай, бірден олармен күрес жүргізуге көшкен болатын.

Кеңес өкіметі 1919–1920 жж. Алаш қозғалысына қатысқандарға жариялаған кешірімнен кейінгі уақытта да Бөкейхан өз принципіне сенімді күйде қалды. Кеңес билігі тұсында ол туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. 1920 ж. Қазақ АКСР егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 ж. Ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Орталық баспаның, 1926–1927 жж. Ресей ҒА-ның ғылыми қызметкері болды. Осы жылдары оның қаламынан шыққан мақалалар Санкт-Петербургтің «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарынан жиі көрініп тұрды [3; 403; 9].

Өкінішке орай, Сталин басқарған жоғары билік төңкеріске дейінгі қазақ зиялыларына, оның ішінде Бөкейханға сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін теріс бағалап, шектеп отырды. Кеңес билігінің қуғын-сүргініне ұшыраған Әлихан Бөкейхан өмірінің соңғы 15 жылы Мәскеуде өтті, арнаулы жазалаушы ұйымдардың жіті бақылауында болды.

1925 ж. Қазақстандағы саяси билікке Ф.Голощекин келгеннен кейін жүргізген оның қоныс аударушыларға кең жол ашу саясатына жол бермеу үшін қазақ қожалықтарына қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО ҒА жанынан профессор С.П.Швецов бастаған экспедицияны құру ісіне белсене араласып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстанда қоныс аударушыларға жарарлық артық жер жоқ екенін ғылыми тұрғыдан негіздеп берген бұл комиссияның жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Ф.Голощекинге және орталық мекемелерге ұнай қойған жақ. Бөкейханды 1926 ж. Мәскеуден бақылаушы орындардың рұқсатынсыз шығып кеткені үшін ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, кейін қайтарып, Бутырка абақтысына жабады. Бірақ оны 15 күннен соң шығарып жіберуге мәжбүр болады. Келесі 1927 ж. Одақтың Егіншілік комиссариатында ол Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп сынға алды. Бөкейхан 1927 жылдың 1-қазанынан бастап Мәскеуде, ОГПУ орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Үкімет орындарының, жеке адамдардың оны Қазақстанда тұрып, қызмет істеуіне рұқсат сұрап орталыққа жасаған өтініштерінен нәтиже шықпады. 1928–1930 жж. екі мәрте Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері тұтқынға алынып, сотталғанда, ОГПУ орындары Бөкейханды бір-ақ рет шақырып түсінік алумен шектелді. ОГПУ орындарының оны ол жылдары қамауға алмауы олардың қоғамдық пікір алдында өз істерін тым айғақтап алудан қаймығуынан деп түсінген дұрыс.

1927 жылдың 1-қазанынан 1937 жылдың шілдесіне дейінгі уақытта Бөкейхан барлық қызметтен «штаттың қысқаруы» деген сылтаумен босатылып, Мәскеуде бақылаушы орындардың қатаң бақылауымен кезінде граф Шереметьев тұрған үйде тұрып жатты. 1937 ж. шілдеде тұтқындалып, 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілді. Соңғы тергеуде Алаш партиясы мен кеңестік билікке қарсы әрекеттеріне байланысты барлық

жауапкершілікті өз мойнына алған Бөкейхан ақтық сөзінде «Кеңестік билікті сүйген емеспін, бірақ мойындауға мәжбүрмін» деп мәлімдеді. Халқын отаршылдықтың құлдық қамытынан босату үшін күрескен өз заманының аса білімді де білгір, парасатты, терең ойлы, ірі қайраткері, Шығыстың шын мәніндегі ұлы тұлғасы 1955 ж. 8 қыркүйекте толықтай ақталған. Бірақ КГБ осы жаңалықты халықтан 34 жыл бойы жасырып келді. 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғары Сотының Қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ деп толық ақтады [3; 405; 6; 40].

Кезінде Аққұлы «Алаш» қозғалысының көсемі Бөкейханның туғанына 145 жыл толуына арналған мақаласында Смахан төренің естеліктерін келтіріп, Әлиханнның «туған жерден үш аршын жер бұйырса жетеді» деген сөзді ағайын-туыстарына әрдайым қайталап отыратыны жайында жазады.

Алайда Әлихан Бөкейханға да, оның қыздарына да, немересі Ескендірге де ата-баба жерінен топырақ бұйырмады. Барлығы Мәскеуде жерленді. Тек таяуда ғана Алаш көсемінің күйеу баласы, 1920 жж. ірі мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасов денесінің күлі Мәскеуден Астанаға әкелінді. Бірақ әлі күнге дейін оны қайда жерлеу мәселесі шешілмей отыр [10]. Бұл мәселе бүгінде Астана қаласынның ең көрікті жерінің бірінде, кезінде жазықсыз құрбан болған «Алаш» қайраткерлеріне арналған Ұлттық пантеон ашуға итермелейді емес пе? Ал, ол жер біртіндеп біздің халқымыздың ең қасиетті жеріне айналатынына ешкім күмән келтірмес. Осындай кезде біздерді бір әдемі ойлар түрпектейді. Мысалы, Ташкентте Науаи көшесінде «Шайырлар соқпағы», немесе басқаша айтқанда «Ақындар аллеясы», бар. Онда ұлы Науаи бастаған белгілі тұлғалардың мүсін-бейнелері қатар-қатар орналасқан екен. Неге осындай өзіміздің ұлы адамдарымызға тағзым ететін «Алыптарымызға» арналған саябақты жай — аллеяны бізге де жасамасқа? Оның бір жағында Абай, Жамбыл, Шәкәрім бабаларымыз, бір жағында Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек сынды асқар тұлғаларымыз жараса бой түзеп тұрса. Ал бұл жерге келген қонақ-меймандарымыз «қазақтардың мына кісілердей ғұлама ақын-жазушылығы, отжүректі ғажап тұлғалары бар екен-ау» деп сүйсіне тағзым етіп, ал жастарымыз олардың тұғырларына гүл шоқтарын қойып жатса, қандай жарасымды болар еді. Бұл да ойланатын мәселе.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстан Жастар одағы мен халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының, Т. Айбергенов атындағы республикалық әдеби сыйлықтың, «Ильхам» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Қасымхан Бегманов «Мұстафа Шоқай жолымен» атты екі томдық (2012–2013) көлемді тарихи зерттеу кітабын жариялап және осындай атаумен төрт бөлімнен тұратын тарихи деректі фильмді көпшілікке ұсынған болатын. Өкініштісі сол, ұлт тәуелсіздігі үшін күрестің символына айналған Алаш көсемі Мұстафа Шоқайды сол кезде «фашистермен сыбайлас» деп қаралап, өскемендік «Флэш» газетінің бас редакторы Денис Данилевский мен Сергей Михеев екі бірдей мақала жариялаған еді. Қ. Бегманов сол газетті алғашында сотқа бергенімен өскемендік сот әуелде осы екі авторды ақтап шықты. Алайда Бегманов заң жолымен әрі қарай жоғарғы инстанцияларға шағымданып, Мұстафа Шоқайды сол күндері заңсыз тағылған жалалардан арашалап алды. Бұл туралы көрнекті тарихшы Мәмбет Қойгелді: «Ел тәуелсіздігінің осынау жиырма жылында жеке басы үшін соттасқандар арамызда көп болды. Ал ұлт қайраткері үшін соттасқан арамызда жалғыз-ақ қазақ бар. Ол осы кітап пен деректі фильмнің авторы ақын Қасымхан Бегманов», — деп жазды. Сондықтан бүкіл қазақтың атынан Қасымхан замандасымызға мыңда бір алғыс.

Сол кездегі көпшіліктің ойлайтыны Мұстафа Шоқайға тіл тигізгендер ертең Әлихан Бөкейханға, арғы күндері басқа да зиялыларымызға зияндарын тигізбесіне кім кепілдік береді деуші едік. Одан әрі барсаң жер дауы да сондайдан шықпай ма?! Айтпақшы, осындай дау 2006 ж. біздің өңірде де бой көрсеткен болатын. Оны біреу білсе, енді бірі білмеуі мүмкін. Бірақ тарихта болған дүниені өшіріп тастай алмаймыз ғой. Сол күндері Қарағандының бір топ азаматтары Қарағанды облысының 70 жылдығы мерейтойына орай Әлихан бабамыздың есімін Ленин көшесіне беру мәселесін жан-жақты көтерді. Ленин көшесінің тандалғанын бұл істі ұйымдастырушылар коммунистердің көсемінің орнына, ұлт көсемінің келуі рухани жеңіс болады деген ойдан туған еді. Сөйтіп, қоғамдық сананы өзгертуге үлкен талпыныс жасалды. Өкініштісі, бұл көтерілген іс сол кезде не билік тарапынан, не ономастикалық комиссия тарапынан қолдау таппады. Қайта «Центральная газета» басылымында тілші Анастасия Мезенцова (2006 ж. 18 қараша, № 9) Әлихан атамызға «черносотенец», «террорист» деп жала жауып, «Ленинский скандал» атты мақаласын жариялап үлгерді. Сол кезде осы мәселеге қарсы қазақ тіліндегі газет-журналдарда бірлі-жарым мақалалар жарияланды. Соның бірі сол жылғы өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетінің 5-ші желтоқсанында Қ. Ахметовтың «Ұлт көсеміне жала жабылды» деген атпен жарияланған мақаласы жұрттың көңілінен шыққан еді.

Ендеше, бүгінде ашықтан-ашық ұлт мақтанатын Әлихан Бөкейхан сияқты тұлғаның істеген істері мен қызметін әлемдік деңгейде атап өту ұлт мүддесі жолындағы істелетін істерге жаңа құлшыныс пен мүмкіндіктер беретініне біздер сенеміз. Ең бастысы, қазақ зиялыларының еңбектерін жоққа шығаратындардың үндері біржолата өшеді емес пе?

Торқалы той барысында ұлы тұлғаның ұлағатты мұрасын асқақ өресіне сай етіп, халыққа жеткізу ісі кең қанат жаюы тиіс. Қазақстан тәуелсіздік алғалы бергі уақытта Ә. Бөкейханның сан түрлі баспалардан шыққан үлкенді-кішілі жинақтарын, еңбектерін, белгісіз жатқан немесе ашылмаған дүниелерін, ол туралы жазылған еңбектерді, мақалаларды таразыдан қайта өткізіп, көп томдық жинақ қылып шығару. Бұл жинақтар көрген жанды сүйсінтетіндей баспадан шығарылып, тікелей республикамыздың барлық кітапханаларына тарту етіп таратылуы тиіс.

Сонымен, Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметінің маңызды кезеңдерін ескере отырып, ресми мемлекеттік органдардың және шығармашылық интеллигенцияның назарына келесі 2016 жылы аса назар аударатын төмендегідей ұсыныстарымызды білдіреміз:

- қазақтың зиялылары жайлы деректі фильмдерді, Алаш қозғалысына қатысты мұрағат құжаттарының жинақтарын шығара беруді жалғастыру. Әсіресе «Алаш ісі», «Алаш соты» атты құжаттар жинағына үлкен мән беру. Бұл жұмысқа тарихшылармен бірге мәселенің құқықтық жағын жан-жақты ашу үшін заңгер-ғалымдар, құқық қорғаушылар тартылуға тиіс;

- Әлихан Бөкейханды жете тану үшін әр түрлі шаралардың ішінде республикалық, аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жер-жерлерде ұйымдастыру;

- Әлихан Бөкейханның шығармаларын толықтырып, тұлғалық энциклопедияны шығаруды ойластыру;

- Әлихан Бөкейханның 150 және Алаш қозғалысының 100 жылдығы мерейтойларын мемлекеттік және жалпыұлттық дәрежеде атап өту 2 жыл мерзімді (2016 және 2017 жж.) қамту керек;

- Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы мерейтойы аясында оның жақын серіктері де ұлықталуы қажет. Елімізге белгілі тұлғалар Жакып Ақбайдың 140 жылдығы, Әлімхан Ермектің 125 жылдығы т.б.;

- Қарағанды қаласында Әлихан Бөкейханның атымен аталатын көше беру және сол көшеде оған лайықты ескерткіш орнату;

- Қазақстандағы жоғары оқу орындардың біріне (*мысалы, Қарағандыдағы Қазтұтыну одағының экономикалық университетіне*) Ә. Бөкейхан есімін беру, гуманитарлық бағытта оқитын студенттерге арналған «Алаш қозғалысы» атты элективті курсты енгізу;

- Әлихан бабамыздың атымен әр түрлі салада білім алып жатқан студенттер немесе еңбек жасап жатқан жастар үшін (оның көп жақты тұлға болғанын ескеріп) оның есімімен аталатын стипендиялар тағайындау;

- Әлихан Бөкейхан тұрған, қызмет еткен жерлерге ескерткіш тақталар, мүсіндерін орнату;

- басқа да облыс орталықтарында үлкен көшелерге және кіші қалалар мен елді мекендерде Әлихан Бөкейханға арналған ескерткіштер орнату, атын беру;

- алаштанушы Сұлтан Хан Аққұлы ұсынғандай, Ә.Бөкейханның бейнесі бар монеталар шығаруды Ұлттық банкке тапсыру, «Қазпоштаның» тұлға бейнесі бар маркаларын шығару;

- Қарағанды қаласында және көсем туып-өскен орта Ақтоғай, алғашқы саяси жұмыстармен араласқан Қарақаралы аудан орталықтарында облыстық және аудандық әкімдіктерімен, ғылыми және қоғамдық мекемелермен бірлесіп Әлихан Бөкейхан тарихына қатысты жерлерге экспедициялар және арнаулы іс-шаралар ұйымдастыру, нәтижелерін жариялау;

- барлық оқу орындарында, мұрағаттар мен кітапханаларда «Әлихан тағылымдары» тақырыбына бұқаралық лекциялар, сабақтар, дәрістер, дөңгелек үстелдер, көрмелер т.б. шаралар өткізу;

- мұражайларда, кітапханаларда Әлихан Бөкейханға және оның серіктестеріне, Алаш қозғалысының 100 жылдығы мерейтойларына арналған «XX ғасырдың қыран ұлдары» т.б. атаумен көрмелерді кеңейтілген түрде жаңа технологияны пайдалана отырып ұйымдастыру;

- Әлихан Бөкейханның өмірінен қысқаша және түсінікті мәліметтер беретін кішкентай бүлдіршіндерге арналған, арнайы түрлі-түсті иллюстрацияланған, әсемделген, сапалы түрде түптелген кітапшалар шығару;

- Ә. Бөкейханның өміріне арналған фотокітапты жарыққа шығару;

• «Алаш қозғалысына» оның тарихына байланысты мәліметтерді, оның кейіпкерлерін елімізге белгілі Ұлттық теледидар каналдары бағдарламалары арқылы көрсету, БАҚ-ына мақалалар жариялау, сонымен бірге оқулықтың ішінде ғана емес, сыртынан, тіпті көшедегі билбордтан және т.б. көрсе бірден танып айтып беретіндей деңгейге жетуіміз үшін жұмыстар жүргізу.

Әлихан ағамыздың мерейтойын ұлықтауда, әсіресе, атамекені — біздің Орталық Қазақстан облысының жұртшылығы үшін үлкен сын болары сөзсіз, сондықтан біздер бұл істе алдыңғы қатардан көрінуіміз керек.

Tonnies characterized society by antithetical traits. It is a conscious social union based on the contract and joining the members. It includes free, on their own — but may not enter. Society — the product is entirely artificial — in nature, in a natural way, it does not exist. His pose, because they see in it a certain interest. What interest? The logic of common human sense tells us that initially, at the beginning of human existence, our ancestors decided to create their own association as the need to get away from the wildness of nature, spontaneity, randomness, unpredictability, deceit, that certainly poses a great danger to human life. The Company is not based on proximity, proximity or kinship — it is based on interest. Membership in the society is associated in this case with the benefits that can be drawn from this. But the concept of interest is to be understood broadly and comprehensively. It includes material interests that form the basis of trade associations, trade unions, insurance companies, associations of solidarity; intellectual interests, which are the source of the creation of scientific associations, literary or philosophical circles, academies, art associations; moral interests, brings to life the charitable associations, temperance societies, associations, mutual aid.

But here again, we need to take into account the hierarchy of criteria in determining society. If the key criterion we call the artificiality of any public association, it should not be ignored, for example, a quantitative criterion in determining society. And then society understood as a universal association, not a society understood as a philosophical or literary circle.

It should also distinguish between the concepts of «society» and «state». For a long time in the philosophical knowledge of these concepts are not disconnected. It was only with the emergence of bourgeois relations, where social structure has become complicated, namely to develop the political sphere, in which, as we know, the key issue is the question of power in society, scientists began to share (though initially only terminology) them.

It turned out that the state is a product of society at a certain stage of its development. It occurs in the process of social division of labor, when, along with artisans, herders, traders, allocated in an isolated group of people whose profession — management.

Thus, if a society — is a historically evolving system of human relations that developed as a result of their interaction in the process of life together, the state — a means of social control.

The term «Company» is thus clearly derived from the ratio of the concepts of «society» and «community»; «Society» and «state»; «Society» and «nature». This is a human education, on the one hand inscribed in the natural reality, and, on the other hand, opposes it. This discernible specific features of social reality.

What are they? From the viewpoint of classical social philosophy specificity society in relation to the nature characterized by the following features:

- the presence of the factor of consciousness, rationality;
- hence the complex interplay of natural (natural) and artificial (culture) factors in the social organism (because man — the unity of biological and social);
- the existence of objective and subjective processes of human activity, their complex dialectic;
- availability of employment as the basis of society;
- the history of society in contrast to the natural processes made by people;
- the society to study harder than nature;
- social forecasts have a huge range of probability that distinguishes them from the forecasts of nature;
- evolutionary for a much smaller amount of time, unlike nature, dominated by the principle of cyclicity and repetition;
- limit the action of social laws in time ...

But the classical paradigm in the study of society in the XX–XXI centuries, began to lose its relevance in many of its provisions. It is found in many metaphysical, straightness, idealization, in many respects opportunistic, certain lifelessness. This is not surprising. Classical social paradigm absorbed sound facility in the knowledge society and the world as a whole. But at the turn of 19–20 centuries in all spheres of knowledge in the natural sciences, as well as humanitarian, discovered a whole new trend in the development, indicating a more complex functioning of the world of nature and society, the presence in it of factors such as relativity, subjectivity, irrationality, chance and even uncertainty. For the first time the uncertainty in the development of the world talking naturalists, scientists, when in 1927 Heisenberg was discovered the principle of the uncertainty relation in the order of the the principle of subsidiarity Bohr. In quantum physics

was the discovery of the antiproton, proving the existence of two forms of matter — particles and antiparticles. According to one of the key provisions of the new theory, we can assume probability of the existence of another world, or the anti-world, consisting of antimatter. For this discovery was awarded the Nobel Prize award to two American scientists — nuclear scientists Emilio Segre and Owen Chamberlain. This has led to fundamental changes in both the natural sciences and especially the social picture of the world. And it is even more aggravated by dramatic changes in the world of human activity caused mainly grand scientific discoveries.

In an era of scientific and technological revolution the world has changed society in many ways — its quantitative change such as the acceleration of social time with dialectical inevitably led to tremendous qualitative transformation. We are on the «threshold» completely unknown reality that frightens us greatly. For example, now it is found that nature also socialized. Due to large-scale human activities, penetrated deep into its structure, nature has changed. Now she is not the one that was up to the individual — pristine, untouched. At the same time it changed its relation with the quality of society. Unbiased confrontation between nature and society is mediated by a man, his influence on her. Nature acts so humanized material, anthropomorphic, unlike the myth, reality becomes apparent. Nature is actively involved in the human space, thus expanding the social reality. As it turns out, nature also has its own history. But more precisely, under the influence or pressure, human nature gets its own history. And now that has changed, it is in turn a completely new, unknown to us, affects society.

We live in a period of acceleration of social time, which led to a natural change in the social space. In addition, the trend of the maturing of the usual ratio of social time and space under the influence of a high level of development of information technologies (being here and now, to chat over a vast area, including past and future). This century has got a lot of epithets, these thinkers — contemporaries: «post-industrial society», «information society», «post-modern society», «postmodern society» and represents a qualitatively and quantitatively new education than we know in the history of mankind.

The term «postmodern society» was introduced in the philosophical literature of the French post-structuralism (G.Deleuze, Jean-F.Liotar, Derrida, R. Barthes, etc.). As a symbol of the state of the spiritual life of society, associated with the destruction of metanarratives (the «rules of the game» culture) that justify human life and society in general.

As you know, the twenty-first century — the era of radical changes in all spheres of human life. Age of dynamic variety of events, ups and accidents, controversial and amazing, «energy» in various senses of the word. «The twentieth century did not live by the clock, and a stopwatch ...» — sung in one of the songs. It requires maximum mobility of modern man, concentration, alertness, constant tension, change the traditional landmarks of life, breaking stereotypes — in general, innovative thinking. The reality that emerged suddenly around us, often paradoxical and absurd. There is a total break-up lifestyle, worldview. Man is in the face of the new reality, which has not had time to adapt, which in many ways seems to be alien and hostile to him, it is very difficult to comprehend everything in a timely manner.

The man «ripped» from your own life. In accelerating the time he lives or past, yearning for it and calling it often «good», or the future, laying on a large bright hope. He does not live here and now. All the time he is only willing to live. Therefore, the end perceives as a surprise.

This is reflected in the nature of relationships between people. Human life, according poststructuralists, within a pre-industrial society was a game between man and nature. At that time, people were working in small groups and were dependent on the nature. In industrial society, the nature of the machine is replaced. The main type of interaction becomes the interaction between man and man. However, this interaction does not mean communication that focuses on communication. During this communication are the only people in certain social roles. We are talking about the relationship between the subjects of society, that is a relationship with a purely practical value and not for the sake of dialogue communication. In the post-industrial society is a situation in which the length of human relationships is growing, people are carried on our life as the things and places. The thing can be thrown away and replaced with a new one. In the same way to treat people, if we consider them only as carriers of social roles. Therefore, from the point of view of the sociologist Daniel Bell of the US «people need to learn to live with each other» [2; 91].

According to the Russian philosopher T.H.Kerimov «... Architectonic modern society today is seen not one-dimensional, homogeneous, but a multi-dimensional and multi-faceted. Each of its faces is approved in his world, taking into account other possible worlds. The society has always been a heterogeneous, but now his heterogenization was not just a fact, but also an acute problem [3; 3]. In an effort to identify the modern society Umberto Eco discusses our epoch as «a new Middle Ages», Michel Maffesoli takes us into a society

of tribal type Jacques Derrida — in society «coming of democracy», Peter Drucker heralds a «new pluralistic» society». And the American futurist Fukuyama declared the «end of History and the Last Man» (compare with Marx's idea of the beginning of the true history of mankind).

As part of the classical tradition of society understand the basis of an external archetype of order — Space, God, Nature, the idea — which organizes, guarantees the stability, integrity, social functionality, staying out of the social space. Ideal of social searched in union, merger, ordering, goal-setting and expediency. It was the sociality around something in common (the history and evolution of the Company are considered linearly).

And, indeed, the first stages of its inception, the society, social relations, institutions were an attempt to jointly solve the pressing problems of the people in order to survive and improve. Recall virtuous degrees Al-Farabi, which requires a person to compensate for the limited individual human potential creation of collective social organism, promoting the achievement of universal happiness. In other words, society arose to improve human life through the order, harmony, coherence, rationalize it, which corresponded to ideas of homogeneity of society. But the further evolution of society creates a tendency to «snowball», associated with the increasing complexity, acceleration, invariance, relativization of social processes.

It is time to reverse the impact of society on the human tendency of subdual person for themselves, under the soulless machine society, a monster Leviathan. It seems that, like the nature of human society avenges stage of social progress. And as a cry of despair Rousseau sounds the famous slogan «back to nature!».

Hence, the worsening trend of striving for East Indian and Taoist wisdom to their principles of non-action, with the flight of sociality. We think that the path of human development — is the path of the infinite extremes reels from one side to the opposite, the inability to find the «golden mean», measure, moderation, to which called Confucius, Buddha, Solon and other ancient sages.

Apparatus of modern social sciences and humanities is not sufficient for the decision before us now embarked social problems. It turns out that the science used to explain society and human, but in the field of social research that was not enough, so suddenly identify the problems of conformity of the science of society within the meaning of social demands. And then I have a lot of the classical sociology, such as:

- understanding of the human community as an abstraction, driven by the utopian ideal of the projects;
- a linear view of history (hence the idea of the «end of history»);
- focus on the outer man (man in general);
- absolutisation goal-setting ideas and feasibility;
- rigid determinism;
- ignoring the problem of the quality of human life (due to rabid rationalism and constructivism);
- and many others. But this raises a new postmodern frightening trend «of inflation truth» when offset

by the possibility and the importance of social cognition in connection with the discovery of relativistic conception of truth. Hence the special importance in a holistic study of society today by general sociological and philosophical approaches. The sociological approach is largely related to the study of social structure, specific mechanisms of social development, having in the arsenal of empirical research methods, such as questionnaires, surveys, testing, interviewing. The philosophical approach to studying the society of integrity, focusing on such concepts as the goal, the driving forces, the meaning and direction of the historical process. Theoretical background of the «philosophy of society» contained in antiquity, in the «philosophy of history» (a term introduced by Voltaire), in an attempt to comprehend the essence of the early thinkers of society, its ideals and goals. This ancient historians Herodotus, Thucydides, Polybius, Plutarch. Next is Augustine, Leibniz, Vico, Montesquieu, Hegel, Schopenhauer, Spengler, Toynbee, Conte and others.

Fundamental questions of social philosophy is the question of the relationship between objective and subjective factors in the development and emergence of society. On this occasion, there have always been different views. Let's start with the extreme right opposite positions on the issue. It is, above all, on whether the story of a purely objective process, similar to the growth of a living organism, a kind of biological evolution, or whether it was deliberately constructed by people like some mechanism. In other words, the question of what society considered — an independent body, the natural continuation of the development, but at a different stage or mechanism, running man — in other words, dead or alive form.

According to the first point of view, the emergence of human society — a continuation of nature and develop it as a result of the evolution of «codes of conduct» (technological, social, cultural, moral, religious). These «rules of conduct», as a rule, no one consciously invented, but emerged as a result of a very complex process in which each step was accomplished on the basis of all previous history. The future is born past,

history is not on the subjective intentions of man. Just as a new body of an animal does not arise because the animal previously understood its utility and a new social institution more often than not created intentionally to achieve a particular goal. Proponents of this approach to the question of the origin of society and all social formations are historical materialists (historical materialism — a socio-philosophical trend that sees the primacy of objective material processes in the genesis of society, that is, push the materialist conception of history). These include, for example, is Marxist philosophy (founder Karl Marx), who saw in all social phenomena, such as the formation of the society, private property, classes, government and others in the first operation of the objective (independent from persons) material processes.

The second view argues that society is built logically people, as appropriate, on the basis of the decision in advance, based on the arbitrariness of subjective will of man power. Among the supporters of this approach include the British modern philosophy of Thomas Hobbes, John Locke, the French Enlightenment philosopher Jean-Jacques Rousseau — the author of contractual social theories, according to which private property, the state emerged on the basis of artificial agreement between people. As part of this approach, there is an idea that is quite possible, and often necessary, to ignore historical trends, popular character, value system worked out for centuries. But the decisive role played by those who possess the necessary knowledge and skills: these are the true creators of history. They must first work out a plan, and then customize the life under these plans. The whole nation is only material in their hands. As a carpenter of wood or concrete engineer, they elevate this material a new design, a scheme which had previously been developing. Obviously, with such a view between «material» and «creators» is a gulf, «creators» can not accept «stuff» as the same people (it would prevent its processing), but it is able to experience him antipathy and irritation if it He refuses to properly understand their role.

Choosing one or the other of these concepts (extreme objectivism and extreme subjectivism) — is not just a heuristic discrepancy. It largely depends on development of the ideology of the state (so now the issues of social philosophy, the problem of the state is a priority in the policy of the States). And besides, it forms two people of different psychological types. Taking the first point of view, the person feels an assistant and collaborator far exceeding his powers. Take the second — an independent creator of history, the demiurge, a little god, and in the end — a rapist. That is something this way and there is a society without freedom, no matter how democratic attributes of such an ideology nor to furnish.

Between these polar positions in solving the relation of objective and subjective produced a huge range of different paradigms in the interpretation of society.

1. The concept of organicism, when there is an identification with the biological organism of society and an attempt to explain social life biological laws (for example, the concept of social Darwinism justifying the law of natural evolution in society: the survival of the fittest.

2. The concept of geographical determinism, when the climate, geographical environment, ethnic, racial differences determine the social processes.

3. The concept of society as a product of an arbitrary agreement of individuals (Social Contract, Rousseau, Jean-Jacques).

4. Consideration of anthropological principle of society and man as part of nature (Spinoza, Diderot et al.). Beginning this principle was laid in ancient philosophy. After all, the space (for the Greek. Cosmos) — this is the whole universe, the whole world, which is opposed to the chaos its order and beauty. Greek municipality offers artists imitate nature. Greek peeping over the nature and studied her harmony, excellence and moderation. The aesthetic ideals of Greek culture: the beauty, the measure, harmony. Beauty was understood primarily as proportionality, certainty, order. The measure — is the principle source of all things, the characteristics of perfection. «Nothing in excess» — recorded on the pediment of the Temple of Apollo at Delphi. Worthy acknowledged the existence of a society, the corresponding genuine, high, unchanging human nature. In modern conditions the most comprehensive study of philosophical anthropology given Scheler.

5. The theory of social action that occurred in the 20s of XX century (interpretive sociology). According to this theory, the basis of social relations is the establishment of «meaning» (understanding) intents and purposes of each other. The main thing in the interaction between people — their awareness of common goals and objectives and the action to be adequately understood by other participants in social relations.

6. Functionalist approach (Parsons, Merton). Society is seen as a system of objective and subjective factors.

7. A holistic approach. Society is seen as an integral ring system, logical functions on the basis of both linear state management mechanism using internal energy-information resources and external coordination of certain non-linear structure (conciliar society) with the influx of external energy.

Such social concepts, trying to gain insight into the social system, to understand the mechanisms, trends in the development of society very much. Rich in their diversity suggests that they are directly linked to issues relating to the essence, nature and destiny of man, which is an open problem to this day.

Thus, we come to a very important milestone in the philosophical understanding of society. According to the Russian philosopher V.E.Kemerov, modern «social peace somehow drawn into the interaction requiring a new, multi-dimensional and yet quite specific ideas about the rules of life of the human community, about the rules by which a community can be described, possible understood and prepared for the next stages of their evolution ... one human community ceases to be an abstraction becomes a reality. And this principle to its evolution, shifting it changes the orientation of their communication and cultural, scientific and other subsystems reveals their dependence on the changes taking place with the people» [4; 7]. The scale of this interaction can not be overestimated — we enter a period of inevitable globalization. This is the application of modern times, which could not conceive of classical sociology.

This situation creates a strong incentive for the development of social philosophy. The Society specifically applied to the social philosophy when they do not know how to develop further when the prospects for development are vague when it experiences a vital need for new reforms in its functioning, in the system of social relations caused very extensive and diverse social system as a whole, ie heterogeneity . «Heterogeneous society dramatically increases demands on the philosophy that studies the social processes. Traditional methods of thinking in the face of new challenges are unsatisfactory. There is a need to overcome stereotypes in philosophy. This need is realized by changing and deepening the theoretical and methodological foundations of social and philosophical knowledge» [5; 7].

References

- 1 *Добренков В.И., Кравченко А.И.* История зарубежной социологии. — М.: Инфра, 2004. — 403 с.
- 2 *Белл Д.* Культурные противоречия капитализма. — М.: Этическая мысль, 1990. — 158 с.
- 3 *Керимов Т.Х.* Социальная метеорология. — Екатеринбург: Урал. Наука, 1999. — 160 с.
- 4 *Кемеров В.Е.* Введение в социальную философию. — М.: Аспект Пресс, 1996. — 215 с.
- 5 *Керимов Т.Х.* Неразрешимости. — М.: Академ. Проект, 2007. — 215 с.

Б.Ж.Жүсіпова

Әлеуметтік тұтастықтың атрибуттары

Мақалада әлеуметтік тұтастықты іздестіру мәселесі қойылды. Қазіргі әлеуметтік философияның көптеген дефинициялары, концепциялары, әдістері бар. Олар тіпті бір-біріне қарама-қарсы болуы мүмкін. «Қоғам», «мемлекет», «тұтастық» және олардың байланысын қарастыру қажет. Әлеуметтік танымның дұрыс әдістемесін анықтау қоғамды зерттеудегі негізгі болып табылады. Бұлар тек когнитивтік қызығушылық емес. Қоғамның тұтастығын іздестіру әлеуметтік мәселелерді шешудің бір амалы болып табылады.

Б.Ж.Жусупова

Атрибуты социальной целостности

Автор статьи ставит проблему поиска социальной целостности через адекватное понимание ее. Поэтому в современной социальной философии существует множество дефиниций, концепций, подходов в понимании общества, порой противоречащих друг другу. Необходимо иметь четкое представление о различии таких понятий, как «общество», «общность», «государство» и их тесной взаимосвязи. Определяющим моментом является выбор удачной методологии социального познания, позволяющей отразить многосложность общественной жизни, особенно современной. Все это имеет не только когнитивный интерес, вопрос о поиске целостности общества стал злободневным, как необходимость решения актуальных социальных проблем, грозящих социальными катаклизмами.

References

- 1 Dobrenkov V.I., Kravchenko A.I. *The history of foreign sociology*, Moscow: INFRA, 2004, 403 p.
- 2 Bell D. *Cultural Contradictions of Capitalism*, Moscow: Ethicheskaya Mysl, 1990, 158 p.
- 3 Kerimov T.H. *Social geteorologiya*, Yekaterinburg: Uralskaya Nauka, 1999, 160 p.
- 4 Kemerov V.E. *Exordeom to social philosophy*, Moscow: Aspect Press, 1996, 215 p.
- 5 Kerimov T.X. *Undecidability*, Moscow: Academic Project, 2007, 215.

Р.Кошенова, Ш.Қ.Уралбаева

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
(E-mail: raushankoshenova@mail.ru)*

Мәшһүр Иманжүсіптің өмірбаян деректері және шығармашылығы

Мақалада Мәшһүр Иманжүсіп Құтпанұлының тарихтағы орны, заманы мен шығармашылығына қатысты зерттеу еңбектері, тұлғаның қилы тағдыры, қазақ елінің бостандық алу жолындағы күрестердегі даралығы, артына қалдырған ән-өлеңдерінің мән-маңызын бағамдай отырып, төл әдебиетіміздің көрнекті ақын-жазушыларының мұрағат деректері, батырдың көзін көрген көнекөз тұлғалардың аузында сақталған аңыз-әңгімелердің желісімен Иманжүсіптің көркем әдебиеттегі бейнесі, өмір тарихы мен заманына қатысты жазылған көркем туындылары қарастырылды. Автордың мақсаты ел тарихындағы жарқын бейнесімен халықтың жадында қалған тұлғаның асқақ әндерін, шығармашылығын және батырлығын жас ұрпаққа насихаттау болып табылады.

Кілт сөздер: мұрағат, өмір, кеңістік, шежіре, палуан, көркем, өмір, болмыс, дәстүр, бостандық.

Әлемдегі әрбір халық өздерінің ішінен түрлі кезеңдерде дараланып шыққан ақын, батыр, әнші, ғалым және тағы басқа дарындармен рухтануы, солардың өмір жолы мен игі істерін насихаттап жас өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге талпынады. Жер бетіндегі қандай халық болмасын өзінің туған елін даңқты тұлғалары арқылы таныстыруға мүмкіндік алады. Міне, осындай қазақ халқы ішінен шыққан дарынды ақын, сазгер, сері және батыр тұлғалардың бірі және бірегейі Иманжүсіп Құтпанұлы еді.

Тұлға өмірде «сегіз қырлы, бір сырлы» адам болған. Өйткені батыр Иманжүсіп Құтпанұлы қазақ сахарасына аты Мәшһүр болған адам. Иманжүсіп елдің азаттығы үшін арпалысып өткен ежелгі әулеттің асыл нәсілі болатын. Оның атасы Тұрғанбай датқа Сіргебайұлы (1794–1850) Қоқан хандығына қарсы азаттық қозғалысты бастап шығып, Түркістан шаһарында қапияда қазаға ұшырайды. Оның әкесі Құтпан (Баймырза) Тұрғанбайұлы (1817–1914) бастан аяқ Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Ақыр соңында баласымен бірге Жетісуға жер аударылып, ұзақ жасап, айдауда жүріп өледі. XIX ғ. басында, дәлірек айтсақ, Әлім ханның тұсында (1800–1809) қалың қазақ жайлаған Сыр бойын Қоқан басып алғаны тарихтан мәлім. Хиуа хандығы Мұхамед Рахым (1806–1825) тұсында ерекше нығайып, кәдімгідей іргелі мемлекетке айналды. Осы тұста Қоқан, Хиуа билеушілерінің озбырлығына төзбеген Сыр бойындағы Орта жүзбен Кіші жүз қазақтарының 1812, 1816, 1820, 1850 жж. қанды шайқастарға шығып, бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүргені мұрағат деректерінде сақталған. Құтпан Кенесары хан әскерінің жасағында жауынгер болған, кейін 1914 ж. тұтқында жүріп Жетісуда қайтыс болған» [1], — дейді.

Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, батыр атанады. Иманжүсіп суырып салма ақын, әнші болған. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған. Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, ақыл-кеңес берген, оған өлеңдер арнаған. Патшалық Ресей империясының қысымына шыдамаған Иманжүсіп XIX ғ. аяқ шенінде Ақмолаға келеді. Мұнда да әкімдердің зорлығына, әділетсіздігіне шыдамай, оларға шығарған өткір өлеңдерін айтады. Содан жалған жаламен тағы да қуғынға түседі. 1905–1912 жж. Өскеменге, 1914 ж. Жетісуға жер аударылады. Сол жердегі Шұбарағаш, Ойжайлау, Лепсі, Қапалда тұрып, бірнеше рет жауапқа тартылған. Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал-серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, палуан атанады. Иманжүсіп суырып салма ақын, әнші болған. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған.

Ел тарихындағы жарқын бейнесімен халықтың жадында қалған тұлғаның асқақ әндерін, шығармашылығын және батырлығын жас ұрпаққа насихаттау, ұлттық рухты көтеру үшін аса қажет. Сондықтан тарихта өткен тұлғалардың соңында қалған мұралары мен өмір тарихын жүйелеу, зерттеу бүгінгі күннің талабы.

Ұлтымыздың тарихи тұлғалығын таныта отырып, Иманжүсіп жайында сыр ақтарған абзалдарымыз Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов, Жүсіпбек

Елебеков, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Александр Затаевич, Әбділда Тәжібаев, Евгений Брусиловский, Әуелбек Қоңыратбаев, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қасым Аманжолов, Ғабдол Сланов, Қалижан Бекқожин, Оралхан Бөкеев, Мұзафар Әлімбаев, Шерхан Мұртаза, Төлен Әбдіков, Илья Жақанов, Зейтін Ақышев, Оразбек Сәрсенбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Ақселеу Сейдімбеков, Қалихан Ысқақ және тағы басқалары.

Қазіргі қазақ поэзиясының көшін бастап келе жатқан Қасымхан Бегіманов, Ғалым Жайлыбай, Серік Тұрғынбеков сияқты тұлғалардың өлең өрнегіне, соны тақырыбына айналған тұлғаның бірегейі осы — Иманжүсіп.

Тар заманның нар тұлғасы Иманжүсіп Құтпанұлының өмір тарихы, заманы мен шығармашылығына қатысты зерттеу еңбектері мен көркем туынды, зерттеу мақалалары 3 кезеңге бөліп қарастырылады. Бұл кезеңді қамтитын уақыт төмендегідей:

Бірінші кезең ХХ ғасырдың басынан бастап 60-жылдарына дейінгі уақытты қамтиды.

Екінші кезең — 1960 жылдардан кейінгі уақыт.

Үшінші кезең еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытты қамтиды. Иманжүсіп Құтпанұлы 1990 ж. маусым айында толық ақталды.

Иманжүсіп Құтпанұлы туралы мұрағат деректері де, естелік материалдар да едәуір. Мәселен, Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік мұрағатында Омбы дала губернаторлығының іс қағаздары ішінде Иманжүсіпке қатысты біраз құжаттамалар сақталған. Қазақ ССР Ғылым академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорында Иманжүсіптің өлеңдері сақталған.

Батырдың өмір тарихы мен шығармашылығын зерттеудегі бірінші кезең өткен ғасырдың басынан бастап 30-жж. дейінгі уақытты қамтиды. Оған Ә.Қоңыратбаевтың [2] М.Әуезовтің, [3] А.Затаевичтің [4] А.Жұбановтың [5] жазғандары айғақ болып табылады. Бұл қатарға академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін де атағанымыз ләзім.

Фольклорист-ғалым Әуелбек Қоңыратбаев «Шиелінің халық ақындары» атты зерттеу мақаласында, «Керуен» деген атпен жарық көрген деректі әңгімелер мен естеліктер кітабында Иманжүсіп Құтпанұлының әншілік, серілік, ақындық қасиеттерін аша отырып, әңгіме желісіне айналдырады. Ал Қ.Сәтбаевтың Иманжүсіпке қатысты құнды пікірлері «Иманжүсіп» [6; 166] атты кітапқа енген. Аталған кітапта ақтандақ тұлғаның қилы тағдыры, батырдың көзін көрген көнекөз қариялардың айтқан естеліктері, сырлы да өр үнді әндері жинақталған. Раушан апайымыз ғылыми-шығармашылық жолын атасының рухына арнаған. Бұл еңбектің құндылығы, оның авторы жайлы Бағдат Ілиясова былай деп ілтипат білдіреді: «Ақындар, қолбасшылар мен батырлардың, даналар, ғалымдар, жер жинаушылар мен қазақ мемлекеттігін құрғандардың ұлы есімдері оралуда. Халайықты жинап, олардың Отанға деген рухы мен сүйіспеншілігін нығайтқандар туралы Даланың әрбір шөбінің сабағы естіді, біз үшін тым қастерлі ата-баба есімдерінің сақталғаны да сондықтан, ал біздерге, олардың ұрпақтарына, желдің не туралы ән салғанына, шөптің не жайында сыбырлағанына құлақ түріп, уақыт пен кеңістіктің аңызын буындап, түйірлеп жинау ғана керек. Мұндай еңбек кез келгенге дес бермейді, бұл адами ерлікті жасауға кез келгеннің күші жетпейді, бірақ жігер, қайрат табылса, қолдан келеді, оған сөз жоқ.

Иманжүсіптану мәселесінің алғашқы кезеңінде ән, өнер зерттеушілерінің орны ерекше. Ең әуелі А.В.Затаевич Иманжүсіптің көзі тірісінде «Қазақ халқының 1000 әні» (1925, 1963) еңбегіне оның бес әнін (№ 117, 196, 217, 758, 840) кіргізді. Қазақ тілін білмеген зерттеуші бұл әндердің нотасын жазған да, ән мәтінін келтірмеген. Иманжүсіп әндерін орындаушылардың ішінде ең атақтылары Қ.Байжанов, И.Байзақов, Қ.Байсейітов болды. Қазақ радиосының «Алтын қорынан» Иманжүсіп Құтпанұлының он үш әні табылған. Орындаушылар: Рамазан Баймағанбетов, Ғалымбек Нұрғазин, Қайрат Байбосынов, Жүсіпбек Елебеков, Мейіргүл Нұрмағанбетова, Жаппас Қаламбаев, Әмина Нұғыманова, Сматай Үмбетбаев, Айтбек Нығызбаев, Ербол Айтбаев.

Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығын зерттеудің екінші кезеңі 1960 ж. кейінгі уақытты қамтиды. Батырды ату жазасына бұйырғанда оған төрт түрлі айып тағылады. Олар: бандашайкасының басшыларының бірі, көтеріліске жан-жақты мәліметтер жинақтаған, шайқастарға қатысқан және бандашайкаға мылтығын сатты деген айыптар. Ешқандай кінәсі дәлелденбеген ақын осы айыптар бойынша атылған. Арада жиырма тоғыз жыл өткен соң, 1960 ж. 25 ақпанда Жамбыл облыстық сотының шешімімен Иманжүсіп ақталған. Бірақ оның ісімен танысуға отыз жылдан кейін ғана рұқсат берілген. Иманжүсіптің аты-жөнін, артына қалдырған әндерін айту осы уақыттан кейін басталады.

Жұмабай Орманбаев Иманжүсіптің көзін көрген, дәмдес-тұздас болған. Қаламгердің «Жұлдыз» журналында «Бір сапарға шыққанымда» деп аталатын Иманжүсіп пен Сәкен Сейфуллиннің достық қарым-қатынасы жайында мақаласы, 1972 ж. «Тұзақталған шортан» [7] атты жинақта «Үлкен аға аузынан» деген атпен әңгімелері жарық көрді. Кейін «Бір сапарға шыққанымда» деген әңгімесі «Тұғыры биік тұлға» кітабында «Аяулы аға шылауында» деген атпен басылып шықты. Бұл әңгімелерде Иманжүсіптің көпқырлылығы, адами ізгі қасиеттері суреттеледі. Сонымен бірге Жұмабай Орманбаевтың «Дала перзенттері» атты құнды қолжазба табылды. Жанры жағынан — роман, көлемі — бес жүз бет. Романға Иманжүсіптің қилы да қиын тағдыры өзек болған. Роман баспа бетін көрмеген, болашақта жарыққа шығады.

Іле-шала жазушы Зейтін Ақышевтың [8] Иманжүсіптің өмірі мен өнері жайлы жазылған романы оқырмандарға жол тартуға тиісті еді, бірақ саясаттың кедергісінен болып 1987 ж. ғана баспадан шығады. Бұған М.Әлімбаев, Р.Бердібаев, О.Сәрсенбаев сынды қаламгерлердің игі ықпалы болды. Кезінде Ә.Тәжібаев Иманжүсіп пен Қажымұқанның достығы жайында жазған болса, Ақселеу Сейдімбек 1986 ж. тың деректерді жариялады. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжолов өз өмірінде Иманжүсіп пен Құрманғазыны пір тұтып өткен. 1988 ж. «Парасат» журналында осы жайында Оразбек Сәрсенбаев көлемді мақаласын жариялады. Иманжүсіп Құтпанұлының өлеңдері ең бірінші рет «Бес ғасыр жырлайды» [9] атты қазақ поэзиясының онтологиясына енді.

Өнердегі Иманжүсіп бейнесі мен өмірдегі Иманжүсіп өмірін сабақтастыра бейнелеуге ден қойылған мақалалар көптеп дүниеге келді. Жалпы алғанда, бұл мақалаларда Иманжүсіптің даралық келбетін нақты талдау басшылыққа алынған. Кейіпкердің түр-пішінін, адами ізгі қасиеттері мен талантын сипаттау түрлі үлгіде беріледі. Кейде мақала авторлары Иманжүсіптің сырт кескін-келбетін, мінез ерекшеліктерін толық келтіреді, енді бір тұста оның бойындағы қасиеттерді екінші бір адамның көзімен бағалау — жазушы шеберлігінің бір қыры. Иманжүсіпке қатысты жазылған поэзиялық көркем шығармаларда батыр ерлік пен бостандықтың нышаны, жазықсыз жапа шеккен күрескер тұлға, бойындағы дарынын туған еліне бағыштаған сері ретінде сипатталып суреттелсе, мақалаларда ел перзенті, кемелденген жастағы асқақ тұлға, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркітті серік еткен адам ретінде баяндалады. Журналист Ж.Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан», «Аяулы аға шылауында», Ә.Тәжібаевтың «Палуан аға», Ғ.Слановтың «Сезімі өрен ақын дос», Ә.Қоңыратбаевтың «Иманжүсіп» мақала, әңгіме, естеліктері Иманжүсіпке арналады [10].

Жазушы Жұмабай Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан» және «Аяулы аға шылауында» атты мақалаларында сөз болған мәселе — Сәкен Сейфуллин мен Иманжүсіп Құтпанұлының достық қарым-қатынасы. Оқиға 1927 ж. болған. Республика астанасы — Қызылорда қаласына Ұлы Октябрьдің он жылдық мерекесіне Сәкенді іздеп Иманжүсіп келеді. Әңгімелердің мақсаты — рухы биік, ел жадындағы елеулі азаматтардың достығы мен сыйластығын көрсету. Иманжүсіптің түр-тұлғасы мен мінез қырлары авторлық баяндау арқылы беріледі. Осы тұста оның келбеті даралана елестейді: «Иманжүсіп зор, асқақ денелі кісі екен, сонан ғой дедім, шар тартқан нағыз тұлғасы кесек, жуантық емес сидалау, қапсағай көрінді. Қолмен қойғандай иегіне ғана біткен селдірлеу ұзынша сақалы, жебелі мұрты көк бурыл тартыпты. Жанары таймаған үлкен көзді, сәл шолақтау қыр мұрынды, ат жақты ашаң қара сұр жүзді байсалды да ойлы тәрізді. Ел аузында аңыз болып жүретін шежіре адамның алғашқы байқауда көзге түскен сырт көрінісі осы іспетті еді». Сол жылы Иманжүсіп алпыс жеті жаста екен. Бұл уақыттағы батырдың ермегі мен өмір серігі — ән, домбыра, жақсы ат, жүйрік ит, қыран құс. Осы сапарында олар жиналып, «Телкөл сапарына» шығады. «Үлкен аға аузынан» атты әңгімеде осы жайт сөз болады. Екі ағаның қасына Мұқажан, Әшірбек, Жұмабай деген жігіттер еріп шығады. Думанға толы сапар болады. Бірақ Иманжүсіп Қараөткелден кеткен соң өлеңді де өр мінезді де тастағанын айтады: «Ұмытылып еді ғой бұл қызық, көңіл шіркін тоқырап, басылып еді ғой, — деді сүртініп тұрып. — Сәкенжан, сол көңілді сен көтердің, басқа мәнде көтердің, семірдім, көңілім толды саған, шаршауды ұмыттым. Денеме тың күш, сезім кірген тәрізді. Жүрген-тұрғандай емес, мен де қуанып қалдым, — деп Сәкен де серги сөйледі». Иманжүсіп өмірінде кездескен жандардың ішінде ұнағаны да — Сәкен. «Иманжүсіпке Сәкен де ұнады. Жасым үлкен, өткендігім бар, ел-жұрт біледіні бұл қарттан естіп байқамайсыз. Көне қазақ Имекеннің осы мінездерін Сәкен де қымбат бағалады. Бұл да өзіне тән осы қасиеттерімен Сәкенге ұшырасқан бір ғана кексе қазақ». Осы сапардан кейінгі кездесу, той-думандарда Сәкен мен Иманжүсіп кездесіп тұрады. Иманжүсіп көп кешікпей дүние салады. «Бұдан соң да Сәкен Иманжүсіппен болған жерлерден, оны білетін адамдардан, мұрағат Имекен жөнінде көп материалдар жинаған еді. Бірақ нәсіп болмады. Сәкен Иманжүсіп жөнінде жазбақ үлкен еңбегін жарық көрсете алмай кетті». 1927 ж.

С.Сейфуллин И.Құтпанұлын Қызылорда қаласында өтетін кеңес үкіметінің он жылдық мерейтойына шақырғаны — тарихта бар оқиға.

Осы заманғы қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі драматург және белгілі әдебиет зерттеушісі Әбділда Тәжібаев [11] «Палуан аға» естелігінде Қажымұқан мен Иманжүсіп жайын сөз етеді. Ә.Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды. «Палуан аға» әңгімесі 1977 ж. «Жұлдыз» журналының он екінші санында жарияланған болатын. Әңгімеде Қажымұқанның Иманжүсіпті жоғары бағалап, құрмет тұтқаны туралы айтылады. Автор батырға былай деп баға береді: «Мәдиді айтамыз батыр деп, Иманжүсіпті де де сол сапқа қосамыз. «Екі метр бойы бар, ат шыдамайды екен астына. Қырық кісімен жалғыз өзі қамшымен ғана төбелесіпті» десеміз. Бірақ бұлар да ең алдымен ақындық, әншілікпен тарихқа кірген кемеңгер жандар. Барлық махаббаттарын, отты жүректерін, ақ тілектерін, алып қайраттарын туған халқына арнаған жандар».

*Қалың бет, бура түсті, қара нардай,
Жұп-жұмыр жуан діңгек, бойшаң нардай.
Өзге жұрт ергежейлі ол келгенде,
Айбынды жолбарысқа болар нардай, —*

деп Сәкен Сейфуллин баға берген Қажымұқан «Имекеңнің қамшысын да жеген». Әңгімеде ол оқиға былай суреттеледі: «Қояндының базары қызып жатқанда бір кесір шалға тілім тиіп кетіпті. Шал маған қамшы сілтемек болғанда, мен оны аттан жұлып алып, боз үйдің үстіне атып жіберіппін. Күлген жұрт зәресі ұшқан шалды үйден түсіріп алып, қайта аттандырып жіберіпті. Ызалы қарт сол бетімен Иманжүсіпке барыпты... Үйдей кері атының үстінде найзадай тіп-тік қадалған Имекең маған шын-ақ ашулы сияқты көрінді. Содан соң тепсіңкіреп кеп қамшымен тартып өтті. Ту сыртым сөгіліп кеткен шығар деп ем, әйтеуір аман екем. Көзім қарауытып барып әрең жығылмай құладым. Әзірейіл Имекеңнің қамшысының ұшында десетін онда жұрт. Қайда ондай ағалар, бөлек жандар еді ғой олар». Ә.Тәжібаев қаламынан туған «Палуан аға» әңгімесі сыршылдық, ойшылдығымен, оттылығымен ерекшеленсе, жазушы Ғабдол Слановтың «Сезімі өрен ақын дос» естелігі терең нәзіктігімен тәнті етеді. Қасым Аманжоловтың Иманжүсіп әндеріне жоғары баға беріп, ұйып тыңдайтыны — естелікке арқау. «Иманжүсіптің белгілі әні мен Құрманғазының «Аш бөрі» секілді сөздері ірі әнін ұйып тыңдап, ерекше бір дарқан шыққан өлең шумақтарына келгенде маз болып, қозғалақтап күлімдеп кететін. Әсіресе Иманжүсіп пен Құрманғазының үндестігі Қасымды мейлінше риза қылатын. Иманжүсіп патшаның айдауында жүргенде:

*Сарыарқаны жсайлаушы ем қаздай көшіп,
Сол бір күндер отыр зой еске түсіп.
Арғынның бар қатыны ұл туса да,
Барлығы бола бермес Иманжүсіп, —*

депті. Осыны естіген Қасым Құрманғазының «Аш бөрі» әнінде айтылатын:

*Бастан өтті жан шошыр талай майдан,
Шыққан жоқ атқан серкем терең сайдан.
Өзіммен ұлы дауға бір түсетін,
Ұл туар мендей жгігіт қатын қайда! [12] —*

деген бір сөздерін ең алғаш білгенде, ағасы базардан келген баладан артық қуанып, маз болғанын көзіммен көргем», — дейді жазушы Ғ.Сланов.

Ал Әуелбек Қоңыратбаевтың «Иманжүсіп» атты естелігінде Сыр өлкесінде болған той арқау етілген. М.Бекежановтің «Иманжүсіпке хат» дастаны негізінде жазылған. Иманжүсіптің Ерейменнен Сырдағы туғандарына келіп қосылған тойы. Бұл тарихи оқиғаны «Дара тұлға» атты мақаласында Айғали Аманжолұлы былай береді: «Негізі Иманжүсіптің Сыр еліне 1914 ж. көктемінде келген. Оның аты Сыр еліне ғайыптан туған ер, ел қысылғанда көрінген бір күшті бары болып танылады. Қобыланды қыстағында отырған оны ел ақсақалдары Сыр өлкесімен таныстыру үшін сол жылғы мамыр айында ұзақ сейілге алып шығады. Мұны сол кездегі ел «Батырдың ағайынымен көрісуі» деп те атаған. Шиеліден Ақмешітке дейін барған бұл танысу төрт айға созылып, өзінше бір той-топырға айналған. Бұл тойға бүкіл Сыр өңірі шақырылып, мыңдаған адамдар қатысқан. Сөйтіп елі атақты батыры Иманжүсіппен солай танысқан». Иманжүсіптің өмір тарихына қатысты осы дерек көркемдік сипатқа ие болып, айрықша суреттеледі. «Иманжүсіп» әңгімесінде «сұңғақ бойы екі кездей, кейкі маңдай, ұзын саусақты» батырдың «...алыстап кетіп, қайта сағына қосылған өзінің өскен тауы, ұшқан ұясына қанат жайып шүйілген сұңқар бейнесі еріксіз елестейді». «Той үстінде қалың елді

таңырқатқан жай — Иманжүсіп жайы болды. Ол жөніндегі түрлі аңыздар, оның ерекше тұлғасы, Ақмола абақтысынан қашуы, сонда салған сағынышты сазы, атасы Тұрғанбай мен әжесі Малбике жайындағы әңгімелер аңыздай өрбіді». Мәнсүр жыраудың шежіреге толы «Иманжүсіпке хат» дастаны да оқылады [13]. Иманжүсіптанудың екінші кезеңі осындай оқиғалармен айшықталды.

Иманжүсіптанудың үшінші кезеңі еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытты қамтиды. Иманжүсіп Құтпанұлы 1992 ж. маусым айында заңды жолмен ақталды. Батырдың атылып кетуінің ешқандай себепсіз екені де анықталды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ерейментауға келгенде Иманжүсіптің өлеңін жатқа оқып тұрып, бір әнін басқалардың білмейтініне реніш білдірген екен. Оны жазған Алтайдың мұзбалағы О.Бөкей еді. Қалай айтсаңыз да, «алтын пышақ қап түбінде жатпайды». Тарихи құндылықтың үлкен үлесі біздер әлі қазып, қопара алмаған уақыттың еншісінде жатыр. Ел мен жерге деген ұлы махаббаттың үлгісі бола білген «Феникс» құс секілді ұлылардың рухы бізді әрдайым жебей беретіні сөзсіз.

Дара тұлға жайлы, өмірі мен шығармашылық жолы туралы тың зерттеу мақалалары, ғылыми еңбектер тарихшылар, әдебиетшілер, өнер зерттеушілері тарапынан жазылды. Ақындар өз өлең жолдарын, жазушылар таңдаулы шығармаларын, режиссерлар кинофильмдерін, фототілшілер альбомдары мен альманахтарын арнаса, ғалымдар ғылыми еңбектерді қосты. 1992 ж. кейін түрлі дәрежедегі ғылыми-практикалық конференцияларда, әдеби кештерде баяндамалар жасалды, зерттеу еңбектері Иманжүсіпке арналып жатты.

«Иманжүсіп өнері, Иманжүсіп мұрасы, Иманжүсіп дүниетанымы мен көкжиегі зерттеуді, терең талдауды қажет етеді», — деген тарих ғылымдарының кандидаты Қайдар Алдажұмановтың пікіріне сүйенер болсақ, ел-жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін өмірін қиған «нағыз дала көкжалы» [14] Иманжүсіп Құтпанұлына қатысты телегей-теңіз мәселені зерттеп, игеру, жас буын өкілдеріне насихаттау — алдағы күннің еншісінде.

Иманжүсіп Құтпанұлының қазақ әдебиетінде сомдалған көркемдік бейнесі мен болмысы, қазақ тарихындағы қоғамдық, саяси-әлеуметтік орны қандай болды деген сұрақтарға жауапты Иманжүсіптің өмір тарихы мен заманына қатысты жазылған өлең, поэма, әңгіме, естелік, романдардан іздегеніміз абзал. Тарихи тұлға образын жасауда әр уақыттың ақын-жазушысы мен зерттеушісі мұрағат деректеріне, ел аузында сақталған аңыз-әңгімелердің желісіне сүйене отырып, шоқтығы биік көркем туындыларды, құнды әдеби шығармаларды дүниеге әкелді. Солай белгілі тұлғаның өмір шежіресін көркем туынды ретінде жинақтады. Өр мінезді, күрескер ақын, нар тұлғалы Иманжүсіп Құтпанұлының тарихи тұлғасы, көркемдік және күрескерлік бейнесін сомдауда ақиық ақындар, қара сөз шеберлері, көрнекті жазушылар образ төңірегіндегі уақиғалар, заман шындығы мен шырғалаңын өз шығармаларына, көркем туындыларына арқау етті.

Қазақ тарихы мен өнерінің бастау қайнарында тұрған сал-серілердің, ірі талант иелерінің бәріне ортақ қасиет — көп қырлылық. Балуан Шолақ, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай сынды өр мінезді өнер саңлақтарының Иманжүсіп өмірі мен өнерінде сабақтастық, үндестік байқалады. Осы тұлғаларға қатысты жазылған шығармалар соның айғағы.

Қазақ жерінде аты аңызға айналған тұлға — Иманжүсіп Құтпанұлы. Иманжүсіпке қатысты тың пікір айтқан сыншы-ғалым Тұрсынбек Кәкішев. Көрнекті ғалымның Иманжүсіпке қатысты айтылған құнды пікірін толық келтіруді жөн санадық: «Тарихта бағы жанған, бағы жанбаған тұлғалар бар. Солардың бірі — Иманжүсіп. Иманжүсіп сияқты азаматтар жалғыз ғана патша үкіметіне қарсы шыққандықтан емес, жалпы, ел азаматы, қазақтың біртуар батыр ержүрек ұлы. Оған қоса, атақты әнші, сазгер, сері. Иманжүсіптің әндерін айтпайтын, жадында сақтамаған қазақ болмаған. Ол әндерінің ар жағында туатын сұрақтар: қалай, қай кезде айтылған, кімге арналған, қай күйде шығарған, осындай әндерді жазған адам қандай болған — жауап іздемеу — бұл біздің елдігіміздің, мәдениетіміздің, дәстүріміздің дұрыстап қалыптаспағанының бір көрінісі деп ойлаймыз. Иманжүсіп сияқты адамның қазақ әдебиетінің, өнерінің тарихында рөлін жарқыратып көрсету — біздің парызымыз. Баяғыда Сәкен Сейфуллин 1927 ж. арнайы іздеу салып, Иманжүсіпті тауып, кездесіп, аса құрметтепті. Ал егер Сәкен Сейфуллин іздеп жатса, кейінгі біздер қолымызға шам алып іздеп жүруге тиістіміз ғой» [15].

Иманжүсіп күрескерлік өр үнін әндерінде танытады. Еркін жарық дүниені көруге зар болған Иманжүсіп сонда:

*Күнім қайда баяғы таңдай атқан,
Қараөткелдің көшесін дабырлатқан.
Бидайықтай ілуші ем аққу, қазды,
Жарғанат болғаным ба бұғып жатқан? [6; 95] —*

деп өлеңдетеді. Иманжүсіптің даңқы, әндері қазақ даласына кеңінен тарай бастайды. Қалың көпшілік халық оны әділетті ісі үшін күрескер жеке батыр ретінде бағалайды. Сұрапыл қайрат иесі Иманжүсіп зорлықшылардың өзіне күш көрсетуден тайынбаған. Мұрағат деректерінде оны жөнге салуға келгендердің талайы оңбай таяқ жеп, жарақаттанғаны айтылады. Оны ноян серінің өзі де жасырмайды.

*Тумай жатып өш болды маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатырлатып сабаушы ем, шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем, мынау болыс!...» [6; 108].*

- 5 Шапинова С.А. Подросток: общество и закон. — Алма-Ата: Наука, 1989. — 18 с.
- 6 Кон И.С. Психология старшеклассника. — М.: Просвещение, 1980. — С. 110–112.
- 7 Долгова А.И. Социально-психологические аспекты преступности несовершеннолетних. — М.: Юрид. лит., 1981.
- 8 Ақажанова А.Т. Девиантология: оқу құралы. — Алматы: Заң әдебиеті, 2009. — 126 б.
- 9 Иванова Л.Ю. Агрессивность, жестокость и отношение старшеклассников к их проявлениям // Проблемы личности профилактика отклонений в её развитии. — М.: Архангельск, 1993. — С. 97.

Д.А.Жансерикова

Психологические особенности несовершеннолетних правонарушителей

Статья посвящена психологическим особенностям несовершеннолетних правонарушителей. В ней дана оценка особенностям механизма преступного поведения, а также показаны причины, порождающие его и совершение преступлений в несовершеннолетнем возрасте. В подростковом возрасте дети как члены общества переходят на новую социальную позицию, которая формирует их самосознание. В статье раскрываются психологические особенности проблемы большей подверженности подростковых групп в обществе социальным, экономическим и моральным изменениям.

D.A.Zhanserikova

Psychological features of minors right of violators

The article is devoted to the psychological characteristics of juvenile offenders. It assessed the features of the mechanism of criminal behavior of minors, and also shows the causes of criminal behavior and crimes committed as minors. The author of the article points out that in adolescence the children as members of society are moving to the new social position which forms their identity. Since teenage groups in society are more susceptible to social, economic and moral changes in the article reveals the psychological characteristics of this problem.

References

- 1 Prostakova T.M. *The crisis of adolescence*, Moscow: Phoenix, 2009, p. 105.
- 2 Kulagina I.Yu. *Age psychology: the development of the child from birth to 17 years*, Moscow: URAO publishing 1999, p. 140–161.
- 3 Kazanskaya V.G. *Teenager. The problems of growing up*, Saint Petersburg: Peter, 2008, 288 p.
- 4 Obukhova L.F. *Children (age) psychology: tutorial*, Moscow, 1996, p. 188.
- 5 Shapinova S.A. *Teenager: Society and Law*, Alma-Ata: Nauka, 1989, 18 p.
- 6 Cohn I.S. *Psychology senior high school student*, Moscow: Prosveshchenie, 1980, p. 110–112.
- 7 Dolgova A.I. *Social and psychological aspects of juvenile delinquency*, Moscow: Yuridicheskaya literatura, 1981.
- 8 Akazhanova A.T. *Deviancy: tutorial*, Almaty: Zan adebieti, 2009, 126 p.
- 9 Ivanova L.Yu. *Coll. Problems of personality. prevention of abnormalities in her development*, Moscow; Arkhangelsk, 1993, p. 97.

К.С.Игембаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: Igembayeva.K_1981@mail.ru)*

Қазақ ұлтының туыстық қарым-қатынас ерекшеліктерінің ұлтық сана-сезімнің қалыптастыруына әсерін зерттеу

Мақалада қазақ отбасының ерекшеліктері және ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ролі теориялық тұрғыда сипатталған. Сонымен қатар қазақ ұлтының туыстық қарым-қатынасын анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелеріне талдау жасалған. Туыстық қарым-қатынас ерекшеліктерінің адамның ұлттық сана-сезімінің қалыптасу процесіне әсері зерттеу нәтижелерінің негізінде көрсетілген. Зерттеу әдісі ретінде сұрақнама жүргізілген. Ұлттық сана-сезім әрбір ұлт өкілінің ажырамас компоненті болғандықтан, оның қалыптасуының бір факторы ретінде туыстық қатынастар жүйесінің ерекшеліктерін алуға болады. Эксперименталдық зерттеу нәтижелері оқушылар мен ересек адамдардың туыстық қарым-қатынас ерекшеліктерін білу деңгейіне негізделді.

Кілт сөздер: қазақ ұлты, ұлттық сана-сезім, отбасы, туыстық қатынастар, салт-дәстүр, этнос, ұлттық біртектілену, нағашы жұрт, өз жұрты, қайын жұрт.

Туыстық қарым-қатынас қазақта бір-біріне қол үшін беріп, көмек көрсету тұрғысында да өзінің кең пейіл бауырмалдығымен, дархандылығымен, жомарттығымен байқалады. «Балалығыңды сағынсаң — нағашыңа бар, жігіттіңді сағынсаң — қайыңа бар» дегендей, қазақ халқының туыстық ерекшеліктері бір-бірімен байланысты үш жұрттың арасындағы қатынастардан анық көрінеді.

Отбасы қоғаммен қатар дамып, қоғаммен бірге өзгеріске түседі. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында, негізінен, басты рольді отбасындағы тәрбие атқарады. Ал қазақтардың жанұядағы ұлттық ерекшеліктеріне келетін болсақ, ол ең бірінші салт-дәстүрден басталады. Салт-дәстүр дегеніміз — халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасындағы тәрбиеде қалыптасады. Жеке адам жаңа салтты ойлап шығара алмайды немесе бұрынғы қалыптасқан салтты жоғалта алмайды [1].

Осыған орай біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты қазақтың туыстық қатынастарының ерекшеліктерінің ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына әсерін зерттеуге негізделді. Бұл мақаламызда ұлттық сана-сезімнің оқушылармен ересек адамдарда қалыптасу процесін салыстырмалы зерттеу негізінде ұсынғанды жөн көрдік.

Зерттеуіміздің өзектілігі туыстық қарым-қатынас ерекшеліктерінің, ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына әсер ететіндігін дәлелдеу мақсатымен анықталады.

Ұлттық психологияның құрылымдық белгілерінің бірі — ұлттық сана-сезім. Ол адамдардың ұлттық мүддесіне, салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, тіліне, мәдениетіне қатынастан көрінеді. Ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда қоғамның басты әлеуметтену институттарының бірі отбасының орны бөлек.

Ұлттық сана-сезім дегеніміз — өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу [2].

Ұлттық сана-сезім өз ұлтының әлеуметтік-этникалық мәнін түсіну, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлесі барын ұғыну, әрі өзге халықтармен бірдей бостандықта өмір сүруін т.б. жағдайларды жете түсіну болып табылады. Ұлттық сана-сезімнің пайда болуы халықтардың тарихи дамуының ерекше кездерімен байланысты. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында рухани-мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар үлкен роль атқарады. Ұлттық сана-сезімді әрбір топ өздігінше қалыптастырып, негізгі топтық мүддеге, мұқтаждыққа, тілегіне, талабына сай жүзеге асыруға тырысады. Ұлт өкілі алдымен өзінің сол ұлт мүшесі екендігін мойындамаса, оның барлық өміріндегі тарихи-әлеуметтік, саяси және мәдени құбылыстарына, жеріне, еліне, халық батырларына, қайраткерлеріне т.б. деген мақтаныш сезімі, қуанышы болмаса, онда шындыққа толы шынайы ұлттық сана-сезімнің болуы мүмкін емес. Себебі белгілі бір ұлттың өкілі емес адам жоқ. Соған сәйкес ол ұлттық психологиясын алдымен өз ұлтын сезінуден, оған жауапкершілікпен қараудан бастауынан қарастыру қажет [3].

Ұлттық ерекшеліктердің өзі ұлттардың табиғатымен шарттас емес, олардың дамуының тарихи жағдайларына байланысты. Ұлттық сана-сезімді ұлтшылдық көріністен ажырата білу керек. Ұлттық сана-сезім ұлттық өмірдің табиғи компоненті болса, ұлтшылдық ұлттық сана-сезімнің бұрмаланған, жалған түрі болып табылады. Адамның рухани байлығы оның ұлттық сана-сезімімен байланысты.

Қоғамның дамуының тарихи қалыптасуының барлық кезеңінде адамдардың әлеуметтік қоғамы қалыптасқан. А.Г.Харчев: «Отбасы — ата-ана мен балалардың өзара қарым-қатынасы және мүшелерінің бір-бірімен туысқандық қатынастары арқылы көрінетін нақтылы тарихи, әлеуметтік кіші топ жүйесі», — деп көрсетеді.

Халықтар өмірінің деңгейі өзгеруіне сәйкес дәстүрлер де ауысады, дамиды. Қазақ халқы: «Дәстүрдің озығы бар, дәурені өткен тозығы бар», — деп заман талабына сай дәстүрлерді дәріптеп, тәлім-тәрбиенің пәрменді құралы ретінде пайдаланып келген. Мысалы, көп жылдар бойы «діни мейрам» деген жаңсақ көзқараспен Наурыз мейрамын еліміз мүлде атаусыз қалдырып келсе, қазіргі демократия кезінде ол қайта жаңғыртылып, жалпы халық мейрамына айналды. Салт-дәстүр белгілі бір әдет-ғұрыптарымен байланыста туады. Мысалы, бала тәрбиесімен байланысты шілдехана, сүйінші сұрау, бесікке салу, сүндетке отырғызу; ал үйленумен байланысты құда түсу, жасау беру т.б. салт-дәстүрлер қазақ халқында ежелден сақталған. Мұны тұрмыс-салт дәстүрлері деп атайды. Оған байланысты әдет-ғұрыптарымен салт-дәстүрлерде халықтың арман-тілегі, ой-пікірі, келешек ұрпаққа айтар өсиеті көрініс беріп отырады.

Олардың барлығы тойларда, жиындарда, сонымен қатар туыстық қарым-қатынастарда жүзеге асырылады. Осындайда жастайынан баланы келешекке дайындайтын отбасының ролі, атқаратын қызметі өте ерекше. Қазақ халқының отбасында жастар жағына имандылық қасиеттерді дарыта отырып, тәрбие берген. Қызды құтты жеріне шығарып салу, келін түсіру, құда күту, нәрестені бесікке салу т.б. эстетикалық тәрбиенің құралы болған.

Осының бәрінде ынтымақ, кішіпейілдік пен қайырымдылық, адамдық пен шыншылдық рухын ардақтап отырған. Халқымыздың дәстүрлерінде қол алысып амандасуға ерекше көңіл бөлген. Әрбір қазақ жанұясында жас баланы сәби кезінен үлкендермен қол алысып амандаса білу дағдысына үйреткен. «Ағаңның қолын ал», — деп жатады ата-ана. Осы тәлімді ұстанған қазақ жұртында әдетте бірінші болып жасы кішілердің үлкендерге қол беру дағдысы қалыптасқан. Бұл үлкенге деген ілтипаттың, қадірлеудің белгісі.

Үлкенге сәлем беру, орын беру, жол беру, баса көктеп өтпеу, үйіне келе қалса, атын байлап, есік ашып, төрге шығарып, аттандыру сияқты дәстүрлер өмір бойы ескірмейді.

Қазақ меймандос халық, ол ең жақсы төсенішін қонағының астына төсейді, асының дәмдісін соның алдына жаяды. Қазақта «түбін білмеген — түгін білмейді» деген сөз бар. Жеті атасына дейін жазбай білетін халқымыздың айрықша қасиеті осында. Міне, сондықтан да «қазақ шыққан тегін зерделеп, отбасында балаға жастайынан бастап үйретіп, ұрпағының ертеңіне ерекше мән берген» — деп, Н. Елікбаев өз еңбегінде көрсетеді [4].

Қазақ дәстүрінде жастардың үлкендер бар жерге адуындап кіріп, асқақтай сөйлеуі сөкеттік саналады. Сырттан жасы үлкен адам кірген кезде орнынан тұрып қарсы алу, оларды атқа қолтығынан демеп мінгізу, сөйлесу, әңгімелесу барысында ізет пен ілтипат танытып отыру секілді жасы кішілерге тән әдеп салттары бар. Осы орайда ата жолын, қонақ кәдені, сыбағаны, жеңге назын, келін ізетін, күйеу мізетін, сәлем салуға, көңіл айтуға деп қойған ұл мен қыз осындай ұғымдардың тек атын ғана емес, затын да білуге талпынатынына шек келтіруге болмайды.

«Ердің де, әйелдің де өзіне тән тиісті міндеттері бар. Тиісті міндеттерін дұрыс бөліп атқарса, онда қуаныш та, өмір мәні де толық болады», — делінген Құранда. Әйелдің міндеттерінің ең қасиеттісі — бала туу, оны шыр еткеннен тәрбиелеп өсіру, жеткізу. Еркек бұл кезде тек қосалқы көмек бере алуы мүмкін. Бұл шақта анадан өзге ешкім де сәбиге қамқор бола алмайды. Сол себепті сәби сезіну түйсігі арқылы анасынан қамқорлық пен қорған табады. Ана мен бала арасындағы өте нәзік дәнекер-талшықты табиғаттың өзі қалыптастырған. Сол себепті де әйелдер өте нәзік, ер адамның қорғауы мен көмегіне зәру.

Отбасының ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда алатын орны маңызды. Ұлттық психологияның құрылымдық күрделі элементтерінің бірі — ұлттық сана-сезім. Ол қоғамдағы өз орнын түсінудің белгілі бір сатысына жеткен этникалық-әлеуметтік топтардың тарихи формасы ұлттарға тән. Э.Ренан «ұлт — адамдардың бірге өмір сүруге келісушілік тілегі» десе, Ф.В. Бромлей: «Ұлттық сана-сезім — адамдардың өз этносының қасиеті туралы көзқарасы, халықтың психикалық қоймасы мен мәдениеті көрінетін көзқарасы», — деген. Ұлт бар жерде ұлттық сезім де бар және оны құрметтеу заңды.

Ұлттық ерекшеліктердің өзі ұлттардың табиғатымен шарттас, олардың дамуының тарихи жағдайларына байланысты. Ұлттық сана-сезім дегеніміз — өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу [5].

Ұлттық сана-сезім өз ұлтының әлеуметтік-этникалық мәнін түсіну, ұлтаралық қатынастарда қандай жағдайға ие екендігін, жалпы адамзат дамуында қандай үлесі барын ұғыну, әрі өзге халықтармен бірдей бостандықта өмір сүруін т.б. жағдайларды жете түсіну болып табылады. «Ұлттық сана-сезімнің пайда болуы халықтардың тарихи дамуының ерекше кездерімен байланысты», — дейді Ф.В. Бромлей өз еңбегінде.

Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуында рухани-мәдени шығармалар, ұлттық рухани мұралар үлкен роль атқарады. Ұлттық сана-сезімді әрбір топ өздігінше қалыптастырып, негізгі топтық мүддеге, мұқтаждыққа, тілегіне, талабына сай жүзеге асыруға тырысады.

Ұлт өкілі алдымен өзінің сол ұлт мүшесі екендігін мойындамаса, оның барлық өміріндегі тарихи-әлеуметтік, саяси және мәдени құбылыстарына, жеріне, еліне, халық батырларына, қайраткерлеріне т.б. деген мақтаныш сезімі, қуанышы болмаса, онда шындыққа толы шынайы ұлттық сана-сезімнің болуы мүмкін емес. Соған сәйкес ол ұлттық психологиясын алдымен өз ұлтын сезінуден, оған жауапкершілікпен қараудан бастауынан қарастыру қажет. Ұлттық ерекшеліктердің өзі ұлттардың табиғатымен шарттас емес, олардың дамуының тарихи жағдайларына байланысты. Ұлттық сана-сезімді ұлтшылдық көріністен ажырата білу керек. Ұлттық сана-сезім ұлттық өмірдің табиғи компоненті болса, ұлтшылдық ұлттық сана-сезімнің бұлмаланған, жалған түрі болып табылады. Адамның рухани байлығы оның ұлттық сана-сезімімен байланысты.

Рухани байлық көптеген фактілерді жинап, оны ұмытпауға тырысу және сол фактілердің қандай заңдылықтарға бағынатынын білуде. Әрбір адамның рухани өмірінің байлығы оның ұлттық қадір-қасиетімен де өлшенеді. Ұлттық өзіндік сананы зерттеуде Б.Ф. Поршнева «біз — адамдардың еліктеу, еру, норма, тәртіптерді меңгеруі» десе, «олар — осы механизмдердің негізінде бір қауымның екіншісінен бөлектенуі», деп көрсетеді [6].

Сонымен ұлттық сана-сезім әрбір ұлттың ажырамас бөлігі ретінде, адамның күнделікті тұрмысында көрінетін, өз ұлтының мәдени-тарихи дамуына көзқарасын білдіретін компонент болып табылады.

Этнос дегеніміз — тарихи даму барысында құрылған адамдар тобы. Өз ұлтының пайда болуына деген қызығушылық әр түрлі формада көрінеді. Ол ұлттық біртектілік ұғымымен байланысты. Бұл ұғым XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Этникалық біртектілік дегеніміз — жеке адамның әлеуметтік біртектілігінің бір бөлігі. Оның екі компонентін бөліп көрсетуге болады. Олар: когнитивті (өз тобы туралы білімдер және сол топтың мүшесі ретінде сезінуі) және аффективті (өз тобының сапаларын бағалауы). Балада отбасында тәрбиелену барысында ұлттық біртектілік ата-анасының ұлтына, тұрып жатқан жеріне, тіліне және мәдениетіне байланысты.

Баланың бойындағы ұлттық біртектілік жасөспірімдік шақта этникалық топқа жататындығы, эмоционалдық бағалаушылығы арқылы көрінеді. Ұлттық біртектілік адамның полиэтникалық немесе моноэтникалық ортасына да қатысты. Этникалық біртектілік процесі адамның бір топтың мүшесі деп сезінуіне ғана байланысты емес, сонымен қатар топтың индивидті қабылдауына да байланысты болады. Ол адамның жүріс-тұрысында, қоршаған ортаға бағдар жасауында және бағыттылықтарында көрінеді. Д. Мид пен Г. Теджфел біртектілік этнос аралық қарым-қатынаста қалыптасады деп көрсетеді. Э.Эриксон әлеуметтік психологияда біртектілікті қарастыруда идеологияның әсері ерекше екендігін көрсетеді. Ал этнопсихологияда — біртектілікті танымдық процестерімен, таптаурындармен, бағыттылықпен және фрустрация, агрессиямен бірге қарастыра отырып, ұлттық біртектіліктің бес типін бөліп көрсеткен.

Ұлттық біртектіліктің типтеріне қалыпты, этноцентристік, этнобасымдылық біртектілік, этникалық фанатизм және этникалық индефференттік жатады.

Ұлттық сана-сезім индивидтің өз ұлтына деген қатынастарын айқындау формасы ретінде үш элементтен тұрады. Олар: а) адамның белгілі бір ұлттың өкілі екенін сезінуден; ә) сол ұлттың жетістіктерін мақтан тұтудан; б) ұлттық және өзінің ұлтқа тәндігін қадірлеу.

Адам өз ұлтының құндылықтарын, ережелерін меңгере отырып, ұлттық мәдениеттілікке көтеріледі. Сезім алдымен дара көрінетін психологиялық қалып, ол өнер арқылы қоғамданып жалпыланады, яғни ұлттық сезімнің де қоғамдануы, өнер мен мәдениет негізінде болады. Әр адам өз ұлтының мәдениетін, басқа да құндылықтарын неғұрлым тереңірек білсе, соғұрлым ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейде болады.

Ұлттық сананың қалыптасуындағы мәдениет, өнер рольдерін ашуда Л.С.Выготскийдің триадасы «сана — мәдениет — жүріс-тұрыс» туралы пікірін тіккары қалдыруға болмайды. Себебі әр ұлт өзінің ұлт болып қалыптасуында өзінің рухани мәдениеті: әдебиеті, өнері, ғылымы арқылы мінез-құлық, сана-сезім ерекшеліктерін анық көрсетеді. Қандай да болмасын халықтың өмір ұзақтығы, мәдениетінің ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ұлт бастамасы «баланың» өз мәдениетіне ену мүмкіндігімен анықталады.

Баланың тілі шыққаннан бастап, оның ой-сезімі, санасы бесік жыры арқылы қалыптасып, қанына сіңе бастайды. Өйткені бала жастайынан ауыз әдебиетінің асылдары арқылы ұлттық сана-сезімін жетілдіріп, қалыптастырады. Ұлт өкілінің әлеуметтенуі, яғни ұлттық сана-сезімнің жетілуі, оның өз ұлтының құндылықтарын ажырата білуінде көрінеді. Ендеше ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы әлеуметтік процесі барысында мәдениет арқылы жүзеге асады. Ұлт өкілдерінің рухани мәдениетті, яғни халық әндерін, ертегілерін, салт-дәстүрлерін және т.б. білу деңгейі, ұлттық сана-сезімнің дамуына әсер етеді.

Мәдениет мазмұнының әсерін өлшеуде, дәстүрдің әр түрлі элементтері: құндылықтар, ережелер, салттар т.б. негізі құрылым компоненттері алынады. Г.Тормандистің пікірінше, оны мәдени синдром деп атай отырып, бұл мәдени синдромның санасын анықтауда жеке адамның автономдық бағдары алынса, ал оның жалпы халықтық сипатын мәдени синдромның отбасына, руға, т.б. тигізетін әсерін анықтауға болады, деп көрсетеді.

Адам өз халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, әдебиетін терең білген сайын, оның ұлттық сана-сезім деңгейі жоғары дәрежеде болады. Біз оны қазақ ұлтының туыстық қарым-қатынасын анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелерін талдау барысында сипаттап көрсетеміз.

Зерттеу барысында қазақтың туыстық қарым-қатынас ерекшелігін анықтау сұрақнамасын оқушылар мен ересек адамдарға жүргіздік. Бұл зерттеу оқушылар мен ересек адамдардың қазақтағы туыстық қарым-қатынастардың ерекшеліктерін білу деңгейін, яғни білімдерін анықтау мақсатын, қояды.

Сұрақнаманың жауаптарын балдық көрсеткіштермен белгілеп, соңынан контент-талдау әдісінің көмегімен пайыздық (%) көрсеткіштерін есептедік.

Нақты сұрақнаманың нәтижесіне жүгінсек, екі топтың да білім деңгейлері өте жақсы деген көрсеткішті көрсетті. Нәтижесінде оқушылар сұрақнамаға жауап беруде өз жұртының туыстық қатынастары бойынша 30%, нағашы жұрты бойынша 50 %, ал қайын жұрт бойынша 20% білім деңгейлерін көрсеткен. Ал ересек адамдар өз жұртының туыстық қатынастары бойынша 50%, нағашы жұрты бойынша 30%, қайын жұрты бойынша 20% білім деңгейлерін көрсеткен (кестені қара.).

К е с т е

Оқушылар мен ересек адамдардың қазақтың туыстық қарым-қатынастары бойынша білім деңгейлері

Топтар	Нағашы жұрты, %	Өз жұрты, %	Қайын жұрты, %
Оқушылар	50	30	20
Ересек адамдар	30	50	20

Оқушылардың үш жұрт бойынша, анасы жақтан туысатын нағашы жұртының туыстық ерекшеліктерін 50%-ы біледі екен. Бұл олардың немере мен жиеннің айырмашылықтары, жалпы жиен деп кімді айтады, «нағашылап келу», «қырық серкешті алу» деген не, неліктен «ерке жиен» деп атаудың жауаптарын жақсы білетіндіктерін көрсетеді. Нағашы туысқандарының ішінен, әсіресе нағашы ағалары мен бөлелерін жақсы көретіндіктері, нағашы туысқандардың «қырық серкешті» бөліп беруі, еркелету, бетін қақпай, айтқандарын орындауымен байланыстыруға болады. Ал өз жұрты бойынша, яғни әкесі жағынан туысатын, туыстық ерекшеліктерді 30%-ға білетіндіктерін көрсетті. Бұл немере туысқан деген кім, жеті атаны білудің мақсаты, шөпшек пен туажат туралы түсініктері жайлы білулерін көрсетеді. Ал қайын жұрттың туыстық ерекшеліктерін 20%-ға білулерін, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, яғни қайын жұрттары әлі болмағандықтан, жалпы елестетулері бар екендігі, білімдерінің аз деңгейлілігімен түсіндіруге болады.

Қазақтың туысқандық қарым-қатынасының ерекшелігін анықтау сұрақнамасын оқушыларға жүргізу барысында барлығы өте жақсы білім деңгейін көрсетті. Орта көрсеткіш 83%-ға тең болды. Туыстық қарым-қатынас қазақта бір-біріне қол ұшын беріп, көмек көрсету тұрғысында өзінің кең пейіл, бауырмалдығымен, дархандылығымен, жомарттылығымен айқын байқалады. Оқушылардың

туыстық қарым-қатынаста, мәселен, енші беру, нағашылап келу, үлкендерді қадірлеу, жеті атаны білу, әр туыстың орнын, кімнің қалай туысатынын білу, олардың ұлттық әлеуметтену деңгейінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді. «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» дегенді халық тегін айтпаған. Аға мен қарындастың арасында болатын ерекше туысқандық сыйластықты, жеңге мен қайынының арасындағы сырластықты оқушылар көрсеткен. Туыстық қатынасы жақын нағашы жұртының ішінен ерекше бөлелерін жақсы көріп, нағашы атасы мен әжесіне, үлкендерге деген сый-құрмет, нәзік ілтипат, кішіге деген қалтқысыз қамқорлық лебі, оқушылардың қазақтың туыстық қарым-қатынастарына ерекше мән беретіндіктерін және ұлттық әлеуметтену деңгейінің жоғарылығын көрсетеді.

Ересек адамдардың әкесі жағынан туысатын өз жұртының туыстық ерекшеліктерін 50%-ға біледі екен. Бұл адамдардың жеті атаға толмаған жағдайда бір-бірімен қыз алыспау, жеті ұрпақты білу, «немеурін» немесе «үме» деген не, аға мен қарындастың қарым-қатынас ерекшеліктерін білулерін, туысқандарының ішінде үш жұрттан өз жұрттарын жақын тұтатындықтарын көрсетеді. Ал анасы жағынан туысатын нағашы жұртының туыстық ерекшеліктерін 30%-ға біледі екен, яғни, жиен, бөле, нағашы аға, нағашы апа туралы білімдерінің бар екендігін көрсетеді. Ал қайын жұртының туыстық ерекшеліктерін 20%-ға біледі екен. Ол үлкен адамдардың құда, құдағи, балдыз, бажа, күйеудің сыбағасы жайлы білімдерінің бар болғанымен, жақын тұтпайдындығымен, алдыңғы қатарларға қоймайтындығымен түсіндіруге болады.

Қазақтың туысқандық қарым-қатынасының ерекшелігін анықтау сұрақнамасын ересек адамдарға жүргізу барысында барлығы өте жақсы білім деңгейін көрсетті. Орта көрсеткіш 87%-ға тең болды. Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұртының туыстық ерекшелігін білу мақсатында қойылған сұрақтарға толығымен жауап берген. Шаңырақты ұстап қалатын кенже бала, қадірлі адам — үлкен аға, аға мен қарындас арасындағы сыйластық, қайыны мен жеңгесінің арасындағы қарым-қатынас, бөле, жиен, абысындар, бажалар, күйеудің сыбағасы, қайын жұртқа қатысты туыстық қатынастарды білулерін, біріншіден, ересек адамдардың жас ерекшеліктеріне сай барлығының отбастарының болуымен, екіншіден, ұлттық әлеуметтену деңгейінің жоғарылығымен байланыстыруға болады. Халқымыздың ғұрпы бойынша келіндердің күйеуінің туыстарына ат қою, жиендердің «қырық серкешті алуы» нағашысына еркіндігін, еркелігін білдіреді, «сүйек жаңғырту» салтын білулері т.б. халқымыздың тұрмысындағы ғасырлар бойы бұлжымай қалыптасып келген дәстүрлердің әлі де ұмытылмағандығын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, егер біз отбасында ұлттық сана-сезім гүл шашқан әрі жеміс беретін ағашқа айналуын қаласақ, онда оны ұлттық топыраққа, мәдени көректік ортаға отырғызуымыз керек. Сонда ғана оның тамыры ұлттық сана-сезім, ал ұшар басы туыстық қарым-қатынастардың кеңінен дамуына мүмкіндік береді. Бұдан халқымыздың ұлттық рухы көтеріліп, ұлттық сана-сезім өз дейгейіне жете бермек деген ойдамыз.

Әр адам өзінің өмір жолында халқының құндылығын, бағыт-бағдарын дәріс етіп, атадан балаға мұра ретінде қалдыра береді. Сөйтіп, әр ұлт өкілінің әр адамның рухани, мәдени байлығы, ұлттық сана-сезімі өсе береді.

Қорыта келгенде, қазақтың туысқандық қарым-қатынасының ерекшеліктерін оқушылар да, ересек адамдар да өте жақсы деңгейде білетіндіктері, сонымен қатар үш жұрттың ішінен оқушылардың нағашы жұрттың, ал ересек адамдардың өз жұртының туыстық ерекшеліктерін жетік білулері, ұлттық әлеуметтену деңгейінің жоғары дәрежеде екендігін көрсетеді. Ал бұл өз мәнінде ұлттық сана-сезімнің қалыптасқандығын білдіреді деп айта аламыз.

Біз алдағы зерттеу жұмыстарымызда тақырыбымыздың мақсатына сәйкес, қазақтың туыстық қарым-қатынас ерекшеліктерінің, оның ішінде жаңсақ нанымдардың да ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына әсер ететіндігін эксперименталдық тұрғыда зерттеуді жөн көріп отырмыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Штейнталь Л., Лацарус С. Мысли о народной психологии. Основы этнической психологии / Под ред. А.О.Боронаева. — СПб., 1991. — С. 105.
- 2 Бромлей Ю.В. Этнос и этнография. — М.: Наука, 1983. — С. 107.
- 3 Джакупов С.М. Теоретические и прикладные проблемы социализации личности. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2000. — С. 86.
- 4 Елікбаев Н. Ұлттық психология. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 35-б.

- 5 Джандильдин Н. Природа национальной психологии. — Алматы, 1981. — С. 88.
- 6 Поршнев Б.Ф. Принципы социально-этнической психологии. — М.: Наука, 1987. — С. 123.

К.С.Игембаева

Исследование влияния особенностей родственных взаимоотношений казахского народа на формирование национального самосознания

В статье дан теоретический и практический анализ родственных отношений казахского народа. Основная проблема исследования — формирование национального самосознания через родственные отношения. Приведена оценка особенностей казахской семьи и показана ее роль в формировании национального самосознания. В экспериментальной части дается полное описание проведенного исследования. В качестве инструментального материала использовался опросник, вопросы которого направлены на изучение влияния особенностей национальных родственных отношений. Результаты экспериментального исследования ориентированы на уровень знания о родственных отношениях и учеников, и взрослых людей.

K.S.Igembayeva

The research influence of features of related relationship of the kazakh people, on formation of national consciousness

Article on the subject «Research Influence of Features of Related Relationship of the Kazakh People, on Formation of National Consciousness» opens the theoretical and practical analysis of this problem. As the main problem of research the problem of formation of national consciousness, through the related relations is considered. In it the assessment of an osobennosteykazakhsy family and a role in formation of national consciousness is given. In experimental part the complete description of the conducted research is given. As tool material the author's questionnaire was used. Questions of the questionnaire are directed on studying of influence of features of the national related relations. This perspective has the practical and theoretical importance today.

References

- 1 Steintal L., Lazarus S. *Thoughts about folk psychology. Fundamentals of ethnic psychology*, edit A.O.Boronaev, Saint Petersburg, 1991, p. 105.
- 2 Bromley Yu.V. *Ethnos and Ethnography*, Moscow: Nauka, 1983, p. 107.
- 3 Dzhakupov S.M. *Theoretical and applied problems of socializati personality*, Almaty: Kazakh University publishing, 2000, p. 86.
- 4 Elikbaev N. *National psychology*, Almaty: Kazakh University publishing, 1992, p. 35.
- 5 Jandildin N. *The nature of national psychology*, Almaty, 1981, p. 88.
- 6 Porshnev B.F. *Principles of social and ethnic psychology*, Moscow: Nauka, 1987, p. 123.

N.K.Magzumova¹, S.Benčič², Zh.M.Tentekbayeva¹

¹*Ye.A.Buketov Karaganda State University;*

²*Pan-European University, Bratislava, Slovakia
(E-mail: bencic77@gmail.com)*

Professional thinking of psychologists in the studying of the subject of psychology

Actual and important problem of specialists-psychologists training is purposeful and systematic formation of their professional features of mental activity. Today the problem of purposeful formation of professional thinking of psychologists isn't formulated as one of priority in high school preparation. In this article the problem of psychological science in theoretical and practical aspects of formation students- psychologists' professional thinking which considerably define success of their activity in the future is considered. Actually it is links of one chain, between them there is an internal connection which can't be understood, considering these manifestations separately, alone. Thus, an actual and important problem of training of specialists-psychologists is a purposeful and systematic formation of their professional features of mental activity.

Key words: professional thinking, representations of knowledge, mental activity, valuable and semantic relation to psychology, psychodiagnostics, analytical-synthetical activity, cause and effect relations, professional activity.

Reflections about the subject of psychology are important in connection with a question on which decision in many respects depends further progress of psychological science, both in theoretical, and in practical its aspects, this is the question of thinking of the psychologist: what it must be to provide successful knowledge of various psychic reality which makes an essence of his work. Connection of these two questions — theoretical-methodological about the subject of psychology and practice-oriented about specifics of the professional thinking of psychologist is obvious since it is clear that the thinking of the learning subject has to correspond to the reality learned by him [1; 26].

The problem of professional thinking of experts of various profiles started being studied actively from the second half of the XX century. Such scientists as B.F. Teplov, V.A. Chebysheva, A.A. Batalov, Z.A. Reshetova, E.A. Klimov, D.N. Zavalishina, K.M. Romanov, etc. in their works tried to open essence of this phenomenon and to analyse structure and specifics of its functioning. Specifics of professional thinking are in many respects caused by features of professional activity in general, and also those tasks which the expert should solve in the course of its performance. The greatest interest for us represents professional thinking of the psychologist.

The huge attention to a problem of formation of psychological thinking and vocational training of psychologists in the works is given by K.M. Romanov. He considers that in psychology the complete concept of psychological training of students isn't developed yet. The traditional approach to the solution of this problem dominating in the modern education system is focused, mainly, on formation of knowledge, skills which are certainly necessary for future expert, however aren't sufficient for statement and the effective solution of possible psychological tasks. Researches of the author show that the most widespread methodical forms of teaching psychology are the lecture, seminar and laboratory researches which don't allow to form fully psychological thinking and scientific knowledge. Student's knowledge forming in the course of such lessons is not scientific, but everyday, not really acting, but formal, not generalized and abstract, but narrow according to the contents and attached to concrete situations. As a result, students aren't capable to allocate the corresponding mental phenomena in the conditions of real practice [2; 112–134].

The significant contribution to development of this problem was made by such scientist as A.A. Gopkalo who allocated the following characteristics of professional thinking of the psychologist: practical orientation, communication with the emotional sphere, strong-willed and cognitive processes, flexibility, ability to allocate essential, interaction of figurative and conceptual components. A.A. Gopkalo notes that the formation of certain types and forms of thinking are of great importance for professional activity of the psychologist. As the author notes: «... level of their functioning can be the factor which defines degree of readiness, formation of the expert, possibility of forecasting of his professional development».

Considerable scientific interest causes studying not only different types and styles of professional thinking of the psychologist, but also a subject of this thinking. G.S. Abramova, being guided by the cultural and

historical theory of L.S. Vygotsky, as such subject allocates the psychological reality recorded in its qualitatively specific characteristics and available to possible influences and self-influences, moreover possible: «when activity of the person is read as the text — mental manifestation as the text». Reliability of thinking of the psychologist is defined by the contents in it the scientific concepts allowing to enter complete characteristics of the subject, to fix, describe them, and also to influence them, distinguishing new properties.

S.V. Petrova, considering concept as the main unit of the analysis of professional thinking, marked out distinctive feature of psychological and pedagogical concepts: big degree of generality which is shown in tendency of the psychologist to allocation of the generalized characteristics of object. Psychologists apply patrimonial transformation as a way of an operationalization of concepts. In practical activities psychologists apply the attributive generalized transformation of concepts characteristics of the pupil and transformation in terms of the generalized actions — attempts to generalize properties and actions of the defined object. Psychologists are inclined to analyze situations of professional activity by their generalization.

On the basis of the concept of theoretical thinking and substantial generalization by V.P. Andronov approach to formation of students' professional thinking was developed. The author pays much attention to a problem of a goal formation, a problem definition, planning and forecasting in the structure of professional thinking. Educational activity of students on practical lessons is based as construction and the stage-by-stage decision of system of the professional tasks representing situations of professional reality. The solution of these tasks allows future experts to seize the main components of theoretical thinking [3; 159–178].

The base of psychological education is made by general psychology which is studied at first as «Introduction to psychology», then in the form of profound study of its main sections one of which makes the theme «Thinking». The considerable part of materials is studied at seminars. Students seize empirical methods of research of thinking in practical works. Since a third year students specialize in primary branches of psychological science: psychology of work, age, pedagogical, medical, social psychology, psychophysiology. The general psychology also represents special area of specialization of students. Thus, the theme «Thinking» is considered as it were in four different aspects: 1) as the section «Introduction to Psychology», 2) as the section of the systematic course «General Psychology», 3) as the section of branch courses (in courses of «Pathopsychology» and «Neuropsychology» the question of thinking pathology is considered, «The age psychology» — a problem of ontogenetic development of thinking), 4) as an area of specialization in the general psychology. In other words, «thinking» as a teaching subject (and scientific researches) is rather differentiated now. This manual is focused first of all on the second of the listed aspects of consideration, but can partially be used and within the fourth aspect.

The thinking arises as the process included in life activity, while developing it turns into rather independent activity having the motives, the purposes, the ways. By means of thinking one of levels of mental reflection including both conscious, and unconscious components is provided, thinking as activity is regulated by these reflections. Activity is always developed in time, it procedural therefore it is impossible to oppose characteristics as mental process and as activity. Products of thinking enter that integrated education which A.N. Leontyev called «image of the world», and at the same time make its qualitatively peculiar component. The thinking is included in communication, it makes a necessary component of impact on other person, acts of communication, is included in processes of interpersonal knowledge. The thinking can take the form of joint activity. At a certain stage of development of people it is capable to mental communication (to «playing» of the interactions with other people in the intellectual plan). The thinking of the person is personally caused the same as it is caused also by his individual features. The thinking is a necessary component of reflection of the personality and itself becomes an object of this reflection. Problems development of psychology of thinking in structure of primary branches of psychological science (differential psychology, psychophysiology, psychology of work, management, social, age, pedagogical, medical psychology) demands the special analysis [4; 480].

We will consider as this theoretical representation is connected with a practical question of formation of students-psychologists' professional thinking considerably defining success of their activity in the future, and by what features it has to be characterized.

One of the possible answers consists in that the good psychologist has to own the sufficient volume of professional knowledge, skills. However only existence of knowledge doesn't guarantee achievement one of the main goals of professional activity of the psychologist — finding (understanding) of the valid reason of this or that psychological phenomenon, act of the person or his behavior in general.

Other answer consists that for increase of efficiency of psychologists' professional activity it is necessary to provide with sufficient amount of the perfect psychodiagnostic means, characterized by high resolu-

tion ability. However it won't be a cardinal solution as now the psychodiagnostics reached such stage when only the increase in quantity of techniques or their improvement can't already provide significant improvement of psychologists' professional activity.

B.S. Bratus and A.N. Zhdan note that «... the profession of the psychologist should be seized not as skill, a set of abilities, private views, but as knowledge type» [5; 175]. Professional features of thinking of the psychologist are caused, first of all, by need of understanding of the internal mechanisms and laws of development hidden from direct supervision as persons in general, and separate mental processes and conditions of the person, emotional experiences, the relations, interests, the reasons of emergence of various psychological problems. Watching external data of behavior of the person in various situations, comparing these or those characteristics of the activity which is carried out by it, revealing connections between separate psychological indicators, the psychologist carries out own hardest analytical-synthetical activity directed, eventually, on understanding of an inner world of other person. Without having established such connection, without having understood the true reason of this or that problem of the person, the psychologist won't be able to help him effectively, so, his professional activity will be unsuccessful. Thus, an actual and important problem of training of specialists-psychologists is a purposeful and systematic formation of their professional features of mental activity.

In the professional activity the psychologist directly deals with observed symptoms, external behavioural indicators, on the basis of studying, comparison, interpretation of which he has to take out the judgment about some psychological phenomenon, its reasons which don't yield to direct perception. Thus, it operates with two components of object psycho-diagnostic testing — external (visible) and internal (invisible) which have to be in the field of his professional consciousness at the same time.

From the methodological point of view, professional activity of the practical psychologist with need is based on the following essentially important provisions stated by L.S. Vygotsky and S.L. Rubenstein: about lack of direct, mirror coincidence of essence of things to its manifestation and about existence at the same time internal and external unities; about impossibility of automatic establishment of the real reason of this or that phenomenon only on the basis of studying of externally observed manifestations; about need of cognitive processing of external, behavioural data taking into account their system communication with the psychological processes proceeding at the level hidden from direct supervision for penetration into internal essence of mental processes [6; 200].

According to these provisions, the practical psychologist, analyzing visible manifestations, builds the mental hypothetical two-level construct including multiple theoretically possible cause and effect relationships between concrete external manifestations and their psychological reasons, recreating, thus, several possible and at the first stage of psychodiagnostic process of still equiprobable options of the developed internal psychological picture. If ratios between external indicators of any mental act and its internal psychological nature would be mirror, then, as noted S.L. Rubenstein, the psychological knowledge would be excessive. In reality there is a polysemy of such ratio therefore, considering probabilistic character of causal relationships between external manifestations and the developed internal conditions. There must be several theoretical reasonable options of an internal picture: the more are they, the higher is the probability of that the reason which really caused it also will get to number of the hypothetical reasons of this concrete psychological phenomenon.

Thus, the main professional objective of the practical psychologist defining requirements to its mental activity consists in ability to construct such hypothetical two-level construct. For this purpose it is necessary, first, from the external level containing various behavioural manifestations flexibly to pass to the internal (causal) level (direct prospect); secondly, to be capable to operate with this construct. For this purpose it is necessary not only to recreate mentally internal structure of the mental phenomenon, but also to be able from internal to pass to external (in the return prospect), thus, expecting those concrete difficulties which can arise at the subject at the behavioural level at insufficient development or incorrectly developed system and structural organization of these or those mental processes.

As condition of success of the practical psychologist' activity also acts integrity and structure of his professional knowledge: how quickly and adequately to the challenge will be carried out the selection from all set of his professional knowledge of those fragments which then are synthesized in a theoretical basis of the solved problem [7; 30]. In researches of psychologists connection of intelligence of the leader with efficiency of his activity is considered especially often. Researches speak about special efficiency of the manager able to create the atmosphere of motivation, the leader possessing experience who is able to improve the relations with the higher administration and subordinates. Also it is indicated other side of intelligence —

practical intelligence, that is the work directed on the solution of practical tasks. The assessment of professional thinking of psychologists as differentially-integrated can be carried out on a number of internal and external indicators. To the number of internal indicators are referred:

1. Representation clearness in consciousness of the psychologist of two hierarchical levels of psychological space — external, containing various behavioural, motive, verbal indicators, and internal (invisible) on which mental processes proceed, lack of functioning of which are the reason, for example, of these or those educational difficulties and features of behavior.

2. Ability to make randomly and flexibly transition from one level to another, i.e. ability to carry out free transition from the analysis of external indicators, characteristics, signs, various manifestations of a mental state to analytical-synthetic consideration of their possible psychological reasons and back.

3. Clearness and sensibleness of implementation of purposeful mental process, beginning with the objectively set starting point formulated in inquiry at clear representation in consciousness of border between two levels.

4. Stability, flexibility and generality of the cogitative operations connected with the analysis and synthesis of psychological knowledge of external manifestations and the internal reasons of this phenomenon.

Systemacity of thinking of psychologists. Other essential characteristic of professional thinking of psychologists is its systemacity. Formation of system thinking the most important problem of modern education. To think systemically means to consider real object as multidimensional whole taking into account a set of the determining factors, being guided thus mainly by probabilistic statistical regularities, to be able to synthesize knowledge from various areas, firmly relying on fundamental knowledge and regularities [8; 85].

Systemacity of professional thinking of psychologists is based on clear understanding of that various externally observed indicators of behavior and activity can be different, externally not connected manifestations of the same features of psychological processes and qualities. As a rule, accident and episode of these manifestations only the seeming. Actually it is links of one chain, between them there is an internal connection which can't be understood, considering these manifestations separately, alone. Otherwise it leads to their various interpretations [9; 200]. Only having united these manifestations in a certain system of the cause and effect relations in which this phenomenon is included and within which it is realized, it is possible to establish by theoretical reflections the internal psychological features which are an immediate cause of these various external manifestations. For the formation of qualities of the psychologist the manager needs to know the psychological features of the person which help to understand people, adequately to estimate their condition, mood, behavior and psychological barriers, obstacles which disturb the correct perception and an assessment of other person. He has to be able to choose in relation to everyone such form of communication which would answer his specific features, follow rules of etiquette, as a sign of respect for himself and to the people surrounding him.

Today the problem of purposeful formation of psychologists' professional thinking isn't formulated as one of priority in high school preparation. Therefore in the course of teaching students' professional thinking is formed obviously insufficiently. Only with accumulation of experience of psychological work the thinking of the expert in a varying degree gets the demanded professional qualitative characteristics. The empirical data which were received during the studying process of the decision by practical psychologists formation of diagnostic tasks as one of the type of their professional activity, and also results of supervision over features of course of students- psychologists' mental activity in the process of their vocational training testify to it.

